5. Азильханов, А. М., Нечаева, Е. Л., Сыдыкназаров, М. К., Жусупова, А. С., Пивоваров, Е. И., и др. (2024). *Этнополитология: Учебное пособие для магистрантов высших учебных заведений*. ЕНУ им. Л. Н. Гумилева

Reference list:

1. Tokayev, K.-Zh. (2024, April 26). Speech by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the XXXIV session of the Assembly of the People of Kazakhstan. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-hhhiv-sessii-assamblei-naroda-kazahstana-2435140>
2. Sadykov, S. (n.d.). Kazakhstani journalism: The national idea [Conference paper]. <https://esa-conference.ru/wp-content/uploads/files/pdf/Sadykov-Sejdulla.pdf>
3. Rubtsova, V. (2019). Digital media as a new means of mediation. *Cultural-Historical Psychology*, 15(3), 117–124. <https://doi.org/10.17759/chp.2019150312>
4. Schensnovich, V. N. (2021). The influence of mass media of Kazakhstan on the ethnopolitics of the Republic. Russian Institute of Mass Communications. <https://doi.org/10.31249/rimm/2021.01.03>

5. Azilkhanov, A. M., Nechaeva, E. L., Sydyknazarov, M. K., Zhusupova, A. S., Pivovarov, E. I., et al. (2024). Ethnopolitology: A textbook for master's degree students of higher educational institutions. L. N. Gumilyov ENU.

Сведения об авторе, ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта) **Мыскина Александра Евгеньевна** - Магистрант 2 курса образовательной программы 7М03109 - «Этнополитология». Кафедра «Ассамблея народа Казахстана». ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кафедра Ассамблеи народа Казахстана. Астана, Казахстан, sashonokm@gmail.com

**ФИЛОСОФИЯ
ФИЛОСОФИЯ
PHILOSOPHY**

FTAXP: 02.91.09

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

Спанов М.Ж.*, Оразбек Н.Б.

философ.ф.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ОРНЫ

Автор-корреспондент: meir_filosof27@mail.ru

Түйін. Бұл мақалада түркі философиясының әлемдік философия кеңістігіндегі орны мен маңыздылығы қарастырылған. Зерттеу барысында көне дәуірдегі Тәңірлік дүниетанымынан бастап ортағасырлық ойшылдар мұрасына дейінгі рухани-танымдық ілімдердің эволюциясы қарастырылады. Түркі дүниетанымының адам мен табиғаттың үйлесімді тұтастығын тануға негізделгендігі және билік пен моральдың бірлігін сақтау қағидасы көрсетіледі. Түркі философиясының тек аймақтық мәдени феномен ғана емес, бүкіләлемдік рухани мұра екендігін Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи сынды ойшылдардың еңбектері арқылы біле аламыз. Сонымен қатар, мақалада түркі философиясының қазіргі кезеңдегі жаһандық құндылықтары және бүгінгі заман талаптарымен үндестігі, жаһандық құндылықтар дағдарысы жағдайында адамзатқа жаңа рухани бағдар ұсына алатын әлеуеті атап өтіледі. Қазіргі әлемде философиялық ой-пікірдің рөлі тек академиялық салада ғана емес, әлеуметтік және мәдени өмірде де артып келеді. Түркі философиясы өзінің тарихи сабақтастығы мен рухани тереңдігі арқылы адамгершілік, әділет, толеранттылық сияқты құндылықтарды насихаттай алады. Ол қазіргі заманның күрделі мәселелерін шешуге бағытталған дүниетанымдық негіз болып, мәдениаралық диалогты дамытуға үлес қосады.

Кілт сөздер: Түркі философиясы, әлемдік философия, түркі өркениеті, жаһандық мән, Ясауи ілімі, мораль, әділет, рухани мұра, құндылықтар

MPHTI: 02.91.09

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

Спанов М.Ж.*, Оразбек Н.Б.

к.философ.н., доцент. ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистрант. ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

МЕСТО ТЮРКСКОЙ ФИЛОСОФИИ В МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ

Автор-корреспондент: meir_filosof27@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются место и значимость тюркской философии в мировом философском пространстве. В ходе исследования прослеживается эволюция духовно-познавательных учений - от древнего тенгрианского мировоззрения до наследия мыслителей средневековья. Показано, что тюркское мировоззрение основывается на понимании гармонического единства человека и природы, а также на принципе сохранения единства власти и морали. Мы можем увидеть, что тюркская философия является не просто региональным культурным феноменом, но и всемирным духовным наследием, опираясь на труды таких мыслителей, как аль-Фараби, Жусип Баласагуни и Ходжа Ахмет Ясауи. Кроме того, в статье отмечается, что тюркская философия в современный период обладает глобальными ценностями и созвучна требованиям сегодняшнего времени, а также имеет потенциал предложить человечеству новую духовную ориентацию в условиях глобального кризиса ценностей. В современном мире роль философской мысли возрастает

не только в академической сфере, но и в социальной и культурной жизни. Тюркская философия благодаря своей исторической преемственности и духовной глубине способна пропагандировать такие ценности, как гуманизм, справедливость и толерантность. Она служит мировоззренческой основой для решения сложных проблем современности и способствует развитию межкультурного диалога.

Ключевые слова: тюркская философия, мировая философия, Тюркская цивилизация, глобальное значение, учение Ясави, мораль, справедливость, духовное наследие, ценности

IRSTI: 02.91.09

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

Spanov M.Zh.*, Orazbek N.B.

candidate of Philosophical Sciences, docent. M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master's student. M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

THE PLACE OF TURKIC PHILOSOPHY IN WORLD PHILOSOPHY

Corresponding-author: meir_filosof27@mail.ru

Abstract: This article examines the place and significance of Turkic philosophy within the global philosophical sphere. The study traces the evolution of spiritual and cognitive teachings — from the ancient Tengrian worldview to the legacy of medieval thinkers. It is shown that the Turkic worldview is based on the understanding of the harmonious unity of humans and nature, as well as on the principle of preserving the unity of power and morality. We can see that Turkic philosophy is not merely a regional cultural phenomenon but a universal spiritual heritage, as evidenced by the works of such thinkers as al-Farabi, Jusup Balasaguni, and Khoja Ahmed Yasawi. In addition, the article notes that in the modern era, Turkic philosophy embodies global values and resonates with contemporary needs, while also possessing the potential to offer humanity a new spiritual orientation amid the global crisis of values. In today's world, the role of philosophical thought is increasing not only in the academic sphere but also in social and cultural life. Owing to its historical continuity and spiritual depth, Turkic philosophy is capable of promoting values such as humanism, justice, and tolerance. It serves as a worldview foundation for addressing the complex issues of modernity and contributes to the development of intercultural dialogue.

Key words: Turkic philosophy, World philosophy, Turkic civilization, Global significance, Yasawi teaching, Morality, Justice, Spiritual heritage, Values

Кіріспе

Түркі философиясы - адам мен қоғам және әлем арасындағы өзара байланысты біртұтас жүйе ретінде қарастыратын ерекше рухани, терең дүниетанымдық жүйе. Ол тек белгілі бір халықтың ғана дүниетанымы емес, сонымен қатар әлемдік философияның құрамдас бөлігі ретінде адамзат өркениетінің рухани эволюциясына ықпал еткен ілімдер жиынтығы болып табылады. Түркі өркениеті тарих сахнасына шыққан сәттен бастап, дүниені танудың өзіндік әдісін, адамгершілік қағидаттары және табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің мәнін қалыптастырды. Адам мен жаратылыс арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты дәріптейтін бұл дүниетаным қазіргі замандағы экологиялық және рухани дағдарыстар арасында өзектілігін қайтадан арттырып, ерекше маңыз алып отыр. Түркі философиясының негізінде әлемдік үйлесім идеясы, мораль және әділет принциптері жатыр. Бұл құндылықтар тек жеке тұлғаның ішкі тәрбиесіне ғана емес, билік жүргізудің де рухани жауапкершілігіне бағыт береді. Адамның адамға, биліктің халыққа адалдығы - түркі өркениетінің негізгі мәдени өлшемі болған. Мұнда «құдірет күші - әділдікте» деген түсінік ежелгі кезеңнен бастап

сопылық дәстүрге дейін үзілмей жалғасқан. Осы моральдық жауапкершілік дүниені теңгерімде ұстайтын басты фактор деп танылады. Түркілік сопылық ілімдер, әсіресе Қожа Ахмет Ясауидің ілімі адамның жан дүниесін кемелдендіру арқылы қоғамдағы үйлесім мен татулыққа қол жеткізуді көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, түркі философиясындағы аксиологиялық және де адами құндылықтарды – ізгілік пен ынтымақ, әділет, мейірім, рухани жауапкершілік секілді ұстанымдарды әлеуметтік өмірмен тығыз байланыста қарастырады.

Шығыстық мұсылман философиясының бір бұтағы болған, әлемдік философия тарихында өзіндік орны бар түркі тілдес философия, араб мұсылман философиясы мен мәдениетінен нәр алып, рухани дәстүр жалғатылған одан әрі жалғастыра түсті. Бұл рухани дәстүр жалғастығы қасиетті қазақ даласынан шыққан, кіндік қаны қазақ топырағына тамған Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ұлы ойшыл ғұлама философтардың есімдерімен белгілі. Олар түлкі тілінде барлық түлкі тілдес халықтардың мәдениеті мен әдебиетін, алғы философиялық ойдың іргетасын қалап шықты [1, 92].

Түркі философиясының табиғатына келсек, ол өзінің бастауында көбінесе табиғат философиясы мен өмір философиясы сипатында көрінеді. Бұл – Шығыс дүниетанымының сан қырлы палитрасындағы өзіндік ерекше, қайталанбас бояу. Бұл орайда Н.Г.Аюпов пен Ә.Н.Нысанбаевтың мына пікірі орынды: «Түркі фалсафасын қарастыра отырып, біз оның тікелей бастау көздері мен құрамдас бөліктері ретінде қытай философиясын, буддизм философиясын және зороастризм философиясын да естен шығармауымыз керек» [2, 10]

Қазіргі заманда бүкіл әлемде рухани құндылықтардың әлсіреуі, тұтынушылық көзқарастың күшеюі және адамгершілік нормалардың төмендеуі сияқты құбылыстар кең таралуда. Мұндай құбылыстар адамдарды жаңа рухани бағдар мен мән-мағына іздеуге жетелеп отыр. Осындай жағдайда түркі философиясына деген қызығушылық артып, оның әлемдік философиядағы орнына қайтадан назар аударылуда. Себебі түркі дүниетанымы адамзатқа қажет болып отырған үйлесім, әділет, сенім және рухани тұтастық идеяларын өз бойында табиғи түрде біріктіреді. Сондықтан түркілік рухани мұраны зерделеу – тек өркениеттің тарихи ескерткіші емес, сонымен қатар жаңа рухани парадигманың мүмкіндігін анықтауға бағытталған маңызды ғылыми қадам. Бұл зерттеу түркі философиясының әлемдік философиядағы орнын, өзара байланысын және қазіргі жаһандық рухани үдерістермен байланысын айқындауды мақсат етеді.

Теориялық талдау

Материалдар мен әдістер

Философия – адамның өмірдің мәні, қоғам, адамгершілік және білім туралы ойлануы мен оларды түсіндіруге тырысатын ғылым. Түркі философиясының тамыры түрік қағанаты құрылған VI ғасырдан басталып, кейінгі мың жылдар бойы үзілмей жалғасып келеді. Түркі өркениеті тарихында Ұлы Түрік қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қараханидтер, Сельджуктер және Осман империясы сияқты қуатты мемлекеттер өмір сүрді. Әсіресе Осман империясы бірнеше құрлыққа ықпал етіп, алты ғасырдан астам уақыт бойы дүниежүзілік саясат пен мәдениетке әсер етті. Сондықтан мұндай алып өркениетте философиялық ой болмады деп айту қисынға келмейді.

Түркі философиясы - бір түбірден тараған, бірақ бүгінде түрлі елдерде өмір сүріп жатқан халықтарды біріктіретін рухани жүйе. Ол ортақ тарихты, дәстүрді, мәдениетті және дүниетанымды қамтиды. Түркі халықтарының философиясы ғасырлар бойы дамып, олардың өмір салтына, дініне және тарихи тәжірибесіне негізделді. Бұл - тек теория емес, өмірлік тәжірибеге сүйенген даналық. Түркі ойлау жүйесі әртүрлі идеяларды біріктіріп, адам мен табиғаттың, қоғам мен руханияттың үйлесімін табуға бағытталған. Сол себепті түркі философиясы адамның өзін де, әлемді де тұтастай түсінуге мүмкіндік береді.

Түркі философиясының әлемдік философиядағы орнын айқындау үшін оны тек тарихи факт ретінде ғана емес, ойлау жүйесі мен құндылықтар синтезі ретінде қарастыру қажет. Бұл дүниетанымның негізгі ерекшелігі - адам болмысын табиғи және рухани әлемнің бөлінбес бөлігі ретінде қабылдауында. Батыс философиясы көп жағдайда рационалдық танымға сүйенсе, шығыс философиясы көбіне рухани-метафизикалық шындықтарды зерделеуше бағытталған. Ал түркілік дүниетаным осы екі бағытты біріктіріп, адамгершілік құндылықтар мен табиғи үйлесімділікке негізделген тұтас парадигма қалыптастырды. Яғни, түркі философиясының тұтастығы этностардың әлеуметтік тапқа бөлінуінен немесе нәсілдік ерекшелігінен туындамайды. Түркі халықтары тарихи тұрғыдан үнді-еуропалық және монғолоидтық нәсілдердің тоғысқан кеңістігінде өмір сүргенімен, олардың рухани бірлігі биологиялық немесе этнографиялық деңгейден жоғары құбылыс болып табылады. Сол сияқты түркілік дүниетаным белгілі бір шаруашылық үлгісіне - көшпелі өмір салтына немесе отырықшы аграрлық мәдениетке ғана тән құбылыс емес. Ол діни айырмашылықтарға да тәуелді емес: исламның сан алуан бағыттарын ұстанатын, сондай-ақ шаманизм, тәңіршілік немес буддизм ықпалында болған түркі топтары да ортақ рухани негізді сақтап қалды. Саяси құрылымдардың да әркелкілігі - демократиялық немесе тоталитарлық билік формалары, автономия немесе тәуелсіз мемлекет болуы - бұл дүниетанымдық бірлікті әлсірете алған жоқ. Түркі халықтарын біріктіретін негізгі күш - олардың тілдік ортақ бастауы, тарихи жадтың сабақтастығы, фольклор мен мифологиялық архетиптердің бірлігі. Осы рухани негіздер ұжымдық сананың терең қабатында сақталып, түркі дүниесінің өзіндік мәдени кодын қалыптастырады. Сондықтан қазіргі заманда кейбір түркі халықтары сыртқы мәдени ықпалға ұшырап, өз ұлттық ерекшелігін әлсіретіп алғандай көрінгенімен, бәрібір олардың ішінде өз түп-тамырын қайта тануға, өз мәдениетіне оралуға деген табиғи ниет бар.

Мұсылман әлеміндегі философиялық ойдың дамуына түркі ойшылдарының қосқан үлесі зор. Әбу-Насыр әл-Фараби адам мен қоғам көшін әділеттілік арқылы үйлестіру идеясын негіздеді, ал Жүсіп Баласағұни биліктің этикалық жауапкершілігін басты шарт деп таныды. Қожа Ахмет Ясауи болса ішкі дүниені тазарту арқылы әлеуметтік үйлесімге қол жеткізуге болатындығын көрсетті. Бұл идеялар исламдық сопылық дәстүрмен үндесіп қана қоймай, оны түркілік моральдық-рухани мазмұнмен байытты.

Ортағасырлық түркілік философияның өмірмәндік ілімдеріндегі бақыт туралы түсініктер дәстүрлі түркілік мәдениет пен дүниетанымнан нәр алып, сусындап отырды. Сонымен бір мезгілде түркілік философия ислам ренессансының да күшті әсерін сезінді. Бұрынғы түркілік дәстүрлі мәдениеттің басты элементтері ислами құндылықтармен жымдасып бірігіп кетті. Ғылым мен білімге кеңінен жол ашатын ислам дінінің өмірге келуі ортағасырлық түркілік философияның әртүрлі бағытта дамып, әлемдік деңгейге көтеріле алуына негіз болды. Бұл дәуірде халықтың осы адамгершілік дәстүрлерін өз ойқазанында қорытып, әлемдік рухани қазынаға үлесін қосып, лайықты ұсына білген түркілік ойшылдар да аз болған жоқ.

Түркі мәдениеті мен философиясындағы рационалдық дәстүрде ХІ ғасырдың көрнекті өкілі, ғұлама ғалым «Құтты біліктей» терең философиялық мұра қалдырған Жүсіп Баласағұнның орны ерекше. Орта ғасыр философы «шығыс пантеизмінде сопылық идеологияның» концепциясын жақтады. Билікті бір қолға жинау, мемлекетті барынша орталықтандыру үшін тарихи қажеттіліктен туған туынды. Сондықтан бұл еңбекті мемлекеттік басқару саясаты, заң ережелері, халықтың мінез-құлқы мен салт-санасы, әдет-ғұрыптары негізінде барша принциптерді өз бойына жинақтаған энциклопедия деп атауға болады [3, 103 б]. Мысалы, Қорқыт ата мен әл-Фараби, Ж. Баласағұн мен М. Қашқари, Қ.А. Ясауи мен А. Иүгінеки және т. б. сонымен қатар, рухани ықпалдары қазақтың дана ақын-жырауларының, Абай мен Шәкәрімнің шығармашылықтарынан айқын көрінеді.

Қожа Ахмет Ясауи - түркі халықтарының рухани болмысын, дүниетанымдық негізін

қалыптастырған ұлы ойшыл, сопылық ілімнің көрнекті өкілі. Ол XII ғасырда өмір сүрсе де, оның ілімі мен философиялық идеялары бүгінгі түркі өркениетінің рухани тұтастығын айқындайтын мәңгілік мұраға айналды. Ясауи ислам философиясының сопылық бағытын түркілік дүниетаныммен үйлестірді.

Тәжірибелік бөлім

Түркі философиясының практикалық құндылығы мен рухани маңызын ортағасырлық және кейінгі дәуір ойшылдары да жоғары бағалаған. Мәселен, исламдану процесінің түркілік дүниетаныммен табиғи түрде астасып, өзіндік бірегей синтез қалыптастырды. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи сопылықты насихаттау барысында оны көшпелі менталитетке сай бейімдеді, сондықтан Ясауидің «Диуани хикметінде» исламға дейінгі рухани бейнелер – әруаққа құрмет көрініс береді. Сол секілді Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде адамның қоғаммен ғана емес, табиғатпен үйлесімді өмір сүруі негізгі қағида ретінде алынады.

Қожа Ахмет Ясауи - жалпы түркілік мәдениет кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, ойлау мәдениеті мен дүниетанымдық жүйеде исламдық құндылықтар ұстанымындағы моральдық-этикалық ғылымның үлгісін салып кеткен тарихи тұлға [4, 63].

Махмұд Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты. Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат-ат-түркте» нақты тарихи деректілік сипатпен танылған. Ол көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін ежіктей түсіндіреді, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын баяндайды, сол кездегі бір қатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал-мәтелдерін береді. Сонымен қатар ол көне дәуірдегі түркінің әлемдік қартасын жасап, онда Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқардан бастап, түркі дүниесінің ежелгі шаһарларын, елді мекендерін түгел дерлік көрсетеді. Бұл ретте оны түркі жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы десе де болады [5, 296].

Зерттеу әдістері

Түркі философиясының даму ерекшеліктерін, әлемдік философиядағы орнын анықтау барысында ғылыми әдістер қолданылды. Мәдени-өркениеттік әдіс арқылы түркі философиясының тек теориялық ілім ретінде ғана емес, нақты тарихи тәжірибемен, тұрмыс-салтпен, дүниетанымдық дәстүрмен тығыз байланысты екендігі айқындалды. Сонымен қатар, герменевтикалық талдау тәсілі арқылы әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи сияқты ойшылдардың еңбектері мағыналық тұрғыда қайта оқылып, олардың рухани-адамгершілік тұжырымдары терең түсіндірілді. Жалпы алғанда, осы әдістерді біріктіре қолдану түркі философиясының тарихи негіздерін кеңінен ашып қана қоймай, оның қазіргі жаһандық философиялық кеңістіктегі маңызын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының дүниетанымын арнайы зерттеген ғалым О.А.Сегізбаев түркі философиясының бастапқы даму сатысы туралы пікір айтады. Оның айтуынша, ерте дәуірде түркілер әлемді тастағы суреттер (петроглифтер) және таңба-ру белгілері арқылы түсіндіруге тырысқан. Яғни, ойды жеткізудің негізгі құралы - бейне мен таңба болған. Кейінірек, орта ғасырларда бұл тәсілдің орнын сөз арқылы ой жеткізу, яғни вербалды-дискурсивтік ойлау басты. Осы кезде халықтың ауызекі тілі тек күнделікті қарым-қатынас

үшін емес, ойлау, пайымдау, философиялық тұжырым жасау құралына айналды.

Ғалым А. Қасабек түркі философиясының ерекшелігі - оның халыққа деген шынайы сүйіспеншілігі мен патриоттық рухында деп атап көрсетеді. Түркі ойшылдары әрқашан елдің болашағы, бақыты мен бірлігі үшін күресті және бұл ойларын ашық айтып, халыққа жеткізе білді. Бұл пікірлерден түркі философиясы бір сәтте толыққанды жүйе болып қалыптасты деген ой туындамайды. Дегенмен ертеден бастап түркілердің ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарында табиғат, қоғам, адам және өмір туралы терең ойлар болған.

Түркі мәдениетінің ашықтығы оның мәдениеттермен сұхбаттастығынан және көршілес мәдениеттермен терең байланысынан көрінді. Мәдениет әлемінде «ренессанс» деп аталатын құбылыс бар және ол «қайта өрлеу», «жаңғыру» дегенді білдіреді. Гегель адамзаттың «алтын таңы», жер жүзі мәдениетінің жаңа кезеңі деп атаған ренессанс дәуірі Ортағасырлық түркі философиясында бақыт ұғымының пайымдалуы еуропаорталықтық көзқараста тек итальяндық ренессанспен байланыстырылса, швейцарлық ғалым А. Мец тұңғыш рет оны ислам дінінің пайда болып таралуы негізінде қалыптасқан мәдениетпен байланыстырды. Халифаттың құрамына енген және исламды қабылдаған барлық елдер мен халықтарда бүкіл ортағасырлар бойы өзіндік бірегей әрі біртұтас мұсылман мәдениеті салтанат құрды. VIII–XII ғасырларда Шығыста орнығып, антикалық мәдени және ғылыми-философиялық мұраны игеріп қана қоймай, оны одан ары жетілдіріп, өздері мәдениет пен әдебиет, философия мен ғылым салаларында аса ірі табыстарға жеткен бұл өркениетке түркі халықтары да орасан зор үлес қосты [6, 23].

Батыс зерттеушілерінің еңбектері де түркі философиясының маңызын көрсетеді. Мысалы, Жан-Поль Ру түркі мифологиясы мен дүниетанымының адамзат мәдениетіне қосқан үлесін жан-жақты ашса, Аннемари фон Габен көне түрік жазбаларының философиялық мазмұнын анықтап берді. Л. Гумилевтің пікірінше, түркі халықтарының рухани қуаты мен жігері олардың тарихи белсенділігін арттырып, жаңа мемлекеттер мен өркениеттердің қалыптасуына түрткі болды. Бұл ой Батыс және Шығыс ғалымдарының зерттеулерімен де ұштасады: түркі дүниетанымы тек бір этностың ішкі шеңберімен шектелмей, жалпыадамзаттық идеялар ұсынған әмбебап философиялық жүйе екенін дәлелдейді. Басқаша айтқанда, түркі философиясы әлемдің философия кеңістігінің ажырамас әрі ықпалды бөлігіне айналды.

Түркі халықтарының тарихы мен этнографиясын жүйелі түрде зерттеу XVIII ғасырдан басталады. Сол кезеңнің белгілі шығыстанушылары және саяхатшылары - И.А. Гюльденштедт, П.С.Паллас, Г.Ю. Клапрот - түркі жұрттарының тұрмысы, тілі, діні мен мәдениеті туралы құнды деректер қалдырды. Олардың еңбектерінде қарачай-балқар халықтары туралы да нақты мәліметтер молынан кездеседі.

XIX ғасырда түркология ғылымы одан әрі дамып, дербес ғылыми саланың деңгейіне жетті. Түркі әлемін зерттеуде М.А.Казем-Бек, К.К.Радлов, Е.Е.Бартольд, С.Е.Малов сынды көрнекті ғалымдар үлкен үлес қосты. Олардың еңбектері арқылы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, киім үлгілері, шаруашылық ерекшеліктері және сәндік-қолданбалы өнері туралы мол мәліметтер ғылыми айналымға енді.

Нәтижелер мен талқылау

Түркі философиясы, басқа өркениеттер сияқты, тарихи қиындықтар мен әлеуметтік өзгерістер арқылы қалыптасты. Ол тек теориялық ойлау жүйесі емес, адам өмірінің мәнін, қоғамдағы рөлін, моральдық-этикалық нормаларды, табиғатпен үйлесімділікті зерттейтін тұтас философиялық тәжірибе ретінде дамыды. Қазақ даласында және кең түркілік кеңістікте философиялық ойлау жүйесі адамның рухани, мәдени және әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста болды. Бұл жүйеде адам табиғатпен, қоғаммен және Тәңірмен үйлесімді байланыста болу принциптері негізгі мәнге ие болды, бұл принциптер бүгінгі заманға дейін өз құндылығын сақтап келеді. Түркі философиясының ерекшелігі – оны тек кітаптардан

немесе жазбаша еңбектерден іздеуге болмайды, ол халықтың ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, аңыздар, эпостар және философиялық ойлардың тұрмыстық көріністерінде көрініс тапты.

Дүниені жан-жақты түсіну, оның заңдылықтарын анықтау, таным процесін зерттеу, әлеуметтік мәселелерді сараптау - бұл сипаттар соңғы ғасырларда ғана жүйеленген. Дегенмен халық шығармашылығында табиғатқа, қоғамға деген ойлар белгілі бір жинақталған түрде кездескен. Олар кейде жүйесіз, кездейсоқ болып көрінуі мүмкін, бірақ адамның практикалық өмір тәжірибесін, халық даналығын көрсететін философиялық мәнге ие еді. Ойлау тәсілі ерекше болып, шығармалар ауыз әдебиеті арқылы сақталып, есте қалу, ұрпақтан-ұрпаққа өзгермей жету мүмкіндігімен ерекшеленді. Бұл – философия тарихында ерекше құбылыс. Әрине, ғасырлар бойы халық жинаған көп қасиеттердің бәрін көрсету мүмкін емес, біз тек негізгі бағыттарын ғана көрсетіп отырмыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, түркі халықтарының философиялық идеяларының тамыры тым тереңде. Түркі қағанаты кезеңінде, яғни ежелгі түркі мемлекеттері қалыптаса бастағанда, әділеттілік, билік және әлеуметтік құрылым сияқты мәселелерге қатысты алғашқы ой-тұжырымдамалар пайда болды. Бұл философиялық идеялар түрлі тарихи оқиғалар, соның ішінде соғыстар, көші-қон және мәдени алмасулардың әсерінен дамып, бірегей философиялық дәстүрді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Әрбір тарихи оқиға философиялық ұғымдарды қайта өңдеп, бейімдеуге мүмкіндік берді, сондай-ақ, олардың дамуына және уақыттың шындықтарын көрсетуіне ықпал етті. Осылайша, тарихи контекст түркі философиясының дамуында шешуші факторға айналып, оны жаңа семантикалық қабаттар мен мағыналармен байытты [7].

Түркі философиясы жоқ деп айту қисынсыз. Тілі, діні, мәдениеті, тарихы бар, билері мен даналары бар халықтың философиясы жоқ деу мүмкін емес. Сол себепті «түркі философиясы қандай философия?» деген сұрақ туындайды. Қазақ философиясын зерттеген Ғұмар Қараш бұл сұраққа қысқаша «өмір философиясы» деп жауап береді. Т. Рысқалиевтің айтуынша, қазақ философиясынан методология, гносеология сияқты классикалық философиялық категорияларды іздеудің қажеті жоқ. Оның орнын табиғи сезім, пайымдау, интуиция басып отыр. Философияны сипаттайтын негізгі белгілер - рационалдық-теориялық жүйе, категориялар байланысы, ғылым мен методология, гносеология, онтология, идеология - қазақ философиясында таза түрде көрінбейді. Сондықтан Мұхтар Әуезов айтқандай, Абайды, Шәкәрімді, Ыбырайды немесе Ғ. Қарашты дәстүрлі философтар қатарына жатқызу әрдайым мүмкін емес. Егер осы дәстүрлі түсінікті ұстансақ, қазақ халық шығармашылығының философиялық мәнін, терең ой-толғауларын, суырып салма айтыстар мен диалогтарын философия әлемінен шығарып тастауға тура келеді. Мәселе – түркі философиясының өзіндік ерекшелігі мен сипатында жатыр, ол классикалық философия моделіне толық сәйкес келмейді, бірақ өзінің өмірлік мәні мен рухани құндылықтары арқылы ерекше орын алады.

Түркі философиясы басқаларға қарағанда қолайсыз тарихи ахуалда қалыптасты. Егер Батыс пен Ресей мәдениеттері мен өркениеттеріндегі түрлі мәдени-философиялық, типологиялық концепцияларға назар аударар болсақ (Н. Данилевский, О. Шпенглер, Э. Трельч, Н. Бердяев, К. Ясперс және т.б.), олардың еңбектерінен түркі мәдениетіне қатысты ештеңе табылмайды. Әрине, А. Тойнби еуразиялық көшпелілер мәдениетін (оның ішінде осман түріктерін) «кешеуілдеп қалып қойған өркениеттер» қатарына жатқызады, ал, С. Хантингтон пайда болып келе жатқан түркі өркениеті туралы тек тым жалпылама деректер келтіреді [8].

Яғни, түркі философиясы ұзақ уақыт бойы әлемдік ғылыми дискурс шетінде қалып, өзінің шынайы орнын ала алмаған. Алайда соңғы онжылдықтарға қарай жағдай түбегейлі өзгере бастады. Түркі өркениетінің тарихы мен дүниетанымдық негіздерін қайта қарау үрдісі күшейді. Бүгінгі зерттеушілер түркі философиясын енді тек «көшпелі мәдениеттің

бөлігі» ретінде емес, өзіндік тарихи логикасы мен терең рухани іргетасы бар дербес философиялық дәстүр ретінде қарастыруда.

Түркілердің тарихы, мәдениеті, рухани өмірінің құбылыстары жайлы жақ ашпаудың сыры түсінікті болатын, өйткені социалистік идеология жаңа қоғамдық құрылымды мүлдем жаңа негізде қала стратегиялық бағытын ұстанып, өткеннің мұрасын ескінің қалдығы деп саналы түрде лақтырып тастады. Түркі халықтарының рухани мәдениетінің өнімдерін «феодал байлардан қалған сарқыншақ» ретінде қарау басым болатын тек кейбір жағдайларда ғана халықтың ауызекі поэзиялық шығармашылығына назар аударылатын және оның өзінде партиялық, таптық тұрғыда стихиялық материализм мен диалектиканың, қоғамның кемшіліктерін сынау элементтері преформалық түрде табылып жататын [9, 8].

Қазақстандық философиялық дәстүрді зерттегенде, оның үш ірі негізін анықтауға болады: алғашқысы - исламға дейінгі көшпелі дүниетаным, оның ішінде Тәңірге сыйыну, еркіндік пен табиғатпен үйлесім идеялары; екіншісі – ислам дәуіріндегі философиялық синтез, соның ішінде Ясауи мектебі арқылы дамыған сопылық бағыт; үшіншісі - жыраулар мен Абай-Шәкәрім дәстүрі арқылы қалыптасқан моральдық және этикалық философия. Бұл үш бағыт қазақ философиялық ойының сабақтастығын, дәстүр мен инновацияның үйлесімін көрсетеді. Исламның түркілік философияға ықпалы ерекше болды: ол тек сыртқы діни жүйе ретінде қабылданған жоқ, керісінше көшпелі халықтың дәстүрлі дүниетанымымен үйлесіп, рухани әрі моральдық сабақтастықты тереңдетті. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи өз ілімінде сопылықты тек ислам тұрғысынан ғана емес, көшпелілердің өмірлік тәжірибесі мен рухани мұрасына сәйкестендірді. Оның «Диуани хикмет» еңбегінде исламға дейінгі кейіпкерлер мен рухани ұғымдар (ғайып-ерен, шілтен, әруақ, ата-бабалар) кездеседі, бұл философияның тарихи сабақтастықты сақтап қалғанын көрсетеді.

Ортағасырлық түркі философиясы ислам ренессансынан терең әсер алды. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари сияқты ойшылдар ғылым мен білімге жаңа мүмкіндік беретін ислам мәдениетін өз философиялық дәстүрімен біріктірді. Әл-Фарабиде адам тәрбиесі мен қоғамның үйлесімі, адамның моральдық және интеллектуалдық дамуы басты назарда болды. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі адам мен табиғат үйлесімін тұрақты, алмастырылмайтын мәселе ретінде қарастырады, бұл – түркі философиясының дәстүрлі әлемдік гармония идеясының көрінісі. Қазақ философиясының кейінгі дәуірінде Абай мен Шәкәрім бұл сабақтастықты жалғастырып, адам мен қоғам, мораль мен білім арасындағы байланысты тереңдетті.

Түркі философиясын зерттеуде қолданылған әдістер де маңызды рөл атқарды. Тарихи-компаративтік әдіс арқылы түркі халықтарының мәдениетаралық байланыстарын, рухани сабақтастықты, жазба және ауызша мұралардағы ойлау ерекшеліктерін салыстыруға болады. Герменевтикалық әдіс философиялық мәтіндерді талдауда, символдар мен метафораларды түсінуде қолданылды. Сонымен қатар, феноменологиялық әдіс рухани тәжірибелерді, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті зерттеуге мүмкіндік берді. Ауыз әдебиетіндегі философиялық идеяларды талдауда вербальды-дискурсивтік әдіс (Сегізбаев) маңызды құрал болды, ол мәтіндер мен ауызекі дәстүрдің мағынасын түсінуге жол ашады. Бұл әдістердің бәрі бірлесе отырып, қазақ философиясының және жалпы түркі философиясының ерекшеліктерін айқын көрсетті.

Түркі философиясының әлемдік деңгейдегі маңызы да айқын. Батыс пен Ресей философиясында түркілік мәдениет туралы деректер сирек кездессе де, қазіргі ғылыми зерттеулер оның рухани сабақтастығы, адам мен табиғат, қоғам арасындағы үйлесімділік, мораль мен әділет сияқты универсалды құндылықтарды ұсынатынын дәлелдейді. Түркілік ойлау жүйесі қазіргі жаһандық философия мен гуманизмнің құндылықтарына үйлесімді, ол адамзатқа рухани тепе-теңдік, үйлесім философиясын ұсына алады. Қазақ философиялық ойы мен руханияты бұл жүйенің қазіргі өмірде көрініс тапқан практикалық үлгісі болып табылады.

Қорытынды

Түркі философиясы – бұл тек тарихи мәдени мұра ғана емес, қазіргі заманғы рухани және әлеуметтік проблемаларды түсіндіруде де өзекті құндылықтарды ұсынатын тұтас ойлау жүйесі. Мақалада көрсетілгендей, түркі философиясының ерекшелігі оның өмірлік практикалық бағытында, адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікті сақтауында жатыр. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түркі философиясы әрдайым синтетикалық сипатқа ие болды: дәстүрлі көшпелі дүниетаным, исламдық сопылық идеялар, жыраулар мектебі мен классикалық қазақ ойшылдарының шығармалары – барлығы бір-бірімен байланысып, тұтас рухани кеңістік қалыптастырған. Бұл философиялық жүйе халықтың моральдық құндылықтарын, адамгершілік пен әділеттілікті, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті насихаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілген. Сонымен қатар, ол тек қазақ қоғамында ғана емес, жалпы түркі әлемінде қалыптасып, өздігінен біртұтас мәдени-философиялық кеңістік құрды. Түркі философиясының әлемдік философиядағы орны ерекше, өйткені ол батыстық рационализм мен шығыстық руханият арасындағы көпір қызметін атқарады. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи сияқты ойшылдардың еңбектері әлемдік философиялық парадигмада ерекше орын алып, рухани сабақтастықты қамтамасыз етті. Қазақ философиялық дәстүрі, оның ішінде Абай мен Шәкәрімнің шығармалары, қазіргі кезде де адамгершілік, мораль және әлеуметтік үйлесім идеяларын жаңаша тұрғыда көрсетуге қабілетті. Қорыта келгенде, түркі философиясы – бұл өмірдің мәнін, адамның қоғамдағы орнын, моральдық жауапкершілігін және табиғатпен үйлесімін терең түсінуге арналған тұтас философиялық жүйе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтаев Ж.А., Ғабитов Т.Х. Ғылым тарихы мен философиясы. Алматы. «Эверо», 2011. 458 б.
2. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. Алматы, 2006. 142 с.
3. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш., Джаамбаева Б.А. Философия. Алматы, 2011. 291 б.
4. Сағатова Ә.С., Сарсенбеков Н.Ж. Философия: оқу құралы. ЖШС Лантар Трейд, 2020. 138 б.
5. Тотин Б.Қ. Философия (тұлғалар бейнесінде): оқу-әдістемелік құралы. Қостанай: «Казтипोगрафия», 2013. 2-кітап, 2-басылым. 512 б.
6. Бижанова М.А. Түркі даналығындағы бақыт метафизикасы. Жалпы редакция: З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. 204 б.
7. Алдабек Н., Ражабов Ш. Түркі халықтарының философиясы - ұлттық мәдениеттің негізі // Turkiy xalqlar madaniyati, falsafasi, aloqalari: tarix, bugun va kelajak. International Islamic Academy of Uzbekistan, Volume 5, IIAU Conference 5, 2024. URL: <https://inlibrary.uz/index.php/txmfatbk/article/download/61064/61542>
8. Ғабитов, Т. «Түркі философиясы туралы түсінік» // Электронды ресурс. – elibrary КазНУ. Қолжетімді: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/09/t%D2%AFrki-filos.pdf>
9. Әлемдік философиялық мұра. Т.20. «Қазіргі түркі философиясы». Алматы. «Жазушы», 2009. 512 б.

References:

1. Altaev Zh.A., Gabitov T.Kh. History and Philosophy of Science. Almaty. «Evero», 2011. 458 p.
2. Turkic Philosophy: Ten Questions and Answers. Almaty, 2006. 142 p.
3. Petrova V.F., Khasanov M.Sh., Dzhambaeva B.A. Philosophy. Almaty, 2011. 291 p.
4. Sagatova A.S., Sarsenbekov N.Zh. Philosophy: Textbook. LLP Lantar Trade, 2020. 138 p.

5. Totin B.K. Philosophy (in the Images of Personalities): Educational and Methodical Guide. Kostanay: «Kaztipografiya», 2013. Book 2, 2nd edition. 512 p.
6. Bizhanova M.A. Metaphysics of Happiness in Turkic Wisdom. General Editors: Z.K. Shaukenova, S.E. Nurmuratov. Almaty: NRC FSDI, Ministry of Education and Science of the RK, 2013. 204 p.
7. Aldabek N., Rajabov Sh. Philosophy of Turkic Peoples as the Basis of National Culture // Turkiy xalqlar madaniyati, falsafasi, aloqalari: tarix, bugun va kelajak. International Islamic Academy of Uzbekistan, Volume 5, IIAU Conference 5, 2024. URL: <https://inlibrary.uz/index.php/txmfatbk/article/download/61064/61542>
8. Gabitov T. «Understanding Turkic Philosophy» // Electronic resource. – elibrary KazNU. Available at: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/09/t%D2%AFrki-filos.pdf>
9. World Philosophical Heritage. Vol. 20. «Contemporary Turkic Philosophy». Almaty: «Zhazushy», 2009. 512 p.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Спанов Мейірхан Жантайұлы** – философия ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Философия» кафедрасының доценті. Шымкент, Қазақстан. Тел: 8778-359-43-41 email.ru: meir_filosof27@mail.ru

**ЭКОНОМИКА
ЭКОНОМИКА
ECONOMY**

МРНТИ: 06.71.57

<https://orcid.org/0000-0002-9811-8909>

<https://orcid.org/0000-0001-7171-3057>

<https://orcid.org/0000-0002-2211-2340>

Сатенов Б.И., Саркулова Н.К., Ахметова С.С.*

к.экон.н., доцент. ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистр финансов. ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистр экономики. ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

**ФИНАНСОВЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ И ОТЧЕТНОСТЬ В ТУРИЗМЕ:
СРАВНЕНИЕ УЧЕТНЫХ МОДЕЛЕЙ**

***Автор корреспондент:** salima.ahmetova@inbox.ru

Аннотация: В данной статье рассмотрены особенности определения финансового результата и представления финансовой отчетности в туристических компаниях. Учет финансовых результатов в сфере туризма имеет свои особенности, обусловленные длительным циклом оказания услуг, агентскими отношениями и спецификой продукта (турпакета). В зависимости от роли туристической компании (туроператор или турагент), применяются две принципиально разные модели учета выручки: признание валовой выручки и признание чистой выручки. Туристическая компания признает валовую выручку, если действует как Принципал (Контролирующее лицо), и чистую выручку (комиссию), если действует как Агент (Посредник). Туристические услуги многообразны. Поэтому необходимо раскрыть вопрос - Учет в многоэтапных турах. В учете туристических компаний применяется принцип Начисления и концепция Доходов будущих периодов. Выручка признается по мере предоставления услуги. Применяют принципы "Брутто" и «Нетто» при расчете финансового результата и составлении Отчета о прибылях и убытках.

Ключевые слова: Туризм, Модель «Туроператор», Модель «Турагент», выручка / доход, финансовый результат

ГТАХР: 06.35.31

<https://orcid.org/0000-0002-9811-8909>

<https://orcid.org/0000-0001-7171-3057>

<https://orcid.org/0000-0002-2211-2340>

Сатенов Б.И., Саркулова Н.К., Ахметова С.С.*

экономика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

қаржы магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

экономика магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

**ТУРИЗМДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР МЕН ЕСЕПТІЛІК:
ЕСЕПТІК ҮЛГІЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ**

***Автор корреспондент:** salima.ahmetova@inbox.ru

Түйін: Бұл мақалада туристік компанияларда қаржылық нәтижелерді анықтау және қаржылық есептілікті ұсыну ерекшеліктері қарастырылады. Туризм саласындағы қаржылық нәтижелерді есепке алудың қызмет көрсетудің ұзақ цикліне, агенттік қатынастарға және өнімнің (турпакеттің) ерекшелігіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Туристік компанияның рөліне байланысты (туроператор немесе турагент) кірісті есепке алудың екі түрлі моделі қолданылады: жалпы кірісті тану және таза кірісті тану. Туристік компания директор (бақылаушы тұлға) ретінде

әрекет етсе, жалпы кірісті және Агент (делдал) ретінде әрекет етсе, таза кірісті (комиссияны) таниды. Туристік қызметтер әртүрлі. Сондықтан көп сатылы турлардағы есеп мәселесін ашу қажет. Туристік компаниялардың есебінде есептеу принципі және болашақ кезеңдердің кірістері тұжырымдамасы қолданылады. Кіріс қызмет көрсету шамасына қарай танылады. Қаржылық нәтижені есептеу және кірістер мен шығыстар туралы есеп жасау кезінде "жалпы" және "таза" принциптері қолданылады.

Түйінді сөздер: Туризм, «Туроператор» моделі, «Турагент» моделі, кіріс / түсім, қаржылық нәтиже

IRSTI: 06.71.57

<https://orcid.org/0000-0002-9811-8909>

<https://orcid.org/0000-0002-2211-2340>

<https://orcid.org/0000-0001-7171-3057>

Satenov B.I., Sarkulova N.K., Akhmetova S.S.*

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master of Finance, senior lecturer M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master of Economic, senior lecturer M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

FINANCIAL RESULTS AND REPORTING IN TOURISM: COMPARISON OF ACCOUNTING MODELS

***Corresponding author:** salima.ahmetova@inbox.ru

Abstract: This article examines the specifics of determining financial results and presenting financial statements in tourism companies. Accounting for financial results in the tourism sector has its own characteristics due to the long service cycle, agency relationships and the specifics of the product (package). Depending on the role of the travel company (tour operator or travel agent), two fundamentally different revenue accounting models are used: recognition of gross revenue and recognition of net revenue. A travel company recognizes gross revenue if it acts as a Principal (Controlling Person) and net revenue (commission) if it acts as an Agent (Intermediary). Travel services are diverse. Therefore, it is necessary to disclose the issue of Accounting in multi-stage tours. The accounting of travel companies uses the Accrual principle and the concept of Income for future periods. Revenue is recognized as the service is provided. Apply the principles of «Gross» and «Net» when calculating the financial result and preparing the Profit and Loss Statement.

Keywords: Tourism, «Tour Operator» model, «Travel Agent» model, Revenue/Income, financial result

Введение

Индустрия туризма и гостеприимства Республики Казахстан является одним из ключевых драйверов диверсификации экономики и привлечения инвестиций. В условиях глобализации и интеграции в международные рынки капитала возрастает потребность в транспарентной, сопоставимой и информативной финансовой отчетности. Однако специфический характер туристической деятельности - длительные циклы сделок, высокие риски сезонности, сложная структура доходов (агентские и комиссионные) и высокий уровень предоплат - создает значительные проблемы при унификации учетных процедур.

Учёт финансовых результатов в сфере туризма имеет свои особенности, обусловленные длительным циклом оказания услуг, агентскими отношениями и спецификой продукта (турпакета). Для корректного отражения финансового результата ключевым является выбор учетной модели, особенно в части **признания выручки** [1,119].

Цель учета - Применять принципы «Брутто» и «Нетто» при расчете финансового результата и составлять фрагмент Отчета о прибылях и убытках для двух разных субъектов

туристического рынка РК [1,121].

Проблема адекватного отражения финансовых результатов и специфической отчетности в туристической отрасли в контексте различных учетных моделей (например, национальных стандартов, МСФО, или традиционного учета, включая управленческий) является предметом активного изучения как отечественных, так и зарубежных исследователей.

Многие авторы, такие как группа авторов аудиторской компании U.S. member firm of Grant Thornton International Ltd. [2,238], подчеркивают уникальные особенности туристического бизнеса, которые затрудняют его стандартизированный учет. К ним относятся:

1. Длительность цикла создания продукта (бронирование, предоплата, потребление услуги).

2. Высокая доля нематериальных активов (бренд, IT-системы бронирования).

3. Сложная структура себестоимости (транспорт, проживание, комиссии).

В частности, крупная аудиторская фирма Grant Thornton International Ltd. [2,238] фокусируется на том, как пятиступенчатая модель признания выручки IFRS 15 влияет на отражение предоплат и отложенных обязательств в туристических компаниях, что является критически важным для оценки их ликвидности.

Особое внимание уделяется влиянию МСФО (IFRS) 15 "Выручка по договорам с покупателями" [3], который кардинально изменил подход к признанию доходов.

Исследователи, такие как Кабир и Су (Kabir & Su, 2022) [4;99], анализируют, как внедрение IFRS 15 повлияло на признание выручки и финансовые отчеты фирм в секторе гостеприимства и туризма, отмечая тенденцию к отсрочке признания выручки для многих компаний.

В частности, работы, посвященные применению IFRS 15 в этом секторе (например, практические руководства IAS Plus и IATA), фокусируются на следующих сложностях:

- Разделение обязательств: Определение того, является ли туристический пакет одним или несколькими отдельными обязательствами (передача билета, предоставление проживания, экскурсии).

- Учет предоплат: Признание авансовых платежей как контрактных обязательств (Contract Liabilities) до момента фактического удовлетворения обязательства (например, завершения тура).

- Переменное вознаграждение (Variable Consideration): Учет бонусных программ, скидок и комиссий, которые делают конечную цену неопределенной.

Особое внимание уделяется сравнению МСФО и национальных систем, что позволяет оценить прозрачность и сопоставимость финансовой информации.

Международный аспект: Исследователи, такие как Чоя и Мика (Choi & Meek, 2005) [5;455] в своем фундаментальном труде «International Accounting», подчеркивают, что стандартизация (МСФО) является ключевым элементом, позволяющим внешним пользователям, таким как инвесторы, легко сравнивать финансовые результаты гостиничных сетей и туроператоров, работающих на разных рынках.

Казахстанский аспект: В контексте Республики Казахстан данную проблему активно исследовали Товма Н.А. [1;119-123], Досмамбетова А.С. [6;79-82], и другие. Эти авторы концентрируются на:

- Адаптация: Проблемы адаптации международных принципов к Национальным стандартам финансовой отчетности (НСФО РК), особенно для малого и среднего бизнеса в туризме.

- Налоговый учет: Различия между финансовым и налоговым учетом, в частности, в отношении определения базы для НДС (для турагентов, где объектом часто выступает только комиссионное вознаграждение).

Теоретический анализ

Материалы и методы

Методологической основой исследования послужили методы сравнительного анализа, систематизации, а также метод параллельного пересчета (реконсолидации). Информационной базой послужили официальная и внутренняя управленческая отчетность 10 туристических компаний РК (туроператоры, турагентства, гостиницы) за период 2022–2024 гг. (3 финансовых года), а также труды ведущих отечественных (Товма Н.А., Досмамбетова А.С.) и зарубежных (Кабир и Су, Чоя и Мика, и соавт.) специалистов.

Теоретическая основа: Две ключевые учетные модели.

В зависимости от роли туристической компании (туроператор или турагент), применяются две принципиально разные модели учета выручки: признание валовой выручки и признание чистой выручки [6,81].

Таблица – 1. Модели признания выручки в туризме

Модель	Субъект учета	Признание выручки	Финансовый результат (Доход)
1. Модель «Туроператор» (Валовая) «Брутто»	Туроператор	Признается вся общая стоимость проданного турпродукта (билеты, проживание, экскурсии).	Доход = Общая стоимость турпродукта (Выручка) - Себестоимость (затраты на отели, перевозчиков и т.д.)
2. Модель «Турагент» (Чистая) «Нетто»	Турагент	Признается только комиссионное вознаграждение или агентское вознаграждение.	Доход = Сумма полученного вознаграждения (Выручка)

Ключевой принцип (МСФО 15): Компания признает валовую выручку, если действует как Принципал (Контролирующее лицо), и чистую выручку (комиссию), если действует как Агент (Посредник) [7].

Практическое применение: Определение роли (Принципал [7] - Агент)

Для определения правильной учетной модели необходимо ответить на вопрос: Контролирует ли компания услугу до ее передачи клиенту?

Таблица – 2. Признаки контроля туристической услуги Туроператором и Турагентом

Признак контроля (Принципал / Туроператор)	Признак посредничества (Агент / Турагент)
1. Несет основную ответственность за предоставление услуги.	1. Не несет риска по нереализованным или отмененным услугам.
2. Несет инвентаризационный риск (например, выкупленные заранее блоки мест в отелях).	2. Не определяет цены (цена устанавливается принципалом).
3. Самостоятельно устанавливает цены для конечного потребителя.	3. Доход фиксирован (комиссия или процент).
4. Несет кредитный риск (риск неплатежа со стороны клиента).	4. Действует от имени третьего лица (отеля, авиакомпании).

Результаты и обсуждение.

Рассмотрим на практическом задании сравнение учетных моделей [8, 195].

Предлагаемые задания помогут сравнить влияние двух моделей на финансовую отчетность.

Задание 1. Сравнение финансового результата

Исходные данные: Туристическая компания ТОО "Вояж" в отчетном месяце заключила сделку на сумму 1 000 000 тенге.

1. **Сценарий А (Модель Туроператора):** ТОО "Вояж" сформировало собственный турпродукт. Себестоимость (отели, перелеты, налоги) составила **800 000 тенге**.

2. **Сценарий Б (Модель Турагента):** ТОО "Вояж" продало чужой тур, получив фиксированное комиссионное вознаграждение в размере **15%** от общей стоимости. (Общая стоимость – 1 000 000 тенге).

Таблица – 3. Признание выручки у Туроператора и Турагента

Показатель	Сценарий А (Туроператор)	Сценарий Б (Турагент)
Общая стоимость сделки (Тенге)	1 000 000	1 000 000
Выручка / Доход (Признание)	1 000 000 (Валовая)	150 000 (Чистая – Комиссия 15%)
Себестоимость / Расходы (Тенге)	800 000	0
Валовая прибыль (Тенге)	200 000	150 000

Теперь можем рассмотреть бухгалтерские проводки у Туроператора и Турагента.

Задание 2. Анализ бухгалтерских проводок

Задача: Отобразить в учете обе сделки, предполагая, что услуги оказаны и средства получены. (Счета: 1010 - Денежные средства, 6010 - Выручка от реализации, 7010 - Себестоимость реализованной продукции, 3310 - Кредиторская задолженность перед поставщиками, 6020 - Доход от комиссионного вознаграждения).

Таблица – 4. Признание выручки на счетах бухгалтерского учета у Туроператора и Турагента

Сделка	Дебет	Кредит	Сумма (Тенге)	Назначение
Сценарий А (Туроператор)				
1. Получены средства от клиента	1010	6010	1 000 000	Признание валовой выручки
2. Списана себестоимость турпродукта	7010	3310	800 000	Признание расходов на реализацию
Сценарий Б (Турагент)				
1. Получена комиссия от туроператора	1010	6020	150 000	Признание чистой выручки (комиссии)
2. Перечислены средства туроператору	3310	1010	850 000	Перечисление средств

				принципалу (транзитные деньги)
--	--	--	--	--------------------------------------

Туристические услуги многообразны. Поэтому необходимо раскрыть вопрос - Учет в многоэтапных турах.

Рассмотрим следующий пример.

Ситуация: Туроператор продал годовой абонемент на серию региональных экскурсий за 360 000 тенге. Экскурсии проводятся ежемесячно. Оплата получена 1 января 2026 года.

Вопрос: Как и когда туроператор должен признавать выручку (доход) от этой сделки?

• Подсказка: Используйте принцип Начисления и концепцию Доходов будущих периодов. Выручка признается по мере предоставления услуги.

• Решение: Выручка в размере 360 000 тенге не может быть признана сразу. Она должна быть отражена на счете Доходы будущих периодов (4410). Ежемесячно (по мере проведения экскурсии) в доход будет признаваться $360\,000 / 12 \text{ месяцев} = 30\,000$ тенге (Проводка: Дт 4410 Кт 6010).

В рамках указанного Постановления в настоящее время государственные высшие образовательные учреждения устанавливают тесные партнерские отношения с ведущими зарубежными вузами и центрами. Вместе с этим ведется работа по широкому внедрению в учебный процесс передовых педагогических технологий, учебных программ и методических материалов, основанных на международных образовательных стандартах. С учетом перспектив комплексного развития регионов и отраслей экономики, потребностей территориальных и отраслевых программ формируются целевые параметры подготовки кадров в соответствии с высшим образованием, оптимизируются направления и специальности обучения. Последовательно осуществляется работа по решению проблемы создания и внедрения в систему высшего образования учебных пособий нового поколения, обеспечения вузов современной учебной и научной литературой. Налажена работа по

переводу новейшей зарубежной литературы на узбекский язык.[11,204]

Неуклонное повышение уровня и качества профессионального мастерства педагогических кадров требует прохождения курсов повышения квалификации, стажировки сотрудников, обучения выпускников высших образовательных учреждений по программам PhD и магистратуры за рубежом. Ныне каждым высшим образовательным учреждением страны разрабатывается конкретная программа по этому направлению.

Не прекращается работа по привлечению ведущих зарубежных университетов к открытию своих филиалов в Узбекистане. Если до 2017 года было организовано обучение в столичных филиалах 7 зарубежных университетов, а именно Международного Вестминстерского университета, Сингапурского института развития менеджмента, Туринского политехнического университета, Московского государственного университета, Российского государственного экономического университета имени В. Плеханова, Российского института нефти и газа имени Губкина, Южно–Корейского университета ИНХА, то уже в 2018 году в Узбекистане начали деятельность 13 новых вузов, в частности Международный университет туризма «Шелковый путь» в Самарканде, филиал Национального исследовательского технологического университета «МИСиС» (Россия) в Алмалыке и Университета Пучон Южной Кореи в Ташкенте и др.[12,205]

Кроме того, Узбекистан активно работает над созданием международных научных центров и вузов, что позволяет студентам получать образование по международным стандартам и участвовать в глобальной научной деятельности.

Цель всех этих системных и последовательных преобразований, осуществляемых в системе образования - создать условия для формирования гармонично развитой личности. Это вызвано тем, что конечный успех реформ в стране во многом зависит от образования и воспитания молодежи, формирования ее мировоззрения на основе современных знаний, духовности и просвещения. В частности, в противодействии таким угрозам, как терроризм и экстремизм, сегодня уже не эффективно бороться лишь с их последствиями, главной задачей становятся искоренение первопричин этих угроз, воспитание молодежи в духе высоких идеалов гуманизма. Узбекистан выступает именно за такой подход к решению важнейших проблем современности.

Таким образом, новые образовательные стандарты должны стать одним из важнейших средств повышения уровня подготовки специалистов с высшим образованием через освоение в процессе обучения основ профессиональной деятельности, методов, приемов и навыков индивидуального и коллективного выполнения научно-исследовательских работ, развития способностей к научному творчеству, исследовательской самостоятельности и, как следствие - формирования высокопрофессиональных специалистов способных к генерированию новых знаний и их эффективному применению в условиях глобализации. В Узбекистане велико понимание того, что постоянные инвестиции в так называемый «человеческий капитал» и образование, являются залогом формирования развитого демократического государства, постоянным двигателем прогресса и неременным условием модернизационной направленности общегосударственного развития.

Реформирование государственной образовательной политики направлена на открытость, модернизацию и международную интеграцию. Ведущую роль в этих процессах играют: расширение сотрудничества с зарубежными университетами; внедрение международных образовательных стандартов; открытие филиалов иностранных вузов в стране; участие в международных образовательных проектах и форумах.

Среди ключевых инициатив, реализуемых на международных площадках, можно выделить следующие:

Открытие филиалов зарубежных вузов: в Узбекистане функционируют представительства таких университетов, как Российский экономический университет им. Плеханова, Университет Инха (Южная Корея), Сингапурский институт менеджмента и др.

Все открытые филиалы действуют на основе соглашений между Республикой Узбекистан и зарубежными учебными заведениями. Зарубежные филиалы обеспечивают реализацию учебных программ с участием международных партнеров, зачастую по стандартам «материнского» университета, важно отметить, что они способствуют переносу образовательных моделей, технологий, преподавательского опыта и связей с индустрией.

Для Узбекистана открытые зарубежные филиалы повышает качество образования за счет применения передовых подходов и практик зарубежных вузов. Способствует подготовке кадров, конкурентоспособных на международном рынке труда (особенно в сферах ИТ, логистики, бизнеса). Улучшает научно-исследовательский потенциал страны: создание центров, лабораторий, стартап-экосистем в рамках филиалов. И самое важное укрепляет международное сотрудничество: студенты и преподаватели становятся «мостами» между Узбекистаном и зарубежными образовательными центрами.

Двусторонние соглашения и программы обмена: Узбекистан заключил более 100 соглашений с зарубежными странами в сфере образования. Осуществляются академические обмены, совместные научные исследования, языковые программы. Так, на сегодняшний день, реализуются программы обмена с вузами из Южной Кореи (KOICA, KOREATECH, Inha: образовательные и исследовательские обмены, включая ИТ и инженерные науки), РФ (квоты на бесплатное обучение в российских вузах, работа представительств РУДН, МГУ и др.), Германии (DAAD: ежегодно десятки студентов и преподавателей проходят обучение и стажировки), Китая (стипендии правительства КНР, развитие институтов Конфуция, обмен аспирантами), Индии (программа ИТЕС, поддержка онлайн-курсов и технических стажировок) и др., которые представлены в форме поддержки краткосрочных и долгосрочных стажировок, летних школ, исследовательских визитов. Через установленные программы развивается коллаборация между узбекскими и зарубежными университетами по актуальным тематикам — агротехнологии, климат, цифровизация, инженерия, медицина и пр. В результате студенты получают опыт международного обучения, стажировок и общения, что увеличивает их шансы на трудоустройство как внутри страны, так и за рубежом.

Участие в международных организациях. Узбекистан на сегодняшний день активно развивает сотрудничество с такими международными организациями, как ЮНЕСКО, ОБСЕ, ЮНИСЕФ, Всемирный банк, Азиатский банк развития (АБР), ЕС, и др. Эти взаимодействия охватывают широкий круг направлений — от реформирования образовательной системы до внедрения цифровых технологий, обеспечения инклюзии, гендерного равенства и развития человеческого капитала. Так, разработанная и принятая Стратегия развития образования Узбекистана до 2030 года реализуется в сотрудничестве с ЮНЕСКО и Всемирным банком. А поддержка дошкольного и инклюзивного образования реализуется совместно с ЮНИСЕФ. Цифровизация образования в нашей стране поддерживается со стороны Всемирного банка, АБР, Европейского Союза. Особое значение имеют проекты по расширению STEM-образования и внедрению цифровых навыков в школьную программу. Гуманитарное сотрудничество и академическая дипломатия поддерживается со стороны ОБСЕ, ЮНЕСКО.

Если говорить о конкретных проектах, то необходимо указать проект Всемирного банка, который мониторит Индекс человеческого капитала, направленный на улучшение учебных программ, профессиональное развитие учителей и создание системы мониторинга качества образования.[13] Другой проект ЮНЕСКО по обучению учителей устойчивому развитию (ESD Teacher Training Program), запущен с целью обучения педагогов экологическому и гражданскому воспитанию. Необходимо выделить запущенную программу PISA (Programme for International Student Assessment) с 2022 года, как важный шаг в направлении международной сопоставимости качества образования. Указанные

проекты финансируются за счет международных грантов и кредитов, что позволяет модернизировать образование при ограниченных ресурсах.

Цифровизация образования и онлайн-сотрудничество: развитие дистанционного обучения в международном формате, участие в глобальных онлайн-платформах. Вообще, цифровизация образования - одно из приоритетных направлений развития образовательной системы Узбекистана, которая демонстрирует необходимость устойчивых онлайн-решений. В рамках международного сотрудничества Узбекистан активно участвует в цифровых образовательных инициативах, интегрируется в глобальные онлайн-платформы, развивает дистанционное обучение. Прорывом можно назвать разработку «UzEdu» — национальной электронной платформы для школьного и вузовского образования.[14]

Среди примеров международного цифрового сотрудничества необходимо указать: World Bank EdTech Project – проект цифровизации в рамках реформ школьного образования (разработка цифровой инфраструктуры, обучение преподавателей); проект с KOICA (Южная Корея) – цифровые лаборатории, онлайн-курсы, совместная разработка электронных учебных материалов; курсы с Microsoft и Cisco – обучение ИКТ и цифровым навыкам в онлайн-формате, сертификация; обмен через платформу Erasmus+ Virtual Exchange – участие студентов и преподавателей в международных онлайн-семинарах, курсах и дебатах и др.

Участие в международных образовательных инициативах оказывает существенное влияние на внутренние процессы: модернизация содержания образования; повышение квалификации преподавателей; развитие академической мобильности; привлечение иностранных студентов; повышение конкурентоспособности выпускников на глобальном рынке труда.

Результаты и их обсуждение

Современная образовательная политика Республики Узбекистан характеризуется выраженной направленностью на международное сотрудничество, интеграцию в глобальное образовательное пространство и использование образования в качестве инструмента гуманитарной дипломатии. Активное участие в международных форумах, стратегическое развитие партнёрских отношений с ведущими зарубежными университетами, создание совместных образовательных учреждений и внедрение международных стандартов обучения свидетельствуют о целенаправленной ориентации страны на построение открытой, конкурентоспособной и инновационной образовательной системы. Эти инициативы не только способствуют повышению качества образования внутри страны, но и формируют имидж Узбекистана как надежного и компетентного партнёра в сфере науки и образования на международной арене.

Важно продолжить развивать международные образовательные программы с акцентом на научные исследования и академическую мобильность, акцентируя внимание на совместных исследовательских проектах (joint research) с зарубежными университетами и научными центрами. Необходимо расширять двусторонние программы обмена преподавателями и студентами, включая краткосрочные стажировки, летние школы и программы двойных дипломов. Кроме того, необходимо обеспечить государственное софинансирование таких проектов и предусмотреть преференции для вузов, успешно реализующих международные программы.

Следует стимулировать открытие новых филиалов зарубежных университетов в регионах Узбекистана, особенно в тех, где отсутствует доступ к качественному высшему образованию. Кроме того, необходимо развивать гибридные модели сотрудничества (например, онлайн-офлайн университеты или транснациональные кампусы);

Узбекистану целесообразно усилить участие в глобальных образовательных инициативах и институтах, таких как: ЮНЕСКО, ОЭСР (в частности, программы PISA,

TALIS, Education 2030). Это позволит Узбекистану влиять на формирование глобальной образовательной повестки, отстаивать национальные интересы и продвигать узбекские вузы на международной арене. Также важно участие национальных представителей в международных экспертных группах и рабочих комиссиях.

Образование должно рассматриваться как инструмент стратегического влияния и формирования долгосрочных партнерств. А для этого важно активизировать работу национальных образовательных представительств и атташе за рубежом; разрабатывать цифровые платформы открытого образования (на английском и других языках) для привлечения иностранных студентов; расширить число стипендий и грантов для иностранных граждан, особенно из стран СНГ, Центральной Азии, Африки и Юго-Восточной Азии; использовать образовательные мероприятия (форумы, олимпиады, летние школы) как площадки для культурной и научной дипломатии.

Особое внимание уделить разработке национального механизма оценки эффективности международных образовательных проектов, который призван включать методики мониторинга результативности (влияние на качество образования, академическую успеваемость, мобильность, трудоустройство выпускников); регулярную обратную связь от вузов, студентов, работодателей и зарубежных партнёров; гибкую адаптацию международных практик к местному контексту. Также важно внедрить цифровые инструменты управления данными об эффективности проектов и обеспечить открытость для анализа и корректировки образовательной политики.

Выводы и заключение

Республика Узбекистан демонстрирует устойчивую тенденцию к интеграции международных образовательных инициатив в контекст государственной стратегии модернизации и внешнеполитического позиционирования. Это свидетельствует не только о признании ключевой роли образования в социально-экономическом развитии, но и о понимании необходимости соответствовать глобальным стандартам. Образование становится важным компонентом стратегии «открытого Узбекистана», направленной на повышение инвестиционной привлекательности, развитие человеческого капитала и формирование имиджа страны как активного и ответственного участника международного сообщества.

Международное сотрудничество в сфере образования оказывает мощное мультипликативное воздействие на внутренние реформы. Благодаря трансферу знаний, участию в совместных научных проектах, а также адаптации лучших международных практик, происходит качественное обновление методологических и технологических подходов в образовательной системе. Одним из важнейших результатов этого процесса является повышение профессионального уровня преподавателей через программы переподготовки, стажировки за рубежом, участие в сетевых университетах и международных конференциях. Всё это способствует формированию устойчивой среды для инноваций и академического обмена.

Активное участие Узбекистана в международных образовательных инициативах способствует расширению академической мобильности студентов, преподавателей и исследователей. Это не только стимулирует циркуляцию знаний, но и обеспечивает устойчивый культурный обмен, необходимый для формирования межкультурной компетентности — одного из ключевых навыков XXI века. Такой подход способствует переходу от изолированного национального образования к модели, встроенной в глобальные академические и научные процессы, что усиливает интеграцию страны в мировое образовательное пространство.

Образовательные инициативы играют важную роль в продвижении интересов страны на международной арене, функционируя как элемент «мягкой силы». Через

создание совместных университетов, академических программ, стипендий для иностранных студентов и участие в глобальных образовательных форумах Узбекистан формирует привлекательный и открытый образ государства, ориентированного на диалог и сотрудничество. Такие подходы укрепляют доверие со стороны международного сообщества, способствуют расширению международных контактов и обеспечивают долгосрочные репутационные выгоды.

Список литературы

1. Бурунчук Л. Инвестиции в будущее [Электронный ресурс] // Gazeta.uz. 2018.4 сентября. Доступно на: <https://www.gazeta.uz/ru/2018/09/04/education/> (от 04.11.2025).
2. Муминов А.Г. Реформы в образовании Узбекистана: состояние и перспективы // Бюллетень науки и практики. 2019. Т. 5. №8. С. 202-208.doi:10.33619/2414- 2948/45/22
3. Узбекистан сосредоточится на реформах образования в 2025 году. Доступно на: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (от 25.12.24г.)
4. В Узбекистане внедрят новые способы повышения квалификации и зарплат врачей и учителей. Доступно на: <https://fergana.ru/news/136098/>
5. Узбекистан сосредоточится на реформах образования в 2025 году. Доступно на: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (от 25.12.24г.)
6. Узбекистан сосредоточится на реформах образования в 2025 году. Доступно на: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (от 25.12.24г.)
7. Узбекистан сосредоточится на реформах образования в 2025 году. Доступно на: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (от 25.12.24г.)
8. В Узбекистане внедрят новые способы повышения квалификации и зарплат врачей и учителей. Доступно на: <https://fergana.ru/news/136098/> (от 25.12.24г.)
9. О Государственной программе по реализации Стратегии «Узбекистан - 2030» в Год охраны окружающей среды и «зеленой экономики». Доступно на: <https://uza.uz/oz/posts/ozbekiston-2030-strategiyasini-atrof-muhitni-asrash-va-yashil-iqtisodiyot-yilida-amalga-oshirishga-oid-davlat-dasturi-togrisida> 686016 (от 12.05.25.)
10. Постановление Президента Республики Узбекистан «О мерах по дальнейшему развитию системы высшего образования» от 20 апреля 2017 года № ПП-2909.
11. Муминов А. Г. Реформы в образовании Узбекистана: состояние и перспективы // Бюллетень науки и практики. 2019. Т. 5. №8. С.204. doi.org/10.33619/2414- 2948/45/22
12. Муминов А. Г. Реформы в образовании Узбекистана: состояние и перспективы // Бюллетень науки и практики. 2019. Т. 5. №8. С.205 doi.org/10.33619/2414- 2948/45/22
13. Education Excellence Towards Human Capital and Economic Growth in Uzbekistan. Uzbekistan:ASA-P174517September15,2021 Доступно на: <https://documents1.worldbank.org/curated/txt>
14. Новый образовательный контент для Нового Узбекистана 20 декабря 2021 г. Доступно на: <https://www.uzedu.uz/ru/news/514>

Referens list:

1. Burunchuk L. Investitsii v budushchee [Elektronnyi resurs] // Gazeta.uz. – 2018. – 4 sentyabrya. – Dostupno na: <https://www.gazeta.uz/ru/2018/09/04/education/> (ot 04.11.2025).
2. Muminov A. G. Reformy v obrazovanii Uzbekistana: sostoyanie i perspektivy // Byulleten' nauki i praktiki. 2019. T. 5. №8. S. 202-208.doi:10.33619/2414- 2948/45/22

3. Uzbekistan sosredotochitsya na reformakh obrazovaniya v 2025 godu. Dostupno na: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (ot 25.12.24g.)

4. V Uzbekistane vnedryat novye sposoby povysheniya kvalifikatsii i zarplat vrachei i uchitelei. Dostupno na: <https://fergana.ru/news/136098/>

5. Uzbekistan sosredotochitsya na reformakh obrazovaniya v 2025 godu. Dostupno na: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (ot 25.12.24g.)

6. Uzbekistan sosredotochitsya na reformakh obrazovaniya v 2025 godu. Dostupno na: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (ot 25.12.24g.)

7. Uzbekistan sosredotochitsya na reformakh obrazovaniya v 2025 godu. Dostupno na: <https://daryo.uz/ru/2024/12/25/uzbekistan-sosredotocitsa-na-reformah-obrazovania-v-2025-godu> (ot 25.12.24g.)

8. V Uzbekistane vnedryat novye sposoby povysheniya kvalifikatsii i zarplat vrachei i uchitelei. Dostupno na: <https://fergana.ru/news/136098/> (ot 25.12.24g.)

9. O Gosudarstvennoi programme po realizatsii Strategii «Uzbekistan – 2030» v God okhrany okruzhayushchei sredy i «zelenoi ekonomiki». Dostupno na: https://uza.uz/oz/posts/ozbekiston-2030-strategiyasini-atrof-muhitni-asrash-va-yashil-iqtisodiyot-yilida-amalga-oshirishga-oid-davlat-dasturi-togrisida_686016 (ot 12.05.25.)

10. Postanovlenie Prezidenta Respubliki Uzbekistan «O merakh po dal'neishemu razvitiyu sistemy vysshego obrazovaniya» ot 20 aprelya 2017 goda № PP-2909. Dostupno na: <https://lex.uz/docs/3171587>

11. Muminov A. G. Reformy v obrazovanii Uzbekistana: sostoyanie i perspektivy // Byulleten' nauki i praktiki. 2019. T. 5. №8. S. 204. doi.org/10.33619/2414- 2948/45/22

12. Muminov A. G. Reformy v obrazovanii Uzbekistana: sostoyanie i perspektivy // Byulleten' nauki i praktiki. 2019. T. 5. №8. S. 205. doi.org/10.33619/2414- 2948/45/22

13. Education Excellence Towards Human Capital and Economic Growth in Uzbekistan. Uzbekistan: ASA-P174517 September 15, 2021 Dostupno na: <https://documents1.worldbank.org/curated/txt>.

14. Novyi obrazovatel'nyi kontent dlya Novogo Uzbekistana 20 dekabrya 2021 g. Dostupno na: <https://www.uzedu.uz/ru/news/514>

Сведения об авторе ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта) **Сугуралиева Фарида Ушкупуровна** – кандидат исторических наук, и.о. доцента кафедры «История» Национального педагогического университета Узбекистана им. Низами. Республика Узбекистан. Ташкент, adirafadiraf420@gmail.com

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА
LINGUISTICS AND LITERATURE

FTAXP: 17.71.07

<https://orcid.org/0009-0007-4750-9006>

Утегенова Г.Ж.*

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МЕДИАДАҒЫ КӨРІНІСІ
(TIKTOK, YOUTUBE, INSTAGRAM)

***Автор-корреспондент:** Gulzi_2615@mail.ru

Түйін: Бұл зерттеу еңбегі қазіргі таңдағы жаңа медиа платформаларындағы қазақ фольклорының көріністерін зерделеуге бағытталған. Нақтырақ айтсақ, TikTok, YouTube, Instagram секілді әлеуметтік платформалардағы дәстүрлі фольклорлық құндылықтардың (мысалдар: ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, батырлар жыры, салт-дәстүр жырлары және т.б.) қазіргі заманғы түрде қалай жаңғырып, пайдаланылып жатқанына талдау жасалады. Зерттеу барысында фольклорлық мұраның ықшамдалған, көрнекі, мультимедиялық форматта ұсынылу ерекшеліктері, аудиториямен өзара әрекеттесу жолдары және фольклордың визуалды және аудио форматтарға бейімделу процестері қарастырылады. Бұған қоса, аталған тенденцияның жас буынның ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыруға тигізер әсері де ескеріледі. Жұмыс барысында дәлелді мысалдарды негізге ала отырып, қазіргі медианың қазақ фольклорын жаңа қырынан таныту мен таратудағы мүмкіндіктері мен кемшіліктері көрсетіледі. Бұл тақырып фольклор мен медианың тоғысқан жерінде пайда болған жаңа мәдени құбылысты суреттейді және ұлттық мұраны сақтаудың жаңа әдістерін анықтауға бағытталады.

Кілт сөздер: қазақ фольклоры, жаңа медиа, TikTok, YouTube, Instagram, заманауи интерпретация, визуалды фольклор

МРНТИ: 17.71.07

<https://orcid.org/0009-0007-4750-9006>

Утегенова Г.Ж.*

к.филолог.н., доцент, ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

ОТРАЖЕНИЕ КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА В СОВРЕМЕННЫХ МЕДИА
(TIKTOK, YOUTUBE, INSTAGRAM)

***Автор-корреспондент:** Gulzi_2615@mail.ru

Аннотация: Данный исследовательский труд направлен на изучение проявлений казахского фольклора на современных медиа-платформах. В частности, будет проведен анализ того, как традиционные фольклорные ценности на социальных платформах, таких как TikTok, YouTube, Instagram (примеры: сказки, легенды, пословицы, песни героев, ритуальные песни и т. д.) воспроизводятся и используются в современном виде. В ходе исследования будут рассмотрены особенности представления фольклорного наследия в обтекаемом, визуальном, мультимедийном формате, способы взаимодействия с аудиторией и процессы адаптации фольклора к визуальным и аудиоформатам. Кроме того, учитывается влияние данной тенденции на формирование

национального мировоззрения молодого поколения, повышение интереса к культурному наследию. В ходе работы, на основе мотивированных примеров, демонстрируются возможности и недостатки современных медиа в представлении и распространении казахского фольклора в Новом Свете. Эта тема иллюстрирует новое культурное явление, возникшее на стыке фольклора и средств массовой информации, и направлена на определение новых методов сохранения национального наследия.

Ключевые слова: казахский фольклор, новые медиа, TikTok, YouTube, Instagram, современная интерпретация, визуальный фольклор

IRSTI: 17.71.07

<https://orcid.org/0009-0007-4750-9006>

Utegenova G.Zh.*

Candidate of Philology, Associate Professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

REFLECTION OF KAZAKH FOLKLORE IN MODERN MEDIA (TIKTOK, YOUTUBE, INSTAGRAM)

***Corresponding-author:** Gulzi_2615@mail.ru

Abstract: This research work is aimed at studying the manifestations of Kazakh folklore on modern media platforms. In particular, an analysis will be conducted of how traditional folklore values are used on social platforms such as TikTok, YouTube, Instagram (examples: fairy tales, legends, proverbs, hero songs, ritual songs, etc.) are reproduced and used in their modern form. The research will examine the features of presenting folklore heritage in a streamlined, visual, multimedia format, ways of interacting with the audience, and the processes of adapting folklore to visual and audio formats. In addition, the influence of this trend on the formation of the national worldview of the younger generation and the increased interest in cultural heritage is taken into account. In the course of the work, based on motivated examples, the possibilities and disadvantages of modern media in the presentation and dissemination of Kazakh folklore in a New Light are demonstrated. This topic illustrates a new cultural phenomenon that has emerged at the junction of folklore and mass media, and aims to identify new methods of preserving national heritage.

Keywords: Kazakh folklore, new media, TikTok, YouTube, Instagram, modern interpretation, visual folklore

Кіріспе

Қазақ фольклоры – ұлттың дүниетанымын, тарихын, әдет-ғұрыптары мен рухани қазыналарын айшықтайтын мәдени мұра. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз-әңгімелер, эпостар, хикаялар, даналық сөздер мен жұмбақтар – халық жадының айнасы. Ақпарат алмасудың қазіргі жолдары түбегейлі өзгерген шақта, фольклордың таралуына септігін тигізетін дәстүрлі тәсілдер – ақсақалдардың әңгімесі, отбасылық ұлағат, тілдік қарым-қатынас сынды әдістердің ықпалы азаюда. Жастардың көпшілігі ақпаратты әлеуметтік желілер мен медиа арқылы алатындықтан, фольклордың да осы жаңа арнаға бейімделуі қажет. Бүгінде фольклор тек этнографиялық жәдігер немесе әдеби мұра ғана емес, танымдық, тәлімдік мәні бар және мәдени кодты сақтаушы құрал ретінде маңызды. Сондықтан, осы асыл мұраны жас буынға жеткізетін тың тәсілдердің пайда болуы – заманның талабы. TikTok, YouTube, Instagram сынды платформалар шағын, әсерлі контентке негізделгендіктен, дәстүрлі фольклорлық элементтерді ықшам әрі қызықты түрде ұсынуға таптырмас алаң. Бұл арналарда фольклор жай ғана айтылып қоймай, әсерлі бейнеленеді: мысалы, ертегілер желісі бойынша түсірілген қысқа метражды фильмдер, мақал-мәтелдерге негізделген мотивациялық роликтер, салт-дәстүрлер төңірегіндегі челленждер мен хореографиялық көріністер – бәрі де ұлттық мұраны жаңаша, көзбен көретіндей етіп тірілудің көрінісі.

Цифрлық технологиялардың қарқынды өсуі және әлеуметтік желілердің жаһандық ауқымда таралуы қазақ фольклорына жаңа медиа алаңында қайтадан танылуға жол ашты.

TikTok, YouTube, Instagram сияқты платформаларда фольклорлық құндылықтар инновациялық форматтарда ұсынылып, әсіресе жас буынның назарын аударуда [1,118-123]. Бұл үрдіс фольклорды тек қана тарихтың бір бөлігі ретінде емес, бүгінгі күнмен байланысты, үздіксіз өркендейтін тірі мәдениет ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде қазақ фольклорының жаңа медиадағы көріністері, олардың мәні мен көпшілікке әсері жан-жақты талқыланып, ұлттық мұраны қазіргі заманғы қоғамда сақтау және дамыту жолдары қарастырылады.

Жаңа медиа және фольклор: теориялық негіздер:

Фольклор – халықтың дүниетанымын, өмір салтын, әдет-ғұрпын, наным-сенімін, тілін және мәдени кодын бейнелейтін рухани мұра. Ол ғасырлар бойы ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Дәстүрлі түсінікте фольклор тек ауызша айтылатын ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыздар, жырлар, әндер, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер жиынтығы ретінде қарастырылып келді. Алайда ХХІ ғасырдағы технологиялық және ақпараттық даму бұл ұғымның шекарасын кеңейтті. Цифрлық медианың пайда болуы және жаңа медиа платформаларының күн санап артуы фольклорды қабылдау, тарату және өңдеу процестеріне түбегейлі өзгерістер енгізіп отыр.

Фольклор – бұл тек мәдени мәтін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір қоғамдастықтың жады мен өмір сүру тәжірибесін бейнелейтін әлеуметтік-мәдени құбылыс. Оның негізгі сипаттамалары – авторсыздық, импровизация, көп нұсқалылық және ұжымдық жадқа негізделуі. Ғалымдар фольклорды «халық шығармашылығы» ретінде қарастыра отырып, оны тарихи кезеңдердегі халық санасының көрінісі деп таниды. Бұл тұрғыдан фольклор әлеуметтік функция атқарады: ол ұжымдық естелікті сақтайды, дүниетанымды қалыптастырады және мәдени байланыс орнатады.

Фольклордың әлеуметтік табиғаты оның қоғамдағы өзгерістерге бейімделе алу қабілетін де көрсетеді. Қайта айту, өңдеу және импровизация арқылы ол әрқашан жаңарып отырады. Бұл фольклорды тек өткеннің мұрасы емес, сонымен қатар қазіргі заман мәдениетінің белсенді бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа медиа – бұл интернет пен цифрлық технологиялар арқылы ақпаратты өндіру, тарату және тұтынуға мүмкіндік беретін медиа формалары. Осы ерекшеліктер фольклорды тарату тәсілдерін өзгертіп, оны жаңаша форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Мәселен, ертегілер, аңыздар, халық әндері TikTok, YouTube, Instagram сияқты платформаларда бейне, аудио, мәтін және графика арқылы ұсынылуы мүмкін. Бұл тек форманың өзгерісі емес, мазмұнның да трансформациясын білдіреді.

Америкалық мәдениеттанушы Генри Дженкинс жаңа медианың мазмұнын тек ірі медиа корпорациялар емес, қарапайым қолданушылар да жасап жатқанын атап өтеді. Оның «қатысу мәдениеті» (participatory culture) тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі медиатұтынушы енді пассивті көрермен емес, белсенді автор. Бұл өзгеріс фольклор саласына да тікелей әсер етеді. Мысалы, TikTok қолданушылары халық әндерін заманауи стильде қайта өңдеп, виралды контент жасайды. Немесе ұлттық киімдегі бейнелер, дәстүрлі би мен салттарды көрсететін роликтер көп қаралым жинайды. Осылайша, фольклор заманауи медиа құралдары арқылы жаңа өмірге ие болады. Бұл процесте халық шығармашылығының заманауи формасы жасалып жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Канадалық философ Маршалл Маклюэн «Медиа – бұл хабарлама» («The medium is the message») деген тұжырымымен танымал. Оның пікірінше, ақпаратты жеткізу тәсілі мазмұнға тікелей әсер етеді. Яғни, фольклор қай платформа арқылы ұсынылса, соған сай оның қабылдануы мен мағынасы да өзгереді. Мысалы, TikTok-тағы қысқа бейнелер халық ертегілерін ықшам форматта жеткізіп, көрерменнің қызығушылығын арттырады. Дегенмен, мұндай ықшамдалған мазмұн кейбір терең мағыналарды жойып жіберуі де мүмкін. Сонымен қатар, Instagram стористерінде немесе reels форматында ұлттық мерекелер, тағамдар мен киім үлгілері көрсетіліп, фольклор элементтері визуал арқылы қайта

жанданады. Платформа мүмкіндіктері мен шектеулері фольклордың қабылдануына әсер етеді. Осы форматтар фольклордың кең аудиторияға жетуіне және оның қазіргі замандағы маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Теориялық талдау

Фольклор - бұл тек өткеннің қалдығы емес, қазіргі қоғамның мәдени сұраныстарына бейімделе алатын тірі жүйе. Жаңа медиа бұл жүйеге серпін беріп, халық шығармашылығын сандық кеңістікте жаңғыртуға мүмкіндік жасайды. Генри Дженкинстің «қатысушылық мәдениеті» және Маклюэннің «медиа – бұл хабарлама» тұжырымдары фольклордың жаңа медиадағы өмірін түсіндіру үшін маңызды теориялық негіз бола алады. Цифрлық ортада фольклорлық элементтер жаңа форматқа еніп, визуалдық, интерактивті және қысқа мазмұндар арқылы аудиторияға ұсынылады. Бұл үрдіс бір жағынан мәдени мұраны сақтауға үлес қосса, екінші жағынан, оны қайта өңдеуге, жаңаша түсінуге жол ашады.

TikTok-тағы қазақ фольклоры. ТикТок – визуалды және ақпараттық байланыс құралы ретінде қысқа бейнелерге негізделген. Бұл платформа қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, мысалы ертегілер мен батырлар жырын, қазіргі заманғы көзқараспен ұсынады. Мәселен, «Керқұла атты Кендебай» эпосы ТикТок форматында қысқаша драмалық құрылыммен көрсетіледі, яғни кіріспе, даму және шешім. Бұл фольклорлық шығарманы бейнелеу арқылы клиптік ойлауға және жылдам қабылдауға бейімделген аудиторияның сұранысын қанағаттандыру тәсілі [2,15-98]. Сонымен қатар, танымал ТикТок авторлары қазақ стиліндегі киімдерді киіп, музыкалық сүйемелдеумен халықтық бейнелерді жандандырады. Бұл ұлттық құндылықтарды жаңа форматта ұсыну арқылы мәдени бірегейлікті нығайтатын тиімді тәсіл. Соңғы кездері қазақ фольклорына, әсіресе жастар арасында қызығушылықтың артқаны байқалады. ТикТок сияқты әлеуметтік желілер халық әндерін, билерін және ауыз әдебиетін таратудың маңызды құралына айналды. Жас орындаушылар мен өнерсүйер қауым өз өнерлері мен білімдерін қысқа роликтер арқылы бөлісіп, жергілікті және халықаралық көрермендерді тартады.

TikTok платформасында қазақ халқының ауыз әдебиетін жаңаша танытып жүрген бірнеше белсенді аккаунттар бар. Олар тек ақпарат таратумен шектелмей, фольклорды музыка, би және поэзия сынды өнер түрлері арқылы дәріптеп, ұлттық мәдениеттің кеңінен танылуына ықпал етуде.

@syrunkar_bazarbaiuly – Қызылорда облысынан шыққан дарынды жас домбырашы. TikTok әлемінде ол 50-ден астам күйі және 60-қа жуық жыры бар бай репертуарымен көпшілікке танымал. Орындаушының өнері мен шығармашылық қуаты сан мыңдаған тыңдарманның жүрегін жаулап, дәстүрлі күй мен жыр өнерін қазіргі заманғы аудиторияға жақындата түсуде. Бейнематериалдары дәстүрлі музыканың мәнін сақтай отырып, заманауи аудитория үшін қарапайым әрі тартымды стильде ұсынылады. Бұл тәсіл ұлттық музыканы визуалды-есту тұрғысынан жаңаша қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Қысқа видеолар арқылы тыңдарманға тез әсер ету, күй мен жырды фрагменттеу арқылы танымалдығын арттыру, алгоритмге сай жиі және тұрақты жарияланым жасау. Аудиториямен байланыс стратегиясы өзінің ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін көрсетіп қана қоймай, заманауи тыңдарманға жақындау үшін креативті тәсілдер қолданады. Мысалы: Комментарийлерге реакция жасау, жыр мен күйлерге көркем визуализация қосу, аудитория ұсыныстарын ескеру арқылы интерактивтілік арттыру. Домбырашының жұмысы тек өнерлік қана емес, мәдени-ағартушылық сипатқа ие. Жасөспірімдерге ұлттық аспапты тануға, үйренуге шабыт береді.

@dombra_kz аккаунты домбырамен орындалатын дәстүрлі күйлер мен әуендерді заманауи үлгіде үйлестіруге бағытталған. Орындаушы классикалық мұра мен жаңа музыкалық элементтерді біріктіре отырып, тыңдарманды қызықтырады және дәстүрлі музыканың қазіргі жастар арасында да сұранысқа ие екендігін дәлелдейді. Бұл тәсіл ұлттық

мұраны сақтай отырып, жаңаша жаңғыртудың тиімді жолы болып табылады.

@kara_jorga_dance – қара жорға биін дәріптеуге арналған парақша. Автор бидің тарихымен бөлісіп қана қоймай, үйрету сабақтарын жүргізеді және түрлі челленджер ұйымдастырады. Бұл аудиторияны белсенді қатысуға шақырып, ұлттық би өнеріне деген қызығушылықты арттырады.

Бұл TikTok парақшалары қазақ фольклорының әр қырын – музыка, би, жыр және күй бір-бірінен ерекше, бірақ біртұтас мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде ұсынады. Олардың қызметі фольклорлық мұраны сақтап қана қоймай, заманауи технологиялар арқылы кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде TikTok платформасы қазақ фольклорын жаңғыртып, кеңінен таратуда таптырмас құралға айналды. Бұл әлеуметтік желі жастар үшін ақпарат алудың басты көзі болғандықтан, дәстүрлі мәдениет элементтерін қазіргі заманға сай етіп ұсынуға зор мүмкіндіктер туғызады [3,95-100].

TikTok-та фольклорлық контент жасайтын аккаунттар саны күн сайын артуда. Олардың арасында екі ерекше мысалды атап өткен жөн.

@qazaq_folk_tales – қазақ халық ертегілері мен мифтерін насихаттауға арналған аккаунт. Бұл парақшада дәстүрлі әңгімелер қысқа бейнелер арқылы баяндалады, көз тартарлық көрнекі суреттермен және әуезді музыкамен әрлендіріледі. Бұл тәсіл фольклорлық мәтіндерді бүгінгі жастар үшін түсінікті әрі қызықты етіп көрсетеді, сонымен қатар аңыздық оқиғаларға жаңаша өмір сыйлайды.

@aitys_online – айтыс өнерін онлайн әлеміне шығарған платформа. Мұнда авторлар мен қатысушылар дәстүрлі поэтикалық сайысты TikTok форматында ұсынады, ақындар арасында онлайн айтыстар ұйымдастырады. Бұл жобалар ауыз әдебиетінің бірегей жанры айтыстың маңыздылығын арттырып, жаңа көрермендермен байланыс орнатуға септігін тигізеді.

TikTok-ты қазақ фольклорын ілгерілету құралы ретінде пайдаланудың бірнеше өзекті аспектілері бар: қысқа видеолар дәстүрлі мәдениеттің мазмұнын кең аудиторияға тез әрі тиімді жеткізеді. Қолданушыға ақпаратты қабылдауға аз уақыт қажет, бұл фольклор элементтерінің таралуын жеңілдетеді. Көрермен тек тамашалаушы емес, сонымен қатар белсенді қатысушы рөлін де атқара алады. Челленджерге қатысу, би мен әнді қайталау, пікір қалдыру арқылы жастар мәдениетке жақындай түседі. TikTok халықаралық платформа болғандықтан, ұлттық мұраны басқа елдердің өкілдерімен бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл мәдени түсіністік пен өзара құрметтің артуына жол ашады. TikTok дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заман арасындағы көпір қызметін атқара отырып, қазақ фольклорының жаңғыруына, насихатталуына және халықаралық деңгейде танылуына ықпал етіп отыр.

TikTok қазақ фольклорын жаңғырту мен насихаттаудың заманауи тұғырнамасына айналып отыр. Қысқа әрі тартымды видеоформат арқылы халық ауыз әдебиетінің түрлі жанрлары – ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер мен тұрмыс-салт жырлары – жастар аудиториясына бұрын-соңды болмаған жаңа қырынан ұсынылуда. Бұл үрдіске энтузиастар, шығармашылық орындаушылар мен контент жасаушылар белсенді араласып, дәстүрлі мәдениетті қазіргі заман тілімен сөйлетуге тырысуда.

Платформаның көмегімен фольклорлық мұра тек сақталып қоймай, заманауи формада қайта жанданып, жастардың мәдени танымын кеңейтуде [4,56-84]. Бұл – әсіресе, жаһандану үдерісі күшейген кезеңде ұлттық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралы. TikTok-тағы фольклорлық контент ұлттық бірегейлікті сақтап қана қоймай, оны заманауи аудиторияға тиімді жеткізе отырып, қазақи болмыстың өзектілігін дәлелдеуде.

Тәжірибелік бағыттар бойынша сараптап, жұмыс жасау бағыттарын нақтылайды. Мысалы:

- Контент аналитикасы бойынша, әрбір күй мен жырдың TikTok-тағы көрілім, лайк және пікір санын жүйелі түрде сараптап, ең танымал және аудиторияға ұнайтын бағыттарды анықтауға болады.

• Брендинг пен танымалдылықты арттыру мақсатында, орындау кезінде қолданылатын киім үлгісі, фон, жарық және камера бұрышын бірізді етіп, ерекше визуалды стиль қалыптастыру ұсынылады.

• Ынтымақтастық (коллаборация) тәжірибесін дамыту үшін басқа домбырашылармен, дәстүрлі әншілермен немесе қазіргі заманғы орындаушылармен (мысалы, рэп немесе beatmaker бағытындағы музыканттармен) бірігіп, жаңа форматтағы туындылар жасау тиімді болар еді.

• Білім беру контентін әзірлеу арқылы ұлттық өнерді жастарға насихаттауға болады; мысалы, «Күй үйренейік» атты қысқаметражды видеосабақтар жасап, домбыра тартуға қызығатын жастардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік бар.

• Көптілділік қағидатын қолдану арқылы қазақ күйлері мен жырларына қазақша және ағылшынша субтитрлер қосу, бұл орындаушыны халықаралық аудиторияға танытуға және ұлттық өнердің шекарасын кеңейтуге сеп болады [5, 45-51].

XXI ғасыр – цифрлық медиа мен ақпараттық технологиялардың дәуірі. Қазіргі қоғамда ақпаратты қабылдау және тарату тәсілдері түбегейлі өзгеріске ұшырап, жаңа медиа құралдары мәдени мұраны жеткізудің негізгі арналарына айналууда. Осы тұрғыда фольклор да заман талабына сай трансформацияланып, сандық кеңістікте өмір сүруде [6,189-192]. Бұрын тек ауызша айтылып, кейін жазбаша түрде сақталған халық шығармашылығы қазір мультимедиялық форматта – бейне, анимация, аудио және визуалды материалдар арқылы ұсынылады. Бұл өзгерісте YouTube платформасының рөлі ерекше.

YouTube – әлемдегі ең ірі видео-хостинг платформасы, ол кез келген қолданушыға видео жүктеп, бөлісуге, контент жасауға мүмкіндік береді. Бұл ашықтық пен қолжетімділік фольклорды қайта жаңғыртуға, насихаттауға және жас ұрпаққа жеткізуге үлкен жол ашып отыр. Фольклор – бұл халықтың рухани болмысын бейнелейтін ауызша шығармашылық, әлеуметтік тәжірибе, тарихи жад және мәдени кодтардың жиынтығы. Оның құрамына ертегілер, аңыздар, мифтер, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер кіреді. Әдетте фольклор ұрпақтан ұрпаққа ауызша жолмен берілетін, өзгермелі әрі бейресми мазмұнмен сипатталады [7,12-36]. Алайда, жаңа медианың мүмкіндіктері бұл құбылысты жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

YouTube – фольклорлық мұраны бейнелі түрде ұсынуға ең қолайлы платформалардың бірі. Оның техникалық мүмкіндіктері кең: видеоформат, анимация, музыкалық сүйемелдеу, субтитрлер, интерактивті аннотациялар арқылы мазмұнды түрлендіріп беруге болады. Бұл әдістер фольклорды тек тыңдап немесе оқып қабылдаудан гөрі визуалды және эмоционалды түрде сезінуге мүмкіндік береді. Мысалы, ертегіні кітаптан оқыған бала оның мазмұнын белгілі бір деңгейде елестетеді. Ал анимациялық видео ертегідегі оқиғаларды көру, дыбыстау, музыкалық атмосфера арқылы тұтас қабылдауға ықпал етеді. Осылайша, визуалды-есту арналар фольклордың әсерін күшейтеді.

YouTube платформасында балалар мен жасөспірімдерге арналған фольклорлық анимациялар ерекше орын алады. Қазақстандық «Balapan», «Kazakh Animation», «TayTayLand», «Januua Kids» сияқты арналар балаларға арналған қазақ ертегілері мен аңыздарын мультфильмдер арқылы ұсынып отыр. Бұл арналардағы контент қазақ халық ертегілерінің заманауи интерпретациясы, ұлттық кейіпкерлердің образдарын сақтау және жандандыру, моральдық және тәрбиелік мазмұнды визуализациялау негізінде көрініс табады. Мысалы, «Алдар көсе», «Ер Төстік», «Тазша бала» сияқты классикалық кейіпкерлер анимациялық тілмен сөйлеп, балаларға жақын бейнеде ұсынылады. Анимация арқылы халықтық өнегелі әңгімелер қызықты әрі көркем түрде жеткізіліп, ұлттық болмыс жас ұрпақтың санасына ерте жастан сіңіріледі. Анимациялық формат тек көңіл көтеру құралы емес, сонымен қатар тәрбиелік, танымдық және эстетикалық тәрбиені жүзеге асырудың маңызды құралына айналды.

YouTube-тағы тағы бір ерекше формат – фольклорлық подкасттар. Бұл форматта

фольклор тек баяндалып қана қоймай, этнографиялық, мәдениеттанушылық және тарихи тұрғыдан терең сарапталады. Мысалы: «Ұлттық код» подкастында ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер, мәдени феномендер мен олардың заманауи контексте қалай өзгеріп жатқаны талданады; «Тамыры терең тарих» жобасында тарихи аңыздар, тұлғалар, шежірелер баяндалып, халық жадындағы бейнелер арқылы ұлттық тарих жаңғырығы ұсынылады. Бұл подкасттар бейне және аудио форматта ұсынылып, жастардың ойлау, тыңдау, талдау машықтарын дамытуға әсер етеді. Сонымен қатар, фольклорды жай «ертегі» деңгейінде емес, терең мәдени қабат ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Подкаст форматындағы фольклор – заманауи интеллектуалдық аудиторияға бағытталған, ғылыми таным мен мәдени білімді ұштастыратын жаңа платформа.

YouTube-тағы фольклорлық контенттің тағы бір ерекшелігі – автор мен көрермен арасындағы кері байланыстың болуы. Пікір жазу, лайк/дизлайк қою, ұсыныстар жасау, тікелей сұрақтар қою арқылы көрермен өз ойын білдіре алады. Бұл фольклорлық мазмұнның дамуына, жаңаруына және сұранысқа сай түрленуіне ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір ертегіге байланысты пікірлер бөлігінде оқырман өз нұсқасын ұсына алады немесе кейіпкерге байланысты тарихи не мифологиялық түсініктерді талқылауға ұсынады. Фольклор мазмұны тек ұсынылып қана қоймай, диалогтық форматта өмір сүреді.

YouTube – фольклорды сандық форматта сақтап, насихаттап қана қоймай, оны жаңа мағынада қайта құруға мүмкіндік беретін қуатты құрал. Анимациялық жобалар арқылы балалар мен жасөспірімдердің ұлттық мәдениетке қызығушылығы артып, фольклор заманауи бейнемен ұсынылады. Ал подкасттар мен лонгформат бейнелер фольклордың терең мазмұнын ашып, интеллектуалдық аудиторияға арналған маңызды ресурстарға айналуға. Цифрлық медианың бұл мүмкіндіктері ұрпақаралық байланысты нығайтып, мәдени мұраны заманауи технологиялармен үйлестіре отырып сақтауға жол ашады [8,112-118]. YouTube арқылы фольклор енді музейдегі жәдігер емес, күнделікті тұтынуға болатын, дамып, өзгеріп отыратын мәдени диалогтың бір бөлігіне айналды.

YouTube-тағы фольклорлық контентті білім беру бағытындағы арналар, балаларға арналған анимациялық контент, мәдени-этнографиялық жобалар сияқты үш негізгі бағытқа бөліп қарастыруға болады.

Фольклорды насихаттайтын негізгі YouTube арналар ретінде мыналарды ұсынамыз:

1. «Balapan» телеарнасының YouTube платформасы. «Balapan» – қазақ тіліндегі балалар арнасы. YouTube-тағы парақшасында фольклорлық ертегілердің анимациялық нұсқалары кеңінен жарияланады. Мысалы, «Алдар көсе», «Ер Төстік», «Тазша бала» сынды классикалық ертегілер мультфильм форматына бейімделіп, ұлттық нақышта ұсынылады. Бұл балаларды фольклормен ерте жастан таныстырып, тілдік және мәдени ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

2. «Kazakh Animation». Бұл студия фольклорлық кейіпкерлерді қазіргі мультимедиа талаптарына сай өңдеп, көркем анимациялық туындылар жасайды. Ер Төстік, Қобыланды, Кендебай сынды батырлар туралы хикаялар заманауи стильде баяндалады. Арна фольклорлық мұраны тек сақтап қана қоймай, оны көркемдік тұрғыдан жаңғыртуға бағытталған.

3. «National Digital History» және «Qazhistory». Бұл арналар фольклорлық мәтіндерді тарихи-мәдени контексте ұсынады. Аңыздар мен мифтердің тарихи негіздері, этнографиялық маңызы және қазіргі мәні талданады. Сонымен қатар, фольклорлық кейіпкерлердің тарихи тұлғалармен ұқсастығы, сюжеттердің әлеуметтік-көркемдік мәні сарапталады. Бұл арналар ғылыми-ағартушылық мақсатта жұмыс істейді.

4. Жеке контент жасаушылар (blogger-фольклористер). Соңғы жылдары жеке контент жасаушылардың (мысалы, @qazaq.ertegi, @dasturmen.salt) да фольклорлық бағыттағы контентті жүйелі түрде жариялауы кең тарауда. Олар халық әндерін, жырларды, салт-дәстүр видеоларын, тіпті этнографиялық шолу жасауды да қолға алған. Контенттің басым бөлігі

қысқа формада (shorts) ұсынылады, бұл аудиторияны тез тартуға сеп болады.

YouTube-тағы фольклорлық контент келесі мазмұндық ерекшеліктерге ие: Визуалды әсерлер фольклорлық мазмұнды қабылдауды жеңілдетеді. Кейбір арналар балалар мен жасөспірімдерге арнап тілдік жағынан жеңілдетілген нұсқаларын ұсынады. Дәстүрлі күйлер мен әндер арқылы фольклорлық атмосфера жасалады. Комментарий, лайк, пікір алмасу арқылы аудиторияның қатысуы артады. Аудиторияға әсер тұрғысынан алғанда, YouTube фольклорды балалар үшін – тәрбиелік мазмұндағы құрал ретінде, жастар үшін – ұлттық мәдениетпен байланыс орнату жолы ретінде, ересектер үшін – мәдени ностальгия және ұлттық бірегейлік көзі ретінде ұсынады.

YouTube платформасы – қазақ фольклорын қазіргі заманға сай ұсынудың, сақтаудың және таратудың тиімді тетігіне айналып отыр. Бұл платформаның ашықтығы мен қолжетімділігі фольклорлық мұраны жаңғыртып қана қоймай, оны кең аудиторияға жеткізуге жол ашады. Алайда, бұл мүмкіндіктермен қатар бірқатар мәселелер де бар: кейбір контенттерде фольклорлық мәтіндердің бұрмалануы, мәдени контекстің ескерілмеуі байқалады. Сондықтан фольклорды YouTube арқылы насихаттауда ғылыми негізделген, авторлық қадағалауы бар контенттің үлесін арттыру – басты міндеттердің бірі. Болашақ зерттеулер YouTube-тағы фольклорлық контенттің сапалық анализін, аудиторияның қабылдау ерекшеліктерін және ұлттық санаға ықпалын кешенді түрде талдауға бағытталуы тиіс.

Instagram: фольклорлық визуалды мәдениет. Instagram визуалды мазмұнға негізделгендіктен, қазақ фольклоры мұнда сурет, иллюстрация, инфографика, стористер арқылы ұсынылады. Атап айтқанда, фольклорлық нақыштағы ою-өрнектер, ұлттық киімдер, ертегіден алынған символдар заманауи дизайнмен үйлестіріліп, эстетикалық тұрғыда тартымды түрде көрерменге ұсынылады. Кейбір парақшалар қазақы дастарқан, киіз үй, салттық рәсімдер бейнесі арқылы фольклорды күнделікті өмірмен байланыстырады. Бұл – фольклорды тек «өткеннің сарқыншағы» емес, қазіргі мәдени тәжірибе ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Цифрландыру дәуірінде әлеуметтік желілер тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны тарату мен жаңғыртудың маңызды медиалық алаңына айналды [9,54]. Әсіресе Instagram платформасы – визуалдық коммуникацияның қуатты құралы ретінде – фольклорлық контентті жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақ фольклоры – ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтың рухани өмірі мен дүниетанымын бейнелейтін мәдени мұра. Бұл мұра бүгінде Instagram-дағы бейнелер, иллюстрациялар, стористер, reels форматындағы қысқаша видеолар, инфографикалар мен мәтіндік жазбалар арқылы аудиторияға жаңаша жеткізілуде. Аталған мақалада Instagram-дағы фольклорлық контентті насихаттайтын парақшалар талданып, олардың мазмұны, бағыт-бағдары және мәдениетке тигізер ықпалы қарастырылады. Instagram – визуалды мазмұнға негізделген жаңа медиа платформасы. Ол қысқаша бейнелер (Reels), фотосуреттер, мәтіндік жазбалар, стористер, IGTV форматтары арқылы түрлі ақпаратты ықшам түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл фольклордың негізгі сипаттары – бейнелілік, символизм, ауызша дәстүр – жаңа медиа талаптарымен сәйкес келуіне жағдай жасайды [10,58-64]. Instagram-да фольклор этнографиялық фотосуреттер мен иллюстрациялар арқылы, мақал-мәтел, нақыл сөздерді инфографика түрінде жеткізу арқылы, ұлттық ертегілер мен аңыздарды сторис немесе reels форматында баяндау арқылы, дәстүрлі музыка, ұлттық тағам, киім үлгілері, салт-дәстүр элементтері арқылы мәдени кодты визуализациялау арқылы жолдармен ұсынылады.

Фольклорлық контент ұсынатын Instagram парақшасының бірі @dastur.men.salt. Бұл парақша қазақтың салт-дәстүрін, ырым-тыйымдарын, ұлттық киім, тағам, шежіре сияқты

фольклорлық элементтерді визуалды түрде ұсынады. Контент тарихи және мәдени негізге сүйенеді, заманауи дизайнмен үйлестірілген. Мақсаты – ұмыт қалған фольклорлық мазмұнды қайта жаңғырту және жас ұрпақтың қызығушылығын арттыру.

@qazaq_ertegi. Бұл парақша қазақ ертегілерін қысқа мәтін және иллюстрациялық форматта жариялайды. Әр постта ертегінің қысқаша мазмұны, тәрбиелік мәні және кейіпкерлері көрсетіледі. Көркем иллюстрациялар мен қазақи шрифтер фольклордың эстетикасын сақтауға көмектеседі.

@ethno_kazakhstan. Этнографиялық бағыттағы парақша. Мұнда тарихи фотосуреттер, дәстүрлі қолөнер туындылары, тұрмыстық заттар, киім үлгілері арқылы фольклор мен материалдық мәдениет байланыстырыла ұсынылады. Бұл визуалды деректер фольклорлық мұраны нақты артефактілер арқылы тануға мүмкіндік береді.

@qazheritage. Ұлттық мәдени мұраны танымал етуге бағытталған парақша. Контент мақал-мәтелдер, дәстүрлі музыка үзінділері, фольклорлық мәтіндер мен танымдық жазбалардан тұрады. Парақша аудиториямен интерактивті байланыс орнату үшін викториналар, пікірлер мен сауалнамалар жариялап отырады. Instagram-дағы фольклорлық контенттің басты мазмұндық сипаттамаларына көпқабатты визуалдық мазмұн – бейнелер мен мәтіндердің үйлесімі, ұлттық-танымдық бағыт – әрбір пост мәдени кодты сақтауға бағытталған, символдық мәндер – қазақ фольклорына тән образдар (Төле би, Алдар көсе, Самрұқ құс, Баба Түкті Шашты Әзиз т.б.), қысқа әрі ықшам мазмұн – Instagram алгоритмдері мен тұтынушының медиатұтыну ерекшеліктеріне бейімделген [11,33-39].

Аудитория тұрғысынан алғанда, бұл парақшалар жастарды ұлттық мәдениетпен таныстыру құралына айналып отыр. Фольклорды визуалды құрал арқылы эмоционалды қабылдауға мүмкіндік береді. Көптеген парақшалар Instagram-ды «цифрлық этнографиялық музей» ретінде қолдана бастады. Instagram-да фольклорлық контент ұсынудың келесі мәселелері де бар: түпнұсқалыққа сәйкестік – кей контенттерде тарихи-мәдени қателіктер кездеседі, коммерциялық сипат басымдығы – кейбір парақшалар фольклорды тек сәндік элемент ретінде ғана пайдаланады, тақырыптық үстірттік – мазмұн тек көрнекілікке құрылған, мағынасы ашылмай қалады. Алайда бұл кемшіліктер фольклорлық медианы жаңа медиада кәсіби деңгейде дамытуға деген сұраныс бар екенін көрсетеді. Болашақта Instagram контентін ғылыми-фольклортанулық негізде құру, кәсіби дизайнерлер мен этнографтармен бірлесіп жұмыс істеу – маңызды қадам болмақ.

Instagram – қазақ фольклорының қазіргі қоғамда қайта жандануына, визуалды және танымдық тұрғыдан кең аудиторияға таралуына ықпал етіп отырған маңызды жаңа медиа платформасы. Бұл кеңістік фольклорлық мазмұнды заманауи форматта ұсынып, ұлттық сана мен мәдени мұраға қызығушылықты арттыруға жол ашады [12,87-92]. Фольклорлық парақшалар – тек ақпарат көзі емес, сонымен бірге ұлттық кодты сақтау, таныту және мәдени идентификацияны нығайтудың жаңа формасы. Сондықтан болашақта фольклорлық контентті Instagram сияқты платформаларда ғылыми негізделген, сапалы және эстетикалық тұрғыдан бай мазмұнмен толықтыру өзекті болып қала бермек.

Салыстырмалық талдау:

TikTok – бұл қысқа видеоларға негізделген (15–60 секунд) платформа, оның басты ерекшелігі – клиповый, креативті және әсерлі мазмұнды тез таратуы. Бұл платформа негізінен жастарға, әсіресе Z ұрпағына бағытталған. Оның негізгі артықшылығы – мазмұнның тез таралуы мен интерактивтілігі. Алайда, мазмұнның қарапайымданып кету қаупі бар, яғни терең ақпарат беру мүмкіндігі шектеулі.

YouTube – ұзақ форматтағы видеоларға арналған (3–15 минут және одан да ұзақ), мұнда танымдық мазмұн, анимация және подкасттар кеңінен қолданылады. Бұл платформа отбасылық аудиторияға, жасөспірімдерге және оқытушылар сияқты кәсіби топтарға бағытталған. Оның басты артықшылығы – терең, сапалы мазмұн жасау мүмкіндігі және жоғары визуалды сапа. Дегенмен, видеолардың ұзақтығы мен жоғары бәсекелестік оның

кемшілігі болып табылады.

Instagram – негізінен визуалға бағытталған платформа, мұнда фото, қысқа видеолар (reels) және стористер басым. Оның мазмұны эстетикалық тұрғыдан көркем, ықшам және тартымды келеді. Бұл платформа жастарға, дизайнерлерге және визуалды стильге мән беретін эстеттерге арналған. Артықшылығы – көркемділік пен ықшамдылықта болса, шектеуі – мәтіндік немесе түсіндірмелік мазмұнның аздығында және визуалдың басым болуында. Жаңа медиа платформалар – қазақ фольклорының қазіргі қоғамдағы рөлін жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік беретін қуатты құрал. TikTok, YouTube, Instagram сынды алаңдарда фольклорлық мазмұнның бейімделуі – бір жағынан трансформация үдерісі болса, екінші жағынан ұлттық мұраны сақтаудың баламалы жолы [13,41]. Мұндай репрезентациялар арқылы фольклор бүгінгі ұрпаққа түсінікті әрі қызықты форматта жеткізіліп, оның өміршеңдігін сақтап қана қоймай, мәдениетаралық диалог пен ұлттық идентификацияны нығайтуға ықпал етеді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді фольклорлық контенттің сапасы, түпнұсқаға сәйкестік деңгейі және медиалық сауаттылық контекстінде жалғастыру маңызды.

Қорытынды

Қазақ фольклоры - ғасырлар қойнауынан жеткен рухани мұра, ұлттық болмыстың айнасы әрі тарихи жадының негізі. Тарихи кезеңдерге сай әртүрлі формада өмір сүрген бұл өнер бүгінде жаңа бір кезеңге – цифрлық медиадағы қайта жаңғыру дәуіріне аяқ басты. TikTok, YouTube, Instagram сияқты заманауи әлеуметтік платформалар қазақтың дәстүрлі күй, жыр, терме, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме сынды фольклорлық жанрларын жаңаша форматта таратуға мүмкіндік беріп отыр.

Жас орындаушылар мен фольклорлық мұраға бейжай қарамайтын заманауи контент өндірушілер осы алаңдарда ұлттық мәдениетті жаңғыртып, оны жаңа буынға жақындатудың тың үлгілерін көрсетуде. Атап айтқанда, TikTok-та қысқа видеолар арқылы күйлерді орындау, жырларды заманауи визуалды тәсілдермен сүйемелдеу, көркем аудио-видео элементтер қосу – фольклорды тек ақпарат көзі емес, креативті мазмұнға айналдырып отыр. Бұған @syrsunkar_bazarbaiuly сынды орындаушылардың тәжірибесі айқын дәлел.

Әлеуметтік желілердегі бұл трансформация фольклордың тек мазмұндық қана емес, функционалдық сипатын да өзгертуде. Бұрын көбіне тұрмыстық немесе салттық ортада орындалатын жыр-күйлер енді жаһандық аудиторияға бағытталған цифрлық өнімге айналып жатыр. Бұл фольклорды сақтап қалу ғана емес, оны заманауи мәдени ортада қайта тірілту, көпшілікке жеткізу және қайтадан мәдени коммуникацияның белсенді құралы ету жолындағы үлкен қадам. Дегенмен, бұл үрдістермен қатар бірқатар сын-тегеуріндер де қатар жүреді. Мысалы, фольклорлық мәтіндердің қысқартылуы, мағыналық контекстің жоғалуы, коммерциялануы сынды факторлар дәстүр мен цифрлық трендтің тепе-теңдігін сақтауды қажет етеді. Сондықтан медиадағы фольклорлық контентті жасау кезінде оның мәдени түп-тамырына, құрылымына, семантикасына, поэтикасына мұқият қарау маңызды.

Қорыта келе, қазақ фольклорының заманауи медиадағы көрінісі – бұл тек техникалық бейімделу емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және эстетикалық жаңғыру. Әлеуметтік желілер ұлттық кодты сақтап қалуға, оны жастардың дүниетанымына жақындатып ұсынуға таптырмас мүмкіндік беріп отыр. Осы мүмкіндікті ғылыми негізде зерттеу, әдістемелік тұрғыда жүйелеу және тәжірибелік бағытта қолдау – фольклордың болашақ ұрпақ санасында өміршең болуын қамтамасыз ететін маңызды міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омарова А.Б. Цифрлық медиадағы фольклорлық контент: трендтер мен трансформациялар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2022. №3 (189). 118-123 б.

2. Тұрсынов Қ. Қазақ эпосы және түркі мифологиясы. Алматы. Санат, 2001. 312б.
3. Аманжолова Д.М. Қазіргі медиамәдениет және фольклор: интеграция мәселелері // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Мәдениет сериясы. 2020. №1(65). 95-100 б.
4. Қоңырбаева А.С. Қазақ фольклоры және қазіргі заман: теориялық және әдістемелік негіздері. Алматы. Қазақ университеті, 2019. 316 б.
5. Сейтқасымов А. TikTok платформасындағы ұлттық музыкалық контенттің ерекшеліктері // Media Studies журналы. 2023. №2(5). 45-51 б.
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы. Жазушы, 1986. 284 б.
7. Рыбас Н.М. Цифровая культура: формы и тенденции развития. Москва: URSS, 2020. 240 с.
8. Федотова Л.Н. Молодежь и социальные медиа: влияние цифровой среды на культурные практики // Социологические исследования. 2021. №10. С. 112-118.
9. YouTube және TikTok платформаларындағы қазақ фольклорының контенттік талдауы: аналитикалық есеп / MediaNet халықаралық журналистика орталығы. Алматы, 2023. 54 б. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://medianet.kz/reports>
10. Сапарова А.К. Жаһандану жағдайындағы қазақ фольклоры: трансформация және жаңғыру // Мәдениет және өркениет журналы. 2022. №2. 58-64 б.
11. Баймаханов С. TikTok-тағы күй өнері: жас орындаушылар феномені // Digital Media Studies. 2024. №1. 33-39 б.
12. Халелова Ж.М. Инстаграмдағы фольклорлық мұра: визуализация және қабылдау // Мәдениет және өнер журналы. 2021. №4. 87-92 б.
13. TikTok-тағы қазақ фольклорлық контентті зерттеу: трендтер мен аудиториялық қабылдау / Зерттеу орталығы «Qazaq Media Lab». Астана: 2023. 41 б. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: <https://qazaqmedialab.kz/research/tiktok-folk>

Referens list

1. Omarova A.B. Sıfırlıq mediadaǵy fólklorlyq kontent: trendter men transformasıalar // Qazıy Habarshısy. Filologıa serıasy. 2022. №3 (189). 118-123 b.
2. Tursynov Q. Qazaq eposy jáne túrki mifologıasy. Almaty. Sanat, 2001. 312 b.
3. Amanjolova D.M. Qazirgi medıamádenıet jáne fólklor: integrasıa máseleleri // Ál-Farabı atındaǵy Qazıy habarshısy. Mádenıet serıasy. 2020. №1(65). 95-100 b.
4. Qońyrbaeva A.S. Qazaq fólklory jáne qazirgi zaman: teorıalyq jáne ádistemelik negizderi. Almaty. Qazaq ýniversiteti, 2019. 316 b.
5. Seitqasymov A. TikTok platformasyndaǵy ulttyq mýzykalyq kontenttiń erekshelekteri // Media Studies jýrnaly. 2023. №2(5). 45-51 b.
6. Joldasbekov M. Asyl arnalar. Almaty. Jazýshy, 1986. 284 b.
7. Rybas N.M. Sıfrovaıa kúltýra: formy ı tendensıı razvıtıa. Moskva: URSS, 2020. 240s.
8. Fedotova L.N. Molodej ı sosialnye media: vlianıe sıfrovoi sredy na kúltýrnye praktıkı // Sosiologicheskie issledovaniya. 2021. №10. S. 112-118.
9. YouTube jáne TikTok platformalaryndaǵy qazaq fólklorynyń kontenttik taldaýy: analıtıkalyq esep / MediaNet halyqaralyq jýrnalıstika ortalyǵy. Almaty, 2023. 54 b. [Elektrondy resýrs]. Qoljetimdi: <https://medianet.kz/reports>
10. Saparova A.K. Jahandaný jaǵdaındaǵy qazaq fólklory: transformasıa jáne jańǵyrý // Mádenıet jáne órkenıet jýrnaly. 2022. №2. 58-64 b.
11. Baimahanov S. TikTok-taǵy kúı óneri: jas orındaýshylar fenomeni // Digital Media Studies. 2024. №1. 33-39 b.
12. Halelova J.M. Instagramdaǵy fólklorlyq mura: vizýalızasıa jáne qabyldaý // Mádenıet jáne óner jýrnaly. 2021. №4. 87-92 b.
13. TikTok-taǵy qazaq fólklorlyq kontentti zertteý: trendter men áýditorialyq qabyldaý / Zertteý ortalyǵy «Qazaq Media Lab». Astana. 2023. 41 b. [Elektrondy resýrs]. Qoljetimdi:

<https://qazaqmedialab.kz/research/tiktok-folk>

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Утегенова Гулзира Жаксылыковна** - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Журналистика және қазақ тілі» кафедрасы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. 8-701-487-79-85, Gulzi_2615@mail.ru

MPHTI: 11.07

<https://orcid.org/0009-0006-9778-2636>

Акбарова М.К.*

преподаватель. Университет Геологических наук. Ташкент, Узбекистан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ СТРУКТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПРЕДЛОЖНО-ПАДЕЖНЫХ КОНСТРУКЦИЙ В РУССКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

*Автор – корреспондент: malika_1223@list.ru

Аннотация. Данное исследование посвящено сравнительному структурному анализу предположно-падежных конструкций в русском и узбекском языках. Цель работы — выявить особенности синтаксической организации, семантических функций и грамматических характеристик этих конструкций в рамках двух языковых систем. В русском языке предположно-падежные формы широко используются для выражения пространственных, временных и причинно-следственных отношений, тогда как в узбекском языке, как агглютинативном, подобные функции реализуются преимущественно посредством послелогов и падежных аффиксов. В ходе анализа сопоставляются структуры, выявляются грамматические параллели и различия, а также рассматриваются типичные случаи интерференции при изучении языков. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию типологических различий между индоевропейскими и алтайскими языками, а также имеют практическое значение для преподавания русского языка в узбекоязычной среде.

Ключевые слова: предположно-падежные конструкции, структурный анализ, сопоставительный аспект, индоевропейская и тюркская семьи.

FTAXP: 11.07

<https://orcid.org/0009-0006-9778-2636>

Акбарова М.К.

оқытушы, Геологиялық ғылымдар университеті. Ташкент, Өзбекстан

ОРЫС ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ПРЕДЛОГ-ПАДЕЖДІК КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТАЛДАУЫ

Автор – корреспондент: malika_1223@list.ru

Түйін: Бұл зерттеу орыс және өзбек тілдеріндегі предлог-падеждік конструкциялардың салыстырмалы құрылымдық талдауына арналған. Жұмыстың мақсаты - екі тіл жүйесіндегі осы конструкциялардың синтаксистік ұйымдастырылуының, семантикалық қызметтерінің және грамматикалық сипаттарының ерекшеліктерін анықтау. Орыс тілінде предлог-падеждік формалар кеңінен кеңістік, уақыт және себеп-салдар қатынастарын білдіру үшін қолданылады, ал агглютинативтік өзбек тілінде мұндай қызметтер негізінен шылаулар мен септік жалғаулары арқылы іске асырылады. Талдау барысында құрылымдар салыстырылады, грамматикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталады, сондай-ақ тілдерді оқыту кезінде жиі кездесетін интерференция жағдайлары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері үнді-еуропалық және алтай тілдерінің типологиялық айырмашылықтарын тереңірек түсінуге ықпал етеді және өзбек тілді ортада орыс тілін оқытуда практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер: предлог-падеждік конструкциялар, құрылымдық талдау, салыстырмалы аспект, үнді-еуропалық және түркі тілдер тобы.

IRSTI: 11.07

<https://orcid.org/0009-0006-9778-2636>

Akbarova M.K.*

Lecturer. University of Geological Sciences. Tashkent, Uzbekistan

COMPARATIVE STRUCTURAL ANALYSIS OF PREPOSITIONAL-CASE CONSTRUCTIONS IN RUSSIAN AND UZBEK LANGUAGES

***Corresponding-author: malika_1223@list.ru**

Abstract. This study is dedicated to a comparative structural analysis of prepositional-case constructions in Russian and Uzbek. The aim of the work is to identify the features of syntactic organization, semantic functions, and grammatical characteristics of these constructions within the two language systems. In Russian, prepositional-case forms are widely used to express spatial, temporal, and causal relationships, while in Uzbek, as an agglutinative language, similar functions are primarily carried out through postpositions and case affixes. The analysis compares the structures, highlights grammatical parallels and differences, and examines typical cases of interference in language learning. The findings contribute to a deeper understanding of typological differences between Indo-European and Altaic languages and have practical significance for teaching Russian in Uzbek-speaking environments.

Keywords: prepositional-case constructions, structural analysis, comparative aspect, Indo-European and Turkic language families

Введение

Языковая структура - это фундамент, на котором строится человеческое общение, а способы выражения пространственных, временных и причинно-следственных связей являются важнейшими элементами грамматического строя любого языка. В контексте сопоставительного языкознания особенно интересным представляется анализ грамматических конструкций, отражающих взаимодействие между формой и значением.

Предложно-падежные конструкции в русском языке играют ключевую роль в организации синтаксической связи и передачи различных семантических оттенков. В узбекском же языке - представителе агглютинативного типа - аналогичные функции реализуются через падежные аффиксы и послелогии. Такое различие в способах грамматического выражения делает данную тему особенно актуальной для лингвистов, преподавателей и студентов, изучающих эти языки.

Настоящее исследование направлено на выявление общих и специфических черт предложно-падежных конструкций в двух языках, раскрытие механизмов их функционирования, а также анализ трудностей, с которыми сталкиваются носители узбекского языка при изучении русского. Полученные результаты позволят расширить теоретическое понимание типологических различий между индоевропейскими и тюркскими языковыми семьями и будут способствовать совершенствованию методик преподавания русского языка.

Теоретический анализ

Материалы и методы Для проведения сравнительного структурного анализа предложно-падежных конструкций в русском и узбекском языках были использованы письменные тексты, отражающие современные нормы обоих языков. В качестве материала выступили:

- примеры из учебных пособий по грамматике,
- материалы учебных курсов русского языка для узбекоязычных студентов.

Методологическая база исследования :

- метод сопоставительного анализа, позволяющий выявить сходства и различия конструкций в двух языках;

- дескриптивный метод, используемый для описания синтаксических, семантических и морфологических характеристик конструкций;
- метод компонентного анализа, применяемый для выявления функциональных элементов в структуре предложений.

Исследование проводилось с учетом типологических различий между индоевропейской (русский язык) и алтайской (узбекский язык) языковыми семьями, что позволило глубже проанализировать особенности грамматического оформления связей между словами в контексте межъязыковой интерференции.

Сравнительный анализ грамматических структур в разных языках способствует более глубокому пониманию типологических различий и межъязыковых взаимодействий. В условиях расширяющегося культурного и образовательного обмена между Россией и Узбекистаном, знание русского языка становится ключевым фактором социальной и профессиональной адаптации. Предложно-падежные конструкции занимают важное место в грамматическом строе русского языка, и их усвоение представляет значительные трудности для носителей узбекского, в силу различий в языковых системах.

Актуальность статьи определяется не только научным интересом к структурным особенностям языков, но и практической значимостью для разработки эффективных методик обучения, улучшения учебных программ и повышения уровня лингвистической подготовки обучающихся. В этом контексте исследование имеет междисциплинарную ценность - охватывает аспекты языкознания, психолингвистики и педагогики.

Основная цель исследования - выявить структурные особенности предложно-падежных конструкций в русском и узбекском языках, установить типологические различия и определить их влияние на процесс межъязыковой интерференции и овладение русским языком узбекоязычными обучающимися.

Задачи исследования - проанализировать грамматическую природу предложно-падежных конструкций в русском языке, исследовать способы выражения сходных синтаксических отношений в узбекском языке, сравнить семантические и синтаксические функции конструкций обоих языков, выявить трудности, с которыми сталкиваются носители узбекского языка при изучении предложно-падежных конструкций русского языка, описать наиболее типичные ошибки и пути их преодоления в процессе преподавания, разработать рекомендации для преподавателей по методике объяснения и закрепления этих конструкций.

С 1930-х годов сравнительное языкознание переживало период активного развития. Лингвисты сосредоточились на разработке и совершенствовании методов сравнительного анализа, позволяющих устанавливать родство между языками. Это привело к расцвету сравнительно-исторического языкознания. Одним из первых лингвистов в области сравнительного языкознания является автор книги «Русская грамматика в сравнении с узбекским языком» (1934) - Евгений Дмитриевич Поливанов. Его работа сыграла большую роль не только в сопоставительном аспекте двух языков, но и в систематизации научных взглядов на общие и частные стороны языков. Данная книга сыграла большую роль не только в сопоставительном аспекте двух языков, но и в систематизации научных взглядов на общие и частные стороны языков. Е.Д.Поливанов в своём труде подчеркивал важность учета типа языков при анализе предложно-падежных конструкций. В частности, он отмечал особенности функционирования предлогов и падежей в славянских языках, сравнивая их с аналогичными явлениями в восточных языках. Он считал, что предлоги выполняют важную роль в уточнения значения существительных, помогая выразить конкретные отношения (пространственные, временные, целевые и т.п.). Поэтому предложно-падежные конструкции являются важнейшим средством реализации синтаксических функций в предложении [1, 99].

О синтаксических функционированиях предлогов в предложении, О.Л.Мальцева

указывает, в первую очередь, на то, что предложно-падежные конструкции и предлоги используются для уточнения и дополнения косвенных падежей более разнообразными значениями. Предлоги в предложении не имеют самостоятельной роли, потому они не могут выступать в качестве члена предложения. Значение предлогов определяется тем, какую функцию они выполняют в предложении, а также тем, в состав какой предложно-падежной конструкции они входят [3, 178].

Данное исследование изучает предложно-падежные конструкции русском и узбекском языках, выявляет сходства и различия в их структуре и функционировании. Ниже мы будем рассматривать эти конструкции с помощью сопоставительного анализа.

Предложно-падежная конструкция *«ограничен из-за отсутствия»* в русском языке употребляется в **Р.П.** с предлогом *«из-за»*, указывает на причину, в предложении выполняет функцию обстоятельства причины. В узбекском языке эта конструкция переводится как *«йуклиги сабабли»* (караткич келишиги), образуется с помощью окончания *-И*, и с союзом *«сабабли»*.

Для образования формы дательного падежа с предлогом в узбекском языке используется следующая конструкция: *«подойти к двери - эшикка якинлашмок»*. В конструкции *«эшикка якинлашмок»* основное слово ставится в **Д.П.** (жуналиш келишиги) с добавлением соответствующего окончания *-ка*, служит для указания субъекта к определенной точке пространства, синтаксическая роль - обстоятельство места.

Фраза *«проснуться под утро»* **В.П.** с предлогом *«под»* на узбекском языке звучит как *«сахарда уйгонмок»*, сахарда (урин - пайит келишиги) с послелогом *-да*, обозначает время, в предложении играет роль обстоятельства времени.

Предложно-падежная конструкция *«чай с лимоном»* в **Т.П.** с предлогом *с* переводится на узбекский язык *«лимонли чой»*, состоит из определения *«лимонли»* и существительного *«чай»*. Прилагательное *«лимонли»* сформировано от корня *«лимон»* путем присоединения аффикса принадлежности *-ли*, а *«чай»* - прямое дополнение. Что касается падежной форме, то в данном сочетании ни один из падежей не представлен явно, потому что компоненты конструкции находятся в нейтральной форме **И.П.** (бош келишик). Обозначает посессивное отношение, выражает принадлежность чего-либо. В предложении данная конструкция функционирует как единое целое, выступая чаще всего в роли подлежащего или дополнения.

В русском языке предложно-падежная конструкция *«говорить о детстве»* образуется с помощью глагола и существительного в **П.П.** с предлогом *«о»*. Узбекский аналог русского выражения *«говорить о детстве»* будет звучать как *«болалик хакида гапирмок»*. Однако если нужно выразить мысль *«говорить о моём детстве»*, то в этом случае добавляется послелог *«давомиди/даврида»* (во время) - *болалигим даврида (во время моего детства)*. Таким образом, говоря о событиях своего детства, основное внимание уделяется временному периоду и обстоятельствам происходящего, а грамматически выражается в именительном падеже. Слово *«хакида»* в узбекском языке считается вспомогательным словом, и употребляется с существительными и местоимениями. В предложении выступает дополнением, сообщаящим о конкретной теме разговора.

При освоении предложно-падежных конструкций узбекоговорящие учащиеся часто сталкиваются трудностями в русском языке из-за отсутствия аналогичных грамматических категорий в их родном языке, что приводит к ошибкам в употреблении предлогов, неправильному согласованию падежных форм и затрудняет понимание смысловых оттенков высказывания. Среди наиболее распространённых проблем можно выделить следующие:

- порядок слов (в русском языке предлог стоит перед существительным или местоимением, что не соответствует привычному порядку в узбекском языке);
- множественность значений (один и тот же предлог может использоваться с разными падежами и выражать разные отношения (*«по городу»*, *«по плану»*)).

- отсутствие эквивалентов (некоторые конструкции не имеют точных аналогов в узбекском, например, **«несмотря на»**, **«в связи с»**).
- сложность грамматических категорий. (**нужно учитывать падеж + род + число, что в узбекском языке упрощено**).
- формальные ошибки (замена падежа или предлога может кардинально изменить смысл: **«в доме»**, **«из дома»**).

Тем не менее изучение предложно-падежных конструкций представляет собой одну из наиболее сложных задач для узбекоговорящих учащихся, изучающих русский язык как неродной. Причины этих трудностей кроются в существенных различиях между грамматическими системами узбекского и русского языков. В узбекском языке отсутствует падежная система в её славянском понимании, а предлоги либо не используются вовсе, либо располагаются после существительного, что противоречит нормам русского языка. Далее мы будем рассматривать наиболее типичные ошибки, возникающие в процессе обучения, а также будем предлагать методические рекомендации для преподавателей, направленные на эффективное объяснение и закрепление этих конструкций:

Типичные ошибки при исследовании предложно-падежных конструкций:

1. Неправильный выбор падежа, т.е. недостаточное понимание падежного управления предлогов: **«Я думаю о брат» вместо «о брате»**.
2. Перепутывание движения и местонахождения, непонимание разницы между винительным и предложным падежами: **«Я иду в школу» - «Я учусь в школу» (нужно: «в школе»)**.
3. Буквальный перевод, калькирование узбекских конструкций, где может использоваться послелог или другой глагол: **«Я смотрю на телевизор», когда контекст требует «Я смотрю телевизор»**.
4. Неправильный порядок слов, влияние узбекского синтаксиса, где порядок слов более свободный: **«на стол книга» вместо «книга на столе»**.

Пути преодоления конструкций в процессе обучения:

1. **Контрастивный анализ.** Сравнение грамматических структур родного языка обучающихся и русского языка позволяет выявить различия и предупредить интерференцию.
2. **Систематизация предлогов по падежам.** Создание таблиц, где предлоги сгруппированы по падежам, помогает студентам ориентироваться в грамматических связях. **Например: падеж + предлоги+примеры (Родительный + из, от, без, для + из дома, без ошибок)**
3. **Введение конструкций в контексте.** Упражнения должны быть связаны с реальными ситуациями: покупки, путешествия, учеба, общение. Это помогает студентам осмысленно использовать конструкции.
4. **Коммуникативные упражнения.** Диалоги, ролевые игры, интервью — всё это способствует естественному употреблению предложно-падежных конструкций в речи.
5. **Игровые технологии.** Использование карточек, викторин, грамматических квестов делает обучение увлекательным и снижает страх перед ошибками.
6. **Работа с ошибками.** Анализ типичных ошибок, их обсуждение в группе, составление «антипримеров» помогает обучающимся осознать и избежать повторных нарушений.
7. **Цифровые ресурсы.** Приложения, онлайн-тренажёры, интерактивные платформы позволяют обучающимся самостоятельно отрабатывать конструкции в удобном темпе.

Результаты обсуждения

Обсуждение результатов подчёркивает важность методической работы над объяснением русских грамматических конструкций в узбекоязычной аудитории.

Эффективное преподавание предполагает использование контрастивного подхода, визуальных схем и коммуникативных упражнений, моделирующих типичные ситуации употребления.

На основе сравнительного структурного анализа предложно-падежных конструкций в русском и узбекском языках можно сформулировать следующие ключевые выводы:

- русский язык опирается на синтетическую систему, где предлоги взаимодействуют с падежами, обеспечивая многообразие выражения пространственных, временных и причинных связей. Такая система отличается гибкостью и полисемией, что требует высокой языковой компетенции при интерпретации.

- узбекский язык, напротив, базируется на агглютинативной структуре, использующей аффиксацию и постпозиционные элементы (послелогии) для выражения аналогичных отношений. Это обеспечивает однозначность, но ограничивает вариативность выражения.

Сопоставление конструкций показало:

- наличие функциональных аналогов с различным морфосинтаксическим оформлением;

- трудности при передаче нюансов русских предлогов узбекскими средствами, особенно в контексте движения и направления;

- важность учета лингвистической интерференции в билингвальной среде, особенно при обучении и переводе.

Выводы и заключение

Проведенный анализ предложно-падежных конструкций в русском и узбекском языках выявил ряд типологических различий и грамматических закономерностей. В русском языке преобладает синтетический способ выражения отношений между словами, где предлоги сочетаются с падежными формами для выражения пространственных, временных и логических связей. В узбекском языке, наоборот, такие функции реализуются через агглютинативные формы — падежные аффиксы и послелогии, что отражает его морфологическую структуру.

Сравнение показало:

- наличие эквивалентных конструкций, но с разной синтаксической реализацией;
- сложности в интерпретации русских предлогов носителями узбекского языка (например, разграничение «в» и «на»);

- тенденции к интерференции, особенно при употреблении родительного и винительного падежей в конструкции направления движения.

При лингвистической адаптации текстов наблюдается необходимость преобразования предложно-падежных связей в узбекский аналог с использованием более простых грамматических средств. Это влияет на перевод, обучение и межкультурную коммуникацию.

Таким образом сопоставление предложно-падежных конструкций русского и узбекского языков дает возможность глубже понять специфику каждой системы и обогатить представления о возможностях языков в плане передачи разных значений и оттенков смысла. Это помогает в изучение лингвистики, практики перевода и межкультурной коммуникации.

Список литературы:

1. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Лексическая семантика и теория лексических полей. Москва. Языки русской культуры, 1995. С.99
2. Винокур Т.Г. Русский язык. Функциональная грамматика. Москва. Наука, 1997.
3. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты синтаксиса русского языка. Москва. Наука, 1982. С.178

4. Касымова Ш. Узбек тили грамматикаси: морфология ва синтаксис. Тошкент. Университет, 2008. С.18
5. Келдышева Н.Б. Типологические особенности агглютинативных языков. Санкт-Петербург. Изд-во СПбГУ, 2010. С.45-69
6. Мальцева О.Л. Предлог как средство концептуализации пространственных отношений: ...дис.канд.филол.наук. Курск, 2004. С.15
7. Мустайева Д. Сопоставительная грамматика русского и узбекского языков. Ташкент: Фан, 2005. С. 98-102
8. Поливанов Е.Д. Русская грамматика в сопоставлении с узбекским языком., Ташкент. 1934. С.45-91
9. Плунгян В.А. Введение в грамматическую типологию. Москва. Изд. МГУ, 2000. С. 23-89
10. Реформатский А.А. Введение в языкознание. Москва. Аспект Пресс, 2003. С.45-67
11. Томсон А., Мартин А. A Practical Uzbek Grammar. London: Central Asia Publishing, 2013. С. 56-89
12. Тухтабоев М. Узбек тилининг грамматикаси, 2 - кism. Тошкент: Фан, 1996. С.59
13. Хожиева Н. Интерференция при изучении русского языка в узбекской аудитории. Вестник педагогики, 2021, №4. С.87

Referense liste:

1. Apresyan YU.D. Izbrannyye trudy. Leksicheskaya semantika i teoriya leksicheskikh poley. M.: Yazyki russkoy kul'tury, 1995. S.99
2. Vinokur T.G. Russkiy yazyk. Funktsional'naya grammatika. M.: Nauka, 1997
3. Zolotova G.A. Kommunikativnyye aspekty sintaksisa russkogo yazyka. M.: Nauka, 1982. S.178
4. Kasymova SH. Grammatika uzbekskogo yazyka: morfologiya i sintaksis. Tashkent. Universitet, 2008. S.18
5. Keldysheva N.B. Tipologicheskiye osobennosti agglyutinativnykh yazykov. Sankt-Peterburg. Izd-vo SPbGU, 2010. S.45-69
6. Mal'tseva O.L. Predlog kak sredstvo kontseptualizatsii prostranstvennykh otnosheniy: ...dis.kand.filol.nauk. Kursk, 2004. S.15
7. Mustayyeva D. Sopostavitel'naya grammatika russkogo i uzbekskogo yazykov. Tashkent: Fan, 2005. S. 98-102
8. Polivanov E.D. Russkaya grammatika v sravnenii s uzbekskim yazykom. Tashkent. 1934. S.45-91
9. Plungyan V.A. Vvedeniye v grammaticheskuyu tipologiyu. M.: Izd-vo MGU, 2000. S.23-89
10. Reformatskiy A.A. Vvedeniye v yazykoznanie. M.: Aspekt Press, 2003. S.45-67
11. Tomson A., Martin A. A Practical Uzbek Grammar. London: Central Asia Publishing, 2013. S. 56-89
12. Tukhtaboyev M. Uzbek tilining grammatikasi, 2 - kism. Toshkent: Fan, 1996. S.59
13. Khozhiyeva N. Interferentsiya pri izuchenii russkogo yazyka v uzbekskoy auditorii. Vestnik pedagogiki, 2021, №4. S.87

Сведения об авторе ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта) **Акбарова Малика Казимжан кизи** - кафедра «Лингвистики» - русской филологии. Университет Геологических наук, +998937819491, malika_1223@list.ru

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТЫ
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
CREATIVE DIRECTION**

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН
VISUAL ARTS AND DESIGN**

FTAXP: 18.31.31.

<https://orcid.org/0000-0002-6670-2596>

<https://orcid.org/0009-0007-2529-9714>

<https://orcid.org/0009-0005-9367-4817>

Болысбаев Д.С., Бекбулатов А.Ә.*, Жақыпбекова М.Ж.

философ.ғ.к., қауым.профессор, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан
«7М02172-Өнертану» мамандығының магистранты.

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

педагогика ғ.к., қауым.профессор, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, Шымкент, Қазақстан

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МУЗЕЙІНІҢ ҚОРЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СУРЕТШІЛЕР ТУЫНДЫЛАРЫН ӨНЕРТАНАУШЫЛЫҚ
ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ**

*Автор – корреспондент: Bekbulatov1995@list.ru

Түйін. мақалада Түркістан облысы Мәдениет басқармасына қарасты «Бейнелеу өнері музейі» МКҚК-да өткен зерттеу іс-тәжірибесі жайлы және сол іс тәжірибиесінің нәтижелері сипатталады. Зерттеу іс тәжірибиесі барысында магистрант мұражайдың ішкі құрылымы, көрме ұйымдастыру үдерісі, картиналарды көрмеге экспозициялау, суретшілер мен мүсіншілер туындыларын ғылыми түрде сипаттау және реставрациялық жұмыстармен танысты. Ғимараттын басты залында «Аманат» атты көрмеде ұсынылған белгілі суретшілердің картиналары - Пономаренко Г.Г., Бараисов М., Мейірманов Р. Сынды авторлардың жұмыстарын кәсіби тұрғыдан талданады. Әр туынды тарихи негізіне байланысты, әлеуметтік, көркемдік мағынасы мен символикалық тұрғыда сараланып, өнер және индустрия, табиғат жаратылыстары мен адам арасындағы байланысқа назар аударылады. Іс-тәжірибе барысында игерген білім мен жиналған тәжірибе болашақ өнертанушыға кәсіби бағдарды нақтылап, тарихи-мәдени мұраға құрмет пен ғылыми ізденіске деген ыңғалы қызығушылықты одан әрі арттырды.

Кілт сөздер: зауыт, қорғасын, өнер, мұражай, іс тәжірибе, химфарм, өнертанушы

МРНТИ: 18.31.31

<https://orcid.org/0000-0002-6670-2596>

<https://orcid.org/0009-0007-2529-9714>

<https://orcid.org/0009-0005-9367-4817>

Болысбаев Д.С., Бекбулатов А.А.*, Жақыпбекова М.Ж.

к.филосос.н., ассоц.профессор, ЮКИУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан
магистрант специальности 7М02172-Искусствоведение. ЮКИУ им. М.Ауезова.

Шымкент, Казахстан

к.педагог.н., ассоц.профессор., ЮКИУ им. М.Ауезова. Шымкент, Казахстан

**ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ХУДОЖНИКОВ
КАЗАХСТАНА В ФОНДЕ МУЗЕЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНЫХ ИСКУССТВ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

*Автор-корреспондент: Bekbulatov1995@list.ru

Аннотация. в статье рассматривается о проведенной исследовательской деятельности в ГККП «музей изобразительных искусств» Управления культуры Туркестанской области и о результатах ее практики. В ходе исследовательской практики магистрант ознакомился с внутренней структурой музея, процессом организации выставки, экспозицией картин на выставке, научной характеристикой произведений художников и скульпторов и реставрационными работами. В главном зале здания профессионально проанализированы картины известных художников - Пономаренко г. г., Бараисова М., Мейрманова Р., представленные на выставке «Аманат». Каждое произведение, связанное с его исторической основой, дифференцируется в социальном, художественном смысле и символическом контексте, уделяя особое внимание связям между искусством и промышленностью, существами природы и человеком. Знания и накопленный опыт, приобретенные в ходе практики, прояснили профессиональную ориентацию будущего искусствоведа, еще больше повысили уважение к историко-культурному наследию и интерес к научным изысканиям.

Ключевые слова: фабрика, ведущий, искусство, музей, практика, химфарм, искусствовед

IRSTI: 18.31.31

<https://orcid.org/0000-0002-6670-2596>

<https://orcid.org/0009-0007-2529-9714>

<https://orcid.org/0009-0005-9367-4817>

Bolysbaev D.S., Bekbulatov A.A.*, Dzhakipbekova M. Z.

candidate of philological sciences, professor, M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan
master's student of specialty «7M02172-Art criticism».

M.Auezov SKRU.Shymkent, Kazakhstan

candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, M.Auezov SKRU.
Shymkent, Kazakhstan

ART HISTORICAL ANALYSIS OF THE WORKS OF ARTISTS OF KAZAKHSTAN IN THE FUND OF THE MUSEUM OF FINE ARTS OF THE TURKESTAN REGION

*Corresponding-author: Bekbulatov1995@list.ru

Annotation. This article describes the research experience of a 2nd year master's student of the magistracy Department of the specialty "Art History" Of O. K. Auezov in the state enterprise "Museum of Fine Arts" under the Department of culture of the Turkestan region and the results of this practice. During the research practice, the master's student got acquainted with the internal structure of the museum, the process of organizing exhibitions, the exposition of paintings at the exhibition, the scientific description of the works of artists and sculptors and restoration work. In the main hall of the building there is a professional analysis of the works of such authors as Ponomarenko G. G., Baraisov M., Meirmanov R., paintings by famous artists presented at the exhibition «Amanat». Each work is differentiated depending on its historical basis, social, artistic meaning and symbolic meaning, and the focus is on the relationship between art and industry, the creatures of nature and man. The knowledge gained and the experience gained during the practice clarified the professional orientation of the future art critic, further increased respect for the historical and cultural heritage and a keen interest in scientific research.

Keywords: factory, lead, Art, Museum, case practice, chimpharm, art critic.

Кіріспе

Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы ОҚУда Жоғарғы білім беруден кейінгі Магистратурада оқып жүргеніме 2-жыл толып, қыркүйек айынан біздің топты өнертану мамандығының магистранттары ретінде Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Бейнелеу өнері музейі» МКҚК-ға зерттеу іс тәжірибесі бойынша жіберді.



Сурет - 1. Бейнелеу өнері музейі

Іс тәжірибе кезінде біз мұражайдын жетекшісі Оспанов Айнабек Мынжасарұлымен кездесіп, ол кісі өзінің жүрген жолдары мен іс тәжірибесі бойынша Өнертанушы қандай болу керек?, Мұражайда өнертанушы қандай жұмыстар атқарады?, Өнертанушы мен суретшінің айырмашылығы неде? Соңымен қатар өнер тарихынан сыр шертіп, шығармашылық жолында орын алған қызықты әнгімелерімен баурап алып, басқарып отырған ұйымының осы уақытқа дейін атқарған жұмыстарымен бөлісті. Біздің топ «Экспозициялық көрме» бөлімінің меңгерушісі Бекталиева Рыскуль Искендировнадан мұражайдын тарихы жайлы көптеген ақпарат алумен қатар басқада қызметкерлерімен жақын танысып, мұражайдын ішкі жұмыстарына белсеңе кірісіп кеттік. Мұражайда картиналарды көрме залынан демонтаждау мен жаңа көрмеге музей қорынан алынып, көрме залдарының біріне ұсынылатын картиналарды эспозиция жасап, көрме залдарына монтаждаумен танысып және өнер туындыларына қалай сипаттама жазады, оларды картиналарға жабыстыру жұмыстарымен таныстық.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеу іс тәжірибесі кезінде мұражай қорының жұмыстарымен танысып, өткен ғасырда Шымкент қаласында негізін қалаған зауыттардың тарихы мен сол кезеңде салынып жатқан зауыттар бейнеленген картиналарға шолу ждасалды.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу барысында төмендегі міндеттер орындалды:

- Музейдегі Аманат көрмесіндегі картиналармен толықтай қарап шығу және олардың авторларының өмірбаяны мен картина тарихымен танысу.
- Сол кезеңдерде Шымкент қаласында орналасқан өндірістерге шолу.
- Көрмеде өнеркәсіп жайлы іліңген картиналарға өнертанаушылық тұрғыда талдау жасау.

Теориялық талдау

Материалдар мен әдістер

Мұражайдын тарихына қысқаша тоқталып өтсем, Түркістан облысы Мәдениет басқармасының Бейнелеу өнері музейі - Шымкент қаласының көрнекті мәдени нысандарының бірі. Музей қаланың орталығында, Абай атындағы саябақ аумағында орналасқан. Оның ресми ашылуы 2015 жылдың 20 ақпанында өтті. Жалпы аумағы шамамен

2 500 шаршы метрді құрайды, үш кең әрі жарық көрме залы заманауи талаптарға сай жабдықталған, мұнда өнер туындыларын сақтау мен көрерменге ұсыну үшін барлық жағдай жасалған. Музей қоры шамамен 300 өнер туындысынан тұрады. Олардың қатарында кескіндеме, графика, қолдан тоқылған гобелендер, мүсін және сәндік-қолданбалы өнер бар. Коллекцияның негізін қазақстандық суретшілердің еңбектері құрайды, сондай-ақ шетелдік шеберлердің де туындылары ұсынылған[1]. Мұражайдың тарихынан бөлек, мұражайдағы реставрация бөлімі және реставрация шеберханасының жұмысымен де бізді ұйым қызметкерлері таныстырды. Ол жердегі реставрацияға картиналар қалай жіберіледі және реставрациядан қалай картинаны қабылдап алатыны туралы, реставрациядан алдын қандай құжаттар толтырылатыны туралы бізге ақпарат берді. Реставрацияға арналған құрал жабдықтар мен өнер туындыларын зақымданудан сақтайтын арнайы сұйықтықтармен майларды көрсетті.

Эксперименттік бөлім. Мұражайдың басты көрме залында, музей қорында сақтаулы тұрған өткен ғасыр суретшілері және осы заманғы өмірден өткен суретшілердің жұмыстарынан жинақталған «Аманат» атты көрмеде біз қазақтан шыққан алғаш кәсіби суретшілердің бірі Ә. Қастеев, қазақ халқынан шыққан тұңғыш әйел суретшісі Г. Исмаилова және оның жұбайы қазақ халқына еңбегі сіңген график Е. Сидоркин соңымен қатар осы оңтүстік өңірінің тұрмыс тіршілігін жырлаған суретшілері, қазақ гобеленінің негізін қалаған тоқымашылардың туындыларымен таныстық. Сол «Аманат» атты көрмеден алған әсеріммен бөлісіп, көрмеде тұрған картиналарға болашақ өнертанушы ретінде сипаттама беріп өтсем...

«Аманат» атты көрмеде ілулі тұрған экспозициялардың бірі 1979-жылы жазылған картина, Шымкент қаласында орналасқан қорғасын зауытының көрінісі. Авторы Пономаренко Г.Г. «Қорғасын зауыты»




Сурет - 2. Пономаренко Г.Г. «Қорғасын зауыты» 1979ж. 78x48 см

Бұл картинада автордың шымкент қаласындағы 1979 жылы КСРО-дағы өндірілген қорғасынның 70 пайызын өндірген өндірісі қайнап тұрған заутты көреміз. Картина композициясы негізгі үш планнан тұрады. Алдыңғы планда бейнеленген жер мен топырақ шаңға бұлаңып жатқан жердің үстінен қазір ғана қорғасын тиелген ауыр жүк көлігі өтіп кеткендей әсер аламыз. Жер бейнеленген планда басымдылыққа ие болып тұрған қоңыр түсті көреміз. Қоңыр түс, тұрақтылық пен қаттылықты білдіреді, себебі ол кезде КСРО зауыттары үздіксіз және тоқыраусыз жұмыс істеп тұрған заман еді. Соңымен қатар жауыннан кейінгі су қалдықтарын бейнелеген суретші бізге, жер бетінде жайқалып тұрған бидайдың жемісіне зиян келтіріп кеткен өткінші жауын болып көрінген, соғыс жылдарының ауыр кезінде майданға жіберілген жеті оқтын біреуі осы зауыттан шыққанын еске салып тұр. Екінші планда картинаның басым бөлігін алып тұрған қорғасын зауытын

көре аламыз. Картина ішінен екі мың адамға жуық жұмысшылардың дауысы мен донна пештерінің қорғасынды балқытып жатқан ыстық темпиратураны сезінеміз. Зауыттың астыңғы бөлігінде білінер-білінбес жүк көліктері мен элэктр сымдары жүргізілген столбалардың алдында зауыттың алып болып тұрғаны байқалады. Көкке ұмтылған зауыт мұржалары өндіріс қайнап тұрғаның білдіретін қара түтіндерді атмосфераға жіберіп жатыр. Зауыттың түстік спекторына келетін болсақ, көк түсі басымдыққа ие болып тұр. Зауыт қаншама алып жақын болып көрініп тұрғаны мен, түстік преспектива заңдылығын сақтаған суретші зауыттың алыста екенің дәл көрсете алған. Үшінші планда бұлт торлаған аспан КСРО тараған соң, зауыттың ашық аспанына бұлт торлап өндірісі тоқырауға шақ қалатындығы туралы бізге болашақты болжап тұрғандай куйді сезінеміз. Алайда, 2010 жылы зауыт «Оң--түстікполиметалл ӨК» акционерлік қоғамы мен «Қазақмыс» корпорациясы және «А-мега трейдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үшжақты келісімі негізін-де толыққанды жұмысқа көшкен болатын. Оған «Қазақмыс» корпорациясы өндірісті ретке келті-ріп, шикізат алуға қыруар қаржы жұмсағаны да дем бергенін атап өткен жөн. Осындай маңызды келі-сім-нің арқасында Шым-кент қорғасын зауыты ара-да--ғы екі жылдан аса үзілістен кейін қайта іске қо-сылып, өндіріс ошағының қосалқы жабдықтары жаңартылып, бағалы металдардың шлактары мен мыс шликерін қайта өңдейтін газ-электрлі пештер орнатылған еді. Сондай-ақ, тепловоздар да күрделі жөндеуден өтті. Осылайша Шымқаланың мақта-нышына ай-нал--ған алып зауыттың бойына қайтадан қан жүгір-ді. Қазіргі таңда зауыттың өндірістік қуаты күн санап жақсару үстінде. Кәсіпорын қайта іске қосылған жылы 26 мың тоннадан астам С1 және С2 жұмсақ маркалы қорғасын, 72 тонна висмут, 207 кило аммоний перренатындағы рений, 37,8 кило доре балқымасындағы алтын, 18,674 тонна доре балқымасындағы күміс өндірді[2]. Сондай ақ қорғасын зауытына арнап Шымкент қаласында металлургтер паркі ашылды.

Металлургтер саябағы 1930 жылдары бой көтерген. Саябақ Қала тұрғындарын әлі де қуанытып келеді. Мұнда саябақ құрылысы кезінде отырғызылған ескі емен ағаштары өседі. Сондай-ақ мұнда және мұнда кеңестік кезеңдегі шағын сәулет нысандарын көруге болады. Саябақта бұрынғы Металлургтер сарайы - 1950 жылдардағы сәулет ескерткіші орналасқан. Бұл сталиндік империя стиліне тән элементтері бар сол дәуірдің типтік ғимараты: арка тәріздес портик, жартылай бағандар және гранитті баспалдақ. Кеңестік республикалардағы көптеген мәдениет сарайлары сияқты ол да ұлттық нақышта безендірілген. Қазір ғимаратта «Мирас» университеті орналасқан. Сондай-ақ саябақта Владимир Ильич Лениннің «жер аударылған» ескерткіші бар, ол 1998 жылы қала орталығынан осында көшірілген[3].

Көрменің тағыда бір экспозициясы ол – Барайсов М. жұмысы «Шымкент Химфарм зауыты»



Сурет - 3. Барайсов М. «Шымкент химфарм зауыты» 98х64 см

КСРО заманында салынған химия-фармацевтикалық зауыттың құрлысын бейнелеген Бараисов М. сол кездегі химфарм зауытының ең алғашқы цехтарының бейнесін қазіргі жас ұрпаққа бастапқы күйін айнытпай тарих бейнесінде қалырып отыр. Картинаға қарайтын болсақ, үш планнан тұратын композиция бір-бірі мен үйлесіп, өзінің орнын кеңеп бетінде ұтымды тапқан. Алдыңғы планда құрлысқа қажетті жүктер артқан түйелерді көреміз, немесе бұл түйелер цехтан дайын дәрі-дәрмек өнімдерін алып, КСРО ның түпкір-түпкіріне науқас адамдардың еміне арнап көшке жол тартпақшы. Екінші планда біз қазіргі замандағы алып зауыттың сол кездегі бір цехын көреміз. Қабырғасының қызғылт екенін қарап, біз цехтің қабырғасы қызыл күйдірілген кірпіштен салынғанын байқай аламыз. Бұл цех Шымкент қаласының шет жағында орналасқан соң әлі инфраструктура дамымаған қоңыр жерді көреміз. Цех манында жүрген адамдардың зауыттың болашағына сеніп, келер ұрпаққа септігін тигізіп қалайық деген ниеттерін іштей сезетіндейміз. Цехтан ары орналасқан ақ ғимарат композицияның теңдігің сақтап тұр деп нақты сеніммен айта аламыз. Ең артқы планда суретші оңтүстіктің көк ашық аспаны мен шырайлы сулы табиғатын ерекше махаббатпен бейнелегенің және кәсіби түрде табиғаттың сұлулығын жеткізе алғаның көруімізге болады. Шымкент қаласындағы химия-фармацевтикалық зауыт – 1882 жылы Иванов пен Савинков көпестері ашқан әлемдегі ең алғашқы фармацевтикалық кәсіпорындарының бірі. Ең алғаш шығарылған өнім - сантонин. Кеңес дәуірі кезінде зауыт елдегі ең маңызды фармацевтикалық кәсіпорынға айналып, аты «Ф.Э. Дзержинский ат. №1 химия-фармацевтикалық зауыты» болып өзгереді. Көптеген жылдар бойы зауыт тек қана фармацевтикалық шикізат шығаруға мамандандырылып келді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін компанияның басшылығымен «ХимфармАҚ» базасында халықаралық стандартқа сай келетін SANTO сауда маркасымен дайын дәрілік препараттарды шығаратын ірі заманауи бағдарламаны қолға алды. Республикадағы дайын дәрілік өнімдерді өндіретін жалғыз химия-фармацевтикалық зауыт болып саналатын аталмыш кәсіпорында өнімнің 200 түрі шығарылады. Компанияның республика бойынша 150-ден аса медициналық өкілдері бар. 2011 жылы Polpharma еуропалық фармацевтикалық компаниясы «Химфарм» АҚ-ның мажоритарлық акционеріне айналды. 2011 жылы жұмсақ дәрілік препараттарды өндіруге GMP сертификатын иемденді[4].



Сурет - 3. Мейірманов Р. «Жайлауда» 80х45 см

Нәтижелер мен талқылау

Бұл картиналарда адамзатпен индустрия дамуының бір көрінісі. Бұл картинаның да

композициясы алдыңғы картиналар сияқты үш паланнан тұрады. Алдыңғы планда тірі жан, адам мен жан-жануарлар яғни қойлар мен адам миңген жылқы. Алла тағаланың шебер жаратылыстары. Қой бағып жүрген шопанға алыста бейнеленген зауыт фабриканың тұрмыс-тіршілігі мен өндіріп жатқан заттары қызықты сияқты. Ол табиғатпен байланысып, жайылып жатқан қойларға көз қырын салып тұрғанымен, бар назары өндіріс қайнап жатқан зауытта екенінің байқаймыз. Көшпелі халықтың жайлап тұрмысы өзгеріп, отырықшы бола бастаған кезінің қазақ жерінде салынған зауыттар мен фабрикаларға халық жұмысқа орналасып жатқан кез көз алдымызға келеді. Бұған дәлел ретінде: Санжар Керімбайдың Қаныш және ғылыми майдан кітабінде баяндалған «түйешіден бұрғышыға» атты бөлімінде оқи аламыз. Ол жерде Қарсақбайдағы мыс өндіретін өндірісте бұрғышы мамандар мен инжинкерлер және т.б. Украина, Беларусь, Ресейден шақырылып, жаз аяқталып суық түсісімен шат ел мамандары чемодандарын жинап тайып отырған. Сол себепті өндіріс қыс бойы тоқтап отырғандықтан Қаныш Сәтпаев қарапайым түйешілерді бұрғы станоктерімен жұмыс істеуге үйретіп, өндіріске керекті мамандарды Қарсақбайдың малшыларынан жинақтағанын оқи аламыз[5] [6]. Екінші планда өндірісі қайнап мұржаларынан қара түтін аспанға атқылап бара жатқан ірі зауытты көреміз. Жоғарыда айтып өткендей, түстік перспективаның шешімімен зауыттың рені суық түстермен жазылған. Артқы планда еліміздің Әсем табиғаты мен таулары бейнеленген пейзаж.

Қорытынды

Қорытындылай келе, болашақ өнертанушы ретінде мен біздің топтың зерттеу практикасы осы Түркістан облысы Мәдениет басқармасына қарасты «Бейнелеу өнері музейі» МКҚК-да өткізгенімізге өте ризамын. Себебі, болашақ өнертанушыға керекті өте маңызды ақпараттармен көптеген мамандардың тәжірибелік кеңестерін алып қана қоймай, музей ішіндегі қарбалас тіршілікке ат салысып, мұражай қорының картиналарымен танысып, көрмені экспозициялап және көрме залдарына картиналарды іліп оларды іс шараға дайындадық, сонымен қатар теория мен практиканың түйіскен жері екенін аңғардық. Ұйым қызметкерлерімен етеңе араласып, алдыңғы ардагер өнертанушылар, экскурсоводтар, суретшілермен танысып болашақ мамандығымыз жайлы терең зерттеу жүргіздік. Мұражай жетекшісі Оспанов Айнабек ағайын және «Экспозициялық көрме» бөлімінің меңгерушісі Бекталиева Рыскуль Искендіровна жетекшілігімен өткен іс тәжірибе қызықты әрі естеліктерге толы болып өтті. Мұражайдың бас көрме залында ұсынылған «Аманат» көрмесінен ерекше эсер алып, кесіндемеші ретінде де өзіме көптеген картина жазу идеялары мен әдіс тәсілдерімен таныстым. Бұл көрмеде біз Қазақстан суретшілерінің кеңестік заманғағы көз-қарастары мен және ұлттық идеология сол кезеңде қандай болғандығы мен таныстық. Әр туынды өзінің авторының не айтқысы келгені туралы баяндап тұр. Көрмеде Пономаренко Г.Г.-ның «Қорғасын зауыты» мен Барайсов М.-нің «Шымкент химфарм зауыты» картиналарынан басқада суретшілердің қызықты әрі тарихқа толы, қазақ даласы және оңтүстік өңірінен сыр шертетін туындармен таныса аласыздар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оңтүстік Қазақстан облысы Мәдениет басқармасының Бейнелеу өнері музейі, <https://ticketon.kz/> Мынау сілтемеде: <https://ticketon.kz/kz/shymkent/event/muzey-izobrazitelnogo-iskusstva-upravleniya-kultury>
2. Шымкент қорғасын зауыты, Деректер мына мақаладан алынған; Мадали Найманбаев, История Чимкентского свинцового завода апрель 2010 года PS. Некоторые сведения из этой статьи в 2011 году были включены в книгу «История цветной металлургии Казахстана», Алматы, изд-во «Торт Борі», - 563 с. Мынау сілтемеде: https://kk.wikipedia.org/wiki/Шымкент_қорғасын_зауыты 07 мамыр 2022ж.

3. Автор: Мухатжанова Жанна, Парк металлургов, <https://welcome.kz/ru/info> Мынау сілтемеде: <https://welcome.kz/ru/info-cities/shymkent/park-metallurgov> 3 қыркүйек 2024ж.

4. Шымкент химия-фармацевтикалық зауыты, <https://kk.wikipedia.org/w> Мынау сілтемеде: https://kk.wikipedia.org/wiki/Шымкент_химия-фармацевтикалық_зауыты 18 қараша 2013ж.

5. Керімбай С., Нәби Ә.: Қаныш және Ғылыми майдан 2024г, ISBN9786018117923 Количество страниц 456

6. Бегалина Ж., «Қаныш және ғылыми майдан» . 4-бөлім. Түйешіден бұрғышыға. Аштық пен азап. Қайсар команда. Деректер мына кітаптан алынған: Керімбай С., Нәби Ә.: Қаныш және Ғылыми майдан 2024г, ISBN9786018117923 Количество страниц 456 Мынау сілтемеде: https://youtu.be/1_kQoizOkkw 7 қараша 2024ж.

Referens liste:

1. Museum of Fine Arts of the Department of culture of South Kazakhstan region, <https://ticketon.kz/> on this link: <https://ticketon.kz/kz/shymkent/event/muzey-izobrazitelnogo-iskusstva-upravleniya-kultury>

2. Shymkent lead plant, data are taken from this article; madali Naimanbayev, history of the Chimkent mining plant April 2010 PS. Certain countries from this article in 2011 were included in the book "history of color metallurgy of Kazakhstan", Almaty, izd-in "cake Bori", - 563 pages. https://kk.wikipedia.org/wiki/Шымкент_қорғасын_зауыты May 07, 2022

3. Author: Mukhatzhanova Zhanna, Park metallurgov, <https://welcome.kz/ru/info> here is the link: <https://welcome.kz/ru/info-cities/shymkent/park-metallurgov> September 3, 2024

4. Shymkent chemical and pharmaceutical plant, <https://kk.wikipedia.org/> w here is the link: https://kk.wikipedia.org/wiki/Шымкент_химия-фармацевтикалық_зауыты November 18, 2013

5. Kerimbay S., Nabi A.: Kanysh and the scientific front 2024g, ISBN9786018117923 Collective page 456

6. Begalina zh., "Kanysh and the scientific front". Part 4. From camel to driller. Hunger and suffering. A tenacious team. The data are taken from the following book: Kerimbay S., Nabi A.: Kanysh and the scientific front 2024g, ISBN9786018117923 Kolichestvo page 456 in the following link: https://youtu.be/1_kQoizOkkw November 7, 2024

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Бекбулатов Атабек Әлібекұлы - «7М02172-Өнертану» мамандығының 2-курс магистранты, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы, 8-705-622–23–63. Bekbulatov1995@list.ru

FTAXP: 7.067:003.62

<https://orcid.org/0000-0002-7176-9971>

<https://orcid.org/0009-0004-5651-2678>

<https://orcid.org/0009-0002-2935-6142>

Умралиева Л.М. *, Умиралиев М.М., Оралбек А.Қ.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

«ТАЙҚАЗАН» КАРТИНАСЫ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

***Автор-корреспондент:** Lauraumralieva@mail.ru

Түйін: мақалада «Тайқазан» картинасының ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылық тұрғысында өлшемдері негізделген, ел өнерінің дамуы мен егеменді ел мәдениетіндегі орны анықталған, көркемдік өлшемдер көрсеткішіне, арт нысанның идеясы, композициясы, түстік шешімдері, бейнелеу әдісі, даралық өлшемдері, орындалу техникасы қарастырылған. Шығарманың арт білім берудегі мәнінде шығарманы білімгерлерге таныстыру барысында пішінқұрау, композиция, перспектива, жарықтану, тұстану, симметрия, ритм ұғымдарын қолдану арқылы ашылатындығы сипатталған. Туындының тәрбиелік мәнінде жас ұрпаққа отандық өнер туралы түсінік беру, мәдени құндылық ұғымын қалыптастыру, білім алушыларды елжандылық сезімдерін арттыру мүмкіндіктерін ашу. Тәжірибелік зерттеудің жаңашылдығы, яғни бейнелеу шығармасының көркемдік өлшемдері қатарына тарихи шындықтың қосылуы, қазақ бейнелеу өнері мен көркем мәдениетіндегі «Тайқазан» кескіндемелік картинасының өнертанымдық орнының ашылуы қарастырылған.

Кілт сөздер: кесене, сәулет ескерткіші, мәдени мұра, арт білім, виртуалдық музей әдісі

МРНТИ: 7.067:003.62

<https://orcid.org/0000-0002-7176-9971>

<https://orcid.org/0009-0004-5651-2678>

<https://orcid.org/0009-0002-2935-6142>

Умралиева Л.М.*, Умиралиев М.М.,* Оралбек А.Қ.

старший преподаватель ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

старший преподаватель ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

преподаватель ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

КАРТИНА «ТАЙКАЗАН» - НАЦИОНАЛЬНАЯ КУЛЬТУРНАЯ ЦЕННОСТЬ

***Автор-корреспондент:** Lauraumralieva@mail.ru

Аннотация: В статье обоснованы критерии картины «Тайказан» в контексте национальной художественной творческой культурной ценности, определены развитие и место искусства страны в культуре суверенного государства, рассмотрены художественные критерии, идея арт-объекта, композиция, цветовые решения, метод изображения, критерии индивидуальности, техника исполнения. Описано, что произведение раскрывается в художественном образовании с помощью понятий формообразования, композиции, перспективы, освещенности, цветоведения, симметрии, ритма при презентации произведения обучающимся. Воспитательная ценность произведения заключается в том, чтобы дать подрастающему поколению представление о отечественном искусстве, сформировать понятие культурной ценности, раскрыть возможности повышения у обучающихся чувства патриотизма. Новизна экспериментального исследования, т. е. включение исторической реальности в число художественных критериев изобразительного произведения, открытие искусствоведческого места живописной картины «Тайказан» в казахском изобразительном искусстве и художественной культуре.

Ключевые слова: мавзолей, памятник архитектуры, культурное наследие, арт-образование, виртуальный музейный метод

IRSTI: 7.067:003.62

<https://orcid.org/0000-0002-7176-9971>

<https://orcid.org/0009-0004-5651-2678>

<https://orcid.org/0009-0002-2935-6142>

Umralieva L.M.*, Umralieva M.M., Oralbek A.K.

Senior lecturer M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Senior lecturer M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Lecturer M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

THE TAIKAZAN PAINTING IS A NATIONAL CULTURAL VALUE

***Corresponding author:** Lauraumralieva@mail.ru

Abstract: The article substantiates the criteria of the painting "Taykazan" in the context of national artistic and creative cultural value, defines the development and place of the country's art in the culture of a sovereign state, examines artistic criteria, the idea of an art object, composition, color solutions, method of representation, criteria of individuality, technique of execution. It is described that the work is revealed in art education using the concepts of shaping, composition, perspective, illumination, color science, symmetry, rhythm when presenting the work to students. The educational value of the work is to give the younger generation an idea of Russian art, to form the concept of cultural value, to reveal the possibilities of increasing students' sense of patriotism. The novelty of the experimental study, i.e. the inclusion of historical reality among the artistic criteria of a fine work, the discovery of the artistic place of the painting "Taykazan" in Kazakh fine art and artistic culture.

Keywords: mausoleum, architectural monument, cultural heritage, art education, virtual museum method.

Kіріспе

Әр халықтың көркем мәдениетте өз орны болады. Оны айқындайтын бірліктердің бірі-мәдени нысандар. Мәдени нысандар- мәдени құндылықтар. Көпшілік қауым Қожа Ахмет Ясауи кесенесін рухани-мәдени құндылықтың бірі ретінде білгенімен оның ішінде орналасқан тайқазанды және оның көркемдік өлшемдерін біле бермейді. Сонымен қатар осы тайқазанның кескіндемелік бейнесін кенеп бетіне образды бояулармен жазуын, суретші мен оның ұлттық мәдени құндылық ретінде тануды қосатын болсақ мәселе онан да көкейкесті бола түседі. Тайқазан картинасы ұлттық мәдени құндылық. XV ғасыр қазақ мәдениеті ескерткіші. Ұлы ойшыл Ахмет Ясауи кесенесінің ішіне орнатылған тарихи нысан.

Тайқазанның жалпы өнертанымдық және суретшінің іс-әрекеттерінің ерекшелік негіздерін құрайтын тұғырлар: мәдениеттанымдық, өнертанымдық, интербелсенділік, даралық тұғырлары болып табылады.

Білім әлемдік, тәрбие ұлттық негізде құрылу қажет. Өнер халыққа қызмет етеді. Өнер халықты тәрбиелейді. Өнер атрибуттарының қайбір түрі бомасын, қайбір кезде болмасын халықтың өмірі мен тұрмысынан хабар береді. Өнер арқылы алыстағы елдер өмірін көріп, терең тарихтан тағлым алуға мүмкіндік туады [1,122].

Егемен Қазақстан кезеңінде қазақ бейнелеу өнерінде тарихи кезеңдерді ашып көрсететін жаңа кескіндемелік туындылар жарық көруде. Солардың бірі Түркістандық суретші Омар Бабажановтың «Тайқазанды құю» атты картинасы. Қазақ халқының орта ғасырлық өмірі мен мәдениетінен хабар беретін тайқазан туралы ғылыми – өнертанымдық материалдарды сараптау нәтижелері тайқазан жайында бірқатар төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Тайқазан ұлттық құндылық. Орта ғасырлық өнер үлгісі. Ұлы

даланың брендтік өнер туындысы. Қайталанбас метал өңдеу шығармасы. Орта ғасырдағы кәсіптік өнер шеберлерінің озық еңбегінің нәтижесі. Өнер мен технологиялық қызметтердің интеграциялық бірлігі мен жетістігі. Ежелгі метал өңдеу шеберлерінің көркемдік шеберлік пен ұсталық қызмет деңгейлерін көрсететін өлшем бірлігі.

Қазақ мәдениетінің орта ғасырлық эталоны. Метал өңдеу технологиясының сол дәуірдегі жоғарғы көрсеткіші, озық үлгісі. Жазу мен ою - өрнектерді қатар қолданған көркемдік композиция. Тайқазан композициясы бірнеше элементтен тұрады. Олар тайқазанның көлденең бойымен орналасқан ою өрнектер. Сол ою – өрнектердің ерекшелігі көлденең сызықтар бойымен тізілген жазулармен қатар түзеп орналасқан. Тайқазан ұлы дала елінің ежелгі мәдениетінен хабар беретін және сол кездегі металды көркемдеп өңдеу технологиясын көрсететін озық туынды. Солармен қатар қазақ еліндегі металды көркем өңдеу өнерінің деңгейін көрсететін өнердегі көркемдік өлшем бірлігі ретінде қабылдауға болады. Тайқазан кеңес дәуірінде Ленинград қаласындағы Эрмитажда сақталған. Ол жақтан Қазақстан Егемендік алғаннан кейін Түркістан қаласына әкеліп, Ахмет Ясауи кесенесіне орналастырылған.



Сурет – 1. «Тайқазан» картинасы

Бұл «Тайқазан» картинасы - қазақ халқының тарихи және мәдени мұрасын бейнелейтін көркем туынды. Бұл картинада ұлттың бірлік, рухани байлық және мейірім сынды құндылықтары басты идея ретінде көрсетіледі. Картинада бейнеленген Тайқазан — XIV ғасырда Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арналған қасиетті ескерткіш, ол қазақ халқының қонақжайлық, береке мен бірлік символы болып саналады. Кескіндемелік тұрғыдан алғанда, картина композициясы дәстүрлі мәдени элементтер мен тарихи символдарды үйлестіре отырып жасалған. Көркемдік шешімінде түстердің үндестігі, жарық пен көлеңке қатынасы арқылы ұлттық рух пен киелілік сезімі берілген.

«Тайқазан» картинасы - қазақ халқының рухани мұрасын, мәдени бірлігін және тарихи тамырын бейнелейтін көркем шығарма, онда Тайқазанның символдық мәні арқылы ұлттық болмыс пен дәстүр сабақтастығы көрсетіледі.

Қазіргі кезде Түркістанға келген туристердің қызыға көретін бірінші нысаны -

А.Ясауи кесенесі болса, екінші нысан - осы кесене ішіне орнатылған даңқты тайқазан. Соңғы жылдары Түркістанның тайқазаны Қазақстанның халықтарының достығының символы ретінде ұлы дала еліне белгілі болды. Қазақстанның халықтарының ассамблеясының логотипі іспетті белгі. Тайқазан қазіргі кезде өз мәнін жоймаған шығармашылық және көлемді көркем еңбек. Түркістандық суретші Бабажанов Омардың «Тайқазан» атты кескіндеме шығармасының көркемдік идеясы - қазақ халқының орта ғасырлық мәдениетінің белгісі болып танылатын материалдық құндылық үлгісін көрсетуге арналған. Осы кезге дейін көк күмбезді Түркістанға арналып неше бір сурет көрмелері ұйымдастырылып, қаншама суреттер салынғанмен тайқазан көрінісін бейнелейтін картина қазақ бейнелеу өнерінде әлі болған жоқ. Сондықтан тайқазанды ұлттық құндылық ретінде бейнелеу алғаш рет жиырма бірінші ғасырдың екінші он жылдығында жүзеге асырыла бастады.

Бірқатар суретшілер Тайқазанды сувенир ретінде жасаса, бірқатары кескіндемелік бейнесін жасады. Тайқазанды құю картинасын ғылыми – өнертанымдық сараптау нәтижелері мынандай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: Картинаның аты – «Тайқазанды құю». Авторы – А.Ясауи атындағы Халқаралық қазақ-түрік университетінің суретшісі Бабажанов Омар. Картина тарихи жанрға жазылған. Жазу әдісі - реалистік бейнелеу. Бейнелеу техникасы – кескіндеме, майлы бояу. Бейнелеу бағыты – реалистік шығармашылық - этнографиялық бейнелеушілік шешімділік. Даралық сипаты – тарихты кезең - кезеңмен беру [2,28].

Тайқазан картинасының идеясы – орта ғасырдағы Түркістанның Қарнақ мекеніндегі тайқазан құю тарихынан үзінді көрсету. Картинаның композициясы – алдыңғы, ортаңғы және соңғы көріністерді біріктіріп тұтастай бейнелеген, үш кеңістікті шартты бөліктерден тұрады. Композициялық шешім – алдыңғы көріністе жаңадан құйылған, қалыптан шыққан тайқазанның көрінісі арқылы картина сахынасы ашылған. Шығармада қазанның барлық бөліктері мен өрнектері айқын көрініспен жазылған. Ортаңғы кеңістіктік көріністе метал қорыту пеші мен тайқазанды құюшы шеберлер қимылдары бірінің қозғалысын бірі қайталамай ерекше ұмтылыстық динамикалық көріністер тұтастығын қалыптастырған. Соңғы кеңістіктік көріністе көне ғимараттар, ат пен адамдар және табиғат бейнелерінің өзара бірлігі кеңістіктің тарихи сипатымен шынайы беруімен көз тартады [2,29].

Теориялық талдау

Материалдар мен әдістер

«Тайқазан» картинасында - адамдардың бой өлшемі мен тайқазанды салыстыру арқылы картинадағы бейнелердің кеңістік сипатын айқындай түсуге болады. Суретші Омар Бабажанов «Тайқазанды құю» кескіндеме. Майлы бояу. Кенеп. А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сурет галереясында сақталынады. Тайқазан картинасының көркемдік ерекшеліктерінің бірі бояу түстерінің құрылымы - колорит. Тайқазан картинасының колориті жылы түстерден құрамдалған.

Картинадағы түстердің өзара үйлесімді жиынтығы жылы колоритті реңдерден түзілген. Картинадағы түстердің үндестігі перспектива заңдылығына бағындырылған. Жакын кеңістіктегі формалар түстері айқын етіп беріліп, алыстағылары бұлыңғыр түстермен жазылған. Картинаның этнографиялық ой жүйесі мен тақия, шапан, белдік сынды киімдер көріністерінің ұлттық сипатын ашуда түстердің мүмкіндігі сенімді қолданылған. Суретші картинасының көркемдік ерекшеліктерінің бірі - орындау техникасы.

Картинаның орындау техникасы – майлы бояу. Кескіндемелік жазу стилін айқындайтын – заттар мен көріністердің форма ерекшеліктері мен ою өрнектері барынша айқын дәлдікпен суреттелген. Картинадағы ұсақ бөлшектер мен бояуларының қанық етіп беруі, кескіндемелік жазу стилі туынды сюжетіне этнографиялық сипат берген. Ұлттық киімдер, табиғат, аспан мен жердің Орта Азия елдеріне тән ғимараттардың элементтерін

композицияда орынды қолданылып, формалар байланысы мейлінше нақты берілген, шынайы қалпында суреттелген.

Картинаның сюжеті - ұсталардың тайказанды құю үдерісін көрсетумен басталған. Қызу жұмыс кезеңі. Метал өңдеуші шеберлер өміріндегі қауырт шақ. Картинаның алдыңғы көрінісінде қалыптан жаңа шыққан тайказанның көрінісі бейнеленген. Тайказанның түсі – сары, алтынға ұқсас. Күннің көзіне шағылысып жарқырап көрінеді. Суретшінің бұл көріністі негізгі элемент ретінде – композициялық орталыққа орналастыруы туынды мазмұнын аша түсуге мүмкіндік берген. Картинаның пәндік деңгейі – қазан мен оның бөлшектерін құю кезеңін талдап көрсетумен ерекшеленеді. Тайказанның негізгі бөлігі - қазан, онан соңғы көріністе - тұғыры және құлақтарын көрсету - бейнелеуші композиция өзегіне айналған. Картинаның эмоциялық деңгейі – орта ғасырдағы тарихи кезеңді көз алдымызға елестетуімен сипатталады [3,121].

Шеберлердің киімдері, орта ғасырдағы метал өңдеу шеберлерінің жұмыс барысында қолданатын бұйымдары мен сәулет өнерінің табиғат көріністерімен байланыста шынайы бейнелеу тәсілдерімен композициялық тұтастықта берілген. Көріністер әсері бізді орта ғасыр әлеміне барғандай сезім күшін туғызады. Тайказанның жеке бөліктерін құю сәттері картина композициясын дара-дара қайталанбас көріністермен байыта түсіп, ерекше даралық сән сипат берген. Сурет шебері негізгі көрініс түстерін қанық түсті реңдермен беру арқылы көрерменді романтикалық сезімдерге бөлеп, композицияның тарихи мәнін аша түскен.

Қазіргі кезде суретші Омар Бабажановтың «Тайказанды құю» атты майлы бояу техникасымен, кенеп бетіне жазылған кескіндеме туындысы, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сурет галереясында сақталуда. Қорыта айтқанда суретші Омар Бабажановтың «Тайказанды құю» атты кескіндеме шығармасы өзіндік бағыт бағдары қалыптасқан суретшінің ізденіс еңбегінің жемісін көрсетеді. Суретшінің тарихи жанрға жазылған шығармалары тарихты кезең кезеңдерге бөлу арқылы берумен ерекшеленеді. Бұл картина сол үлкен жүйелі еңбектің бір бөлігі терінде танылады. Туындыда реалистік бейнелеушілік - жазу әдісі ретінде алынған. Кескіндеме мен майлы бояу картинаның бейнелеу техникасы болып табылады. Реалистік шығармашылық – этнографиялық, бейнелеушілік - шешімділік – сурет шеберінің бейнелеу бағытын анықтайды [4,56].

Суретші Омар Бабажановтың «Тайказанды құю» атты кескіндеме шығармасына қарап кескіндеме шеберінің Ә. Қастеев бастаған реалистік суретшілік мектеп жалғастығы мен сабақтастығын көруге болады. Суретшінің шығармашылық биік шыңы алда. Тарихы тақырыптар бойынша сурет салу бағытын ұстанған өнер шеберінің шығармасы - қазақ бейнелеу өнерінің тарихи жанрынан көрнекті орын алатын туынды. Сонымен қатар шығарманы жастарға көркемдік білім, эстетикалық – елжандылық тәрбие беріп, ұлттық дүниетанымын арттыратын туынды ретінде бағалауға болады.

Мәдениеттанымдық тұғыры - халқымыздың ежелгі метал өңдеу дәстүрі мен тайказан ды құюдың байланыстылығы.

Ерекшелік тұғыры - үлкен көлемді метал құйма бұйымның ұлы далада алғаш рет құйылуы.

Өнертанымдық тұғыры – тайказанды метал өңдеу өнері ретінде тану өлшемдері: көркемдік идеясы, симметриялығы, шеңберлік- композициялық құрылымы, ыдыстық-сәндік функциялығы, монументтік-сәндік форма құрауы, жазулармен, өрнектермен безендірілуі.

Халықтық тұғыры - халықтың ежелгі тайказанның ыдыстық-тұтынушылық, эстетикалық- салтанаттық функциялары тұрғысынан форма құрау әдісін қолдану, метал балқыту арқылы форма құю әдісімен жұмыс жүргізу, метал өңдеу мен тұрмыстық қажеттілікті байланыстыра қарау әдісімен қазанның пішінін шығару, ою-өрнектермен көркемдік нысанды безендірудің дәстүрлі әдістері қолданылған [5,79].

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында Тайқазан картинасының ұлттық мәдени құндылық ретіндегі мәнін ашуға бағытталды. Зерттеу барысында көркемдік, тарихи және мәдени талдау әдістері қолданылды.

1. Тарихи-мәдени талдау әдісі - Тайқазанның шығу тарихы, оның қазақ мәдениеті мен рухани өміріндегі рөлі, сондай-ақ исламдық және дәстүрлі наным-сенімдермен байланысы қарастырылды.

2. Көркемдік талдау әдісі – картинадағы композиция, түстік шешім, бейнелеу тілі мен көркемдік идея талданды.

3. Салыстырмалы талдау әдісі – Тайқазан тақырыбы бейнеленген басқа туындылармен және ұлттық мәдени нышандармен салыстырылып, ортақ және дара ерекшеліктер анықталды.

4. Семиотикалық әдіс – картинадағы символдық мән мен ұлттық белгілердің мазмұндық жүктемесі зерттелді.

5. Этнографиялық әдіс – қазақ халқының салт-дәстүрі мен рухани мұрасындағы Тайқазан бейнесінің мағынасы этнографиялық деректер негізінде қарастырылды.

Зерттеу барысында қарастырылған материалдары:

✓ Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде орналасқан Тайқазан туралы тарихи деректер, музей қорларындағы мәліметтер.

✓ Кескіндеме туындысы (Тайқазан картинасы) – оның көркемдік құрылымы, бояу шешімі мен авторлық идеясы.

✓ Қазақстандық және шетелдік өнертанушылар мен мәдениеттанушылардың еңбектері, ғылыми мақалалар, каталогтар.

✓ Архивтік және әдеби деректер – Тайқазанның құйылуы, қолданылуы мен қайта оралу тарихы.

✓ Фото және бейне материалдар, сондай-ақ отандық музейлер мен көрмелерден алынған мәліметтер.

Зерттеу барысында тарихи деректер мен бейнелеу өнері материалдарына сүйене отырып, Тайқазанның мәдени мұра ретіндегі маңыздылығы жан-жақты ашылды. Бұл еңбек ұлттық мәдениетті сақтап, жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқарады. Қорытындылай келе, Тайқазан тақырыбындағы көркем туынды – ұлттық мәдениет пен тарихтың сабақтастығын бейнелейтін, халық жадында мәңгі сақталатын рухани мұра болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

✓ қолданған материалының құрамы: мыс, мырыш, болат т.б. метал қосындылар құрамымен бағалы қазба байлықтар бірлігімен құрамдалған;

✓ орындау техникасы: форма жасау, метал балқыту мен құю; өнер нысанының сыртқы бетін жазбалармен, өсімдік тектес өрнектермен безендіру;

✓ көркемдік дәстүрі - ұлы дала елінің ежелгі метал өңдеу дәстүрін жалғастырып, монументтік, көркемдік, тұрмыстық, салтанаттық функция атқаратын бұйым ретінде тәжірибеде қолданылған.

Бұл картинаның құрылымы – ұлттық мәдени мұраны бейнелеу арқылы қазақ халқының рухани құндылықтарын көркем тілмен жеткізетін туынды. Бұл шығармада көркемдік элементтердің (түстер, сызықтар, пішіндер, композиция, жарық пен көлеңке, кеңістік, фактура және ритм) өзара байланысы арқылы негізгі идея мен мазмұн тұтастық табады.

1. Композициялық құрылым - картинадағы басты нысан - Тайқазан бейнесі. Композиция орталығына орналасқан қазан - бірліктің, молшылықтың және рухани тереңдіктің символы ретінде көркем кеңістіктің негізгі өзегін құрайды. Қоршаған орта элементтері (фон, адамдар, сәулеттік көріністер немесе орнаменттік өрнектер) оның маңызын айқындау үшін екінші рөл атқарады.



Сурет - 2. «Тайқазан» картинасының көркемдік элементтерінің арақатынасын көрсетілген:

2. Түстік шешім - түстердің үйлесімі – картинаның эмоционалдық әсерін күшейтетін маңызды құрал. Қара-қоңыр, мыс және алтын түстес реңктер Тайқазанның металдық салмағы мен тарихи ескілігін көрсетсе, жылы сарғыш және қызыл түстер – ұлттық рухтың жылылығын, өміршендігін білдіреді. Суық реңктер (көкшіл, сұр) фондық тереңдік пен салтанатты тыныштық тудырады.

3. Сызықтар мен пішіндердің үйлесімі - тайқазанның дөңгелек формасы — тұтастық пен мәңгіліктің белгісі. Ол картинадағы барлық бағыттаушы сызықтарды өзіне жинақтап, көзқарасты орталыққа шоғырландырады. Пластикалық сызықтардың жұмсақ иілімдері мен нақты контурлар бір-бірімен үндесіп, заттың салмақтылығын және бейненің ритмдік бірлігін қамтамасыз етеді.

4. Жарық пен көлеңке - жарықтың түсу бағыты Тайқазанның көлемін айқындап, материалдық фактурасын сезіндіреді. Жарық көлеңке контрастары арқылы автор қазанның қасиеттілігін, оның “ішкі сәулесін” айқындайды. Бұл тәсіл символикалық тұрғыда рухани нұрдың, халық бірлігінің белгісі ретінде көрінеді.

5. Кеңістік пен перспектива - фон мен алдыңғы жоспар арасындағы арақатынас терең кеңістік сезімін береді. Тайқазан көрерменге жақын орналастырылып, артқы жоспар біршама көмескіленген. Бұл тәсіл бейненің идеялық маңызын күшейтеді және көрермен назарын негізгі нысанға бағыттайды.

6. Фактура және ритм - қазанның бетіндегі өрнектер мен бедерлер нәзік фактуралық өңдеумен берілген. Бұл ұлттық ою-өрнек элементтері картинаға ритм мен сәндік үйлесім қосады. Фактура тек материалдық қасиетті ғана емес, тарихи дәстүрдің символдық тілін де жеткізеді.

Сондықтан «Тайқазан» картинасының көркемдік элементтері өзара байланыста – композициялық орталық, түстік үйлесім, жарық пен көлеңке, пішін мен фактура арқылы идеялық тұтастық құрайды. Автор бұл элементтерді шебер біріктіре отырып, ұлттық мәдениеттің мәңгілік құндылығын – бірлік пен рухани тұтастық идеясын көркем түрде паш етеді.

Кесте –3. Кестеде тәжірибелік эксперимент нәтижесін талдау оқу үдерісіндегі мұғалімнің Тайқазан картинасы

Ерекшелік түрі	Мазмұны мен мәні
Тарихи мәні	Тайқазан – XIV ғасырдың қазақ халқының мәдени мұрасының нышаны, қасиеттілік пен бірліктің символы.
Композициялық құрылымы	Кескін орталығына Тайқазан бейнесі орналасып, айналасындағы кеңістік ұлттық рухты айқындайды.
Түстік шешімі	Жылы және қоңыр реңктер басым; металл жылтыры мен киелі нұр әсері берілген.
Символдық мазмұны	Қайырымдылық, молшылық, рухани бірлік пен тарих сабақтастығының көрінісі.
Материал және техника	Майлы бояу немесе графикалық техникада орындалған, жарық пен көлеңке үйлесімі анық.
Идеялық мазмұны	Қазақ халқының мәдени тамыры мен тарихи жадына құрмет көрсету.

Кестеде тәжірибелік эксперимент нәтижесін талдау оқу үдерісіндегі мұғалімнің Тайқазан картинасы туралы ойы мынандай мүмкіндіктерге ие болатынын көрсетілген: Тайқазан картинасын талдау барысында қолданатын заманауи инновациялық әдіс - ол виртуалдық мұражай әдісін қолдандық.

Тайқазан картинасын зерттеу нәтижелері: Тайқазан картинасы ұлттық құндылық ретінде негізделген; шығарманың көркемдік өлшемдері эмоциялық әсерінің болуымен, симметрия заңдылығын қолданумен, безендіру қағидаттарына сүйенумен, айқындалған;

Суретші О.Бабажановтың «Тайқазанды құю» туындысының арт білім берудегі мәні: бабалар өнерін көпшілікке паш етумен ашылған;

Шебердің еңбегінің тәрбиелік мүмкіндіктері: суретші мен мектепте кездесу өткізу, көрме ұйымдастыру, видео көрсетілімдер ұйымдастыру жұмыстарыменмен айқындалған.

Тайқазанды жасаудағы шеберлердің қолданған ұстанымдарында мынадай мәселелер қарастырылады: - сәндік бейнелеу стилінің сақталуы; бұйымның әсемдік сипатына басымдық берілуі; бұйымның салтанатты жиынға бірлік көзі ретіндегі қызмет ету қажеттілігі; көркемдік нысанның практикалық функциясын атқаруы қамтылады.

Виртуалдық мұражай әдісі бойынша картинаға байланысты ақпараттар видеокөрініс ретінде беріледі. Олар: А.Ясауи кесенесінің сыртқы көрінісі, тайқазанның сәндік әдісімен бейнеленген көрінісі, А.Ясауи кесенесінің ішіндегі тайқазанның жан-жағынан қарағандағы көріністері, қазанды құйып шығарған Карнак (қазіргі Атабай) елді мекенінің келбеті, суретші Омар Бабажановтың тайқазанды құю картинасы; суретшінің Тайқазан картинасын жазу үстіндегі бейнесі, картинаның жеке композициялық бөлшектерінің фрагмент түріндегі көрсетілімдері; суретшінің ізденіс кезінде салған суреттеріне анықтама жасалды.

Қорытынды

«Тайқазан» картинасы – қазақ халқының тарихи жадын, рухани бірлігін және мәдени құндылықтарын бейнелейтін көркем туынды. Бұл шығармада суретші ұлттық символдың қасиетін көркемдік тіл арқылы айқын көрсетіп, оны халықтың рухани болмысымен сабақтастырған. Тайқазан бейнесі тек көне жәдігер ретінде емес, ұлттың татулығы мен берекесінің, мейірім мен қонақжайлықтың нышаны ретінде көрініс табады. Картинаның көркемдік шешімі мен түстік үйлесімі ұлттық нақышты айқындап, дәстүр мен қазіргі өнердің тоғысын көрсетеді. Шығармада композиция мен идеялық мазмұн үйлесім тауып, қазақ халқының мәдени-рухани мұрасына деген құрмет сезімі көрініс тапқан.

Қорытындылай келе, «Тайқазан» картинасы – ұлттық мәдени құндылықтардың көркем бейнедегі айғағы, ол ұлттың тарихи тамырын жаңғыртып, қазіргі заман көрерменіне рухани сабақтастықтың мәнін жеткізетін маңызды мәдени туынды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Атабаев Қ. Қазақстан мәдениетінің тарихы. Алматы. Санат, 2010, 122б.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі қазақ өнері мен мәдениеті. Алматы. Өнер, 1985, 28-29бб.
3. Әбдіғапбарова Ұ. Қазақтың дәстүрлі мәдени мұрасы және көркем өнер. Алматы. Қазақ университеті, 2016.121б.
4. Нұрқатов А. Қазақ өнеріндегі рухани сабақтастық. Астана. Фолиант, 2018, 56б.
5. Қасиманов С. Халық мұрасы: дәстүр мен тағылым. Алматы. Рауан, 1995, 79б.

References liste:

1. Atabaev Q. Qazaqstan мәдениетінің тарихы. Almatı. Sanat, 2010, 122b.
2. Marǵulan Ä. Ejelgi qazaq öneri men мәдениеті. Almatı. Öner, 1985, 28-29bb.
3. Äbdıǵapbarova U. Qazaqtıñ дәstürli мәdeni murası jäne körkem öner. Almatı. Qazaq wnıversiteti, 2016.121b.
4. Nurqatov A. Qazaq önerindegi rwxanı sabaqtastıq. Astana. Foliant, 2018, 56b.
- Qasımanov S. Xalıq murası: дәstür men taǵılım. Almatı. Rawan, 1995, 79b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Умралиева Лаура Мухтарқызы** - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент, Қазақстан. Тел.: 8-707-474-15-42 email.ru: Lauraumralieva@mail.ru

FTAXP: 18.11
0009-0009-3236-4152
0009-0000-5365-9368

Оспанов Т.М.*, Бурибеков О.С.

Магистр, оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

Магистр, оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ӘЛЕУЕТ ЖӘНЕ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР

*Автор - корреспондент: tom_smail@mail.ru

Түйін: Мақалада виртуалды (VR) және кеңейтілген шындық (AR) сияқты иммерсивті технологияларды шығармашылық индустрия мамандарын даярлаудың білім беру процесінде қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына және дәстүрлі педагогикалық тәсілдерді жаңа жағдайларға бейімдеу қажеттілігіне байланысты. VR/AR шығармашылық ойлауды, визуалды қабылдауды, кеңістіктік модельдеуді және дизайн, сәулет, өнер, медиа және басқа салалардағы студенттердің тәжірибеге бағытталған дағдыларын дамыту мүмкіндіктері талданады. Сондай-ақ білім беру ортасына иммерсивті шешімдерді енгізудің техникалық, әдістемелік және психологиялық аспектілеріне байланысты негізгі сын-қатерлер анықталды. Отандық және шетелдік тәжірибені талдау негізінде иммерсивті технологияларды шығармашылық білім беру бағдарламаларына тиімді интеграциялау бойынша ұсыныстар тұжырымдалады.

Кілт сөздер: иммерсивті технологиялар, виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR), мамандарды даярлау, шығармашылық индустриялар, білім беру, цифрлық технологиялар, педагогикалық әдістер, білім берудегі инновациялар, оқыту технологиялары.

МРНТИ: 18.11
0009-0009-3236-4152
0009-0000-5365-9368

Оспанов Т.М.*, Бурибеков О.С.

Магистр, преподаватель. ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

Магистр, преподаватель. ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

ИММЕРСИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ТВОРЧЕСКОЙ ИНДУСТРИИ: ПОТЕНЦИАЛ И ВЫЗОВЫ

*Автор - корреспондент: tom_smail@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается потенциал применения иммерсивных технологий, таких как виртуальная (VR) и дополненная реальность (AR), в образовательном процессе подготовки специалистов творческих индустрий. Актуальность исследования обусловлена стремительным развитием цифровых технологий и необходимостью адаптации традиционных педагогических подходов к новым условиям. Проанализированы возможности VR/AR для развития креативного мышления, визуального восприятия, пространственного моделирования и практико-ориентированных навыков у студентов направлений «дизайн», «архитектура», «искусство», «медиа» и других. Также выявлены ключевые вызовы, связанные с техническими, методическими и психологическими аспектами внедрения иммерсивных решений в образовательную среду. На основе анализа отечественного и зарубежного опыта формулируются рекомендации по эффективной интеграции иммерсивных технологий в программы творческого образования.

Ключевые слова: иммерсивные технологии, виртуальная реальность (VR), дополненная реальность (AR), подготовка специалистов, творческие индустрии, образование, цифровые технологии, педагогические методы, инновации в образовании, обучающие технологии.

IRSTI: 18.11
0009-0009-3236-4152
0009-0000-5365-9368

Ospanov T.M.*, Buribekov O.S.

Master's degree teacher, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master's degree teacher, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

IMMERSIVE TECHNOLOGIES IN THE TRAINING OF CREATIVE INDUSTRY SPECIALISTS: POTENTIAL AND CHALLENGES

* The corresponding author: tom_smail@mail.ru

Abstract: The article examines the potential of using immersive technologies such as virtual (VR) and augmented reality (AR) in the educational process of training specialists in creative industries. The relevance of the research is due to the rapid development of digital technologies and the need to adapt traditional pedagogical approaches to new conditions. The possibilities of VR/AR for the development of creative thinking, visual perception, spatial modeling and practice-oriented skills among students of the fields of design, architecture, art, media and others are analyzed. Key challenges related to the technical, methodological, and psychological aspects of implementing immersive solutions in the educational environment have also been identified. Based on the analysis of domestic and foreign experience, recommendations are formulated for the effective integration of immersive technologies into creative education programs.

Keyword: immersive technologies, virtual reality (VR), augmented reality (AR), specialist training, creative industries, education, digital technologies, pedagogical methods, innovations in education, learning technologies.

Кіріспе

Қазіргі білім беру цифрлық технологиялардың әсерінен белсенді трансформация кезеңін бастан кешуде, ол ақпарат беру формаларын ғана емес, сонымен бірге білім беру процесінің құрылымын да өзгертеді. Бұл үрдіс әсіресе шығармашылық салаларға — визуализация, шығармашылық, эксперимент, сондай-ақ стандартты емес жағдайларда білімді практикалық қолдану шешуші рөл атқаратын салаларға мамандар даярлауда айқын көрінеді.

Виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR) және аралас шындық (MR) кіретін иммерсивті технологиялар білім беру ортасын жобалаудың жаңа көкжиегін ашады. Олар интерактивті, көп сенсорлы және жоғары әсерлі оқу сценарийлерін жасауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе дизайн, сәулет, сахна өнері, цифрлық өнер және медиа сияқты бағыттар үшін өте маңызды. Иммерсивті шешімдердің арқасында студенттер кеңістікті модельдей алады, 3D ортадағы нысандармен әрекеттесе алады, Виртуалды көрмелерге және шығармашылық зертханаларға қатыса алады [1,133-149].

VR/AR-дің айқын әлеуетіне қарамастан, бұл технологияларды білім беру процесіне енгізу бірқатар қиындықтармен бірге жүреді: әдістемелік әзірлемелердің жетіспеушілігінен бастап жабдықтың жоғары шығындарына дейін және оқытушыларды даярлау қажеттілігі. Шығармашылық бағыттағы мамандарды даярлау контекстінде мұндай шешімдерді біріктірудің техникалық және педагогикалық аспектілерін ескеру өте маңызды.

Зерттеу мақсаты - шығармашылық индустрия мамандарын даярлаудың білім беру процесіне иммерсивті технологияларды енгізудің әлеуетін талдау және негізгі сын-қатерлерін анықтау. Зерттеу заманауи теориялық және практикалық әзірлемелерді талдауға, сондай-ақ шығармашылық білім берудің әртүрлі салаларында VR/AR қолдану мысалдарына негізделген.

Теориялық талдау

Иммерсивті технологиялар педагогикалық және пәнаралық зерттеулердің нысаны ретінде соңғы онжылдықтарда цифрлық шешімдердің дамуына және білім беру ортасын өзгерту қажеттілігінің артуына байланысты кеңінен қолданылды. Білім беру контекстіндегі иммерсивті технологиялар деп студенттің жасанды имитацияланған немесе толықтырылған цифрлық шындыққа, оның элементтерімен белсенді өзара әрекеттесу мүмкіндігімен батыру әсерін тудыратын технологиялық құралдар түсініледі. Мұндай технологияларға виртуалды шындық (Virtual Reality - VR), толықтырылған шындық (Augmented Reality - AR), сондай - ақ аралас немесе кеңейтілген шындық (Mixed/Extended Reality-MR/XR) жатады. Бұл формалардың әрқайсысының өзіндік технологиялық ерекшеліктері бар, бірақ олардың ортақ мақсаты біріктіріледі - пайдаланушының қатысу, белсенді қатысу және тікелей тәжірибе әсерін қалыптастыру.

Педагогикада, әсіресе шығармашылық бағыттағы мамандарды даярлау саласында иммерсивті технологиялар кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудың жаңа көкжиектерін ашады. Егер дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе ауызша мәтіндік ақпаратқа немесе тегіс визуализацияға сүйенетін болса, онда VR және AR студенттерге зерттелетін объектіге сөзбе-сөз "кіруге" мүмкіндік береді: ғимараттың үш өлшемді моделін жобалау, сахналық кеңістіктегі Жарық шешімдерінің мінез-құлқын сезіну, интерактивті ортада анимация жасау немесе тіпті көлемді нысандар түрінде музыкалық шығармалармен өзара әрекеттесу. Бұл тәсіл визуалды ойлаудың, кеңістіктік қабылдаудың және есептерді шешуге креативті көзқарастың әлеуетін едәуір кеңейтеді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, білім беруде иммерсивті технологияларды қолдану белсенділік тәсілінің тұжырымдамасымен байланысты (Radianti J., Majchrzak T.A., Fromm J., & Wohlgenannt I.), мұнда оқыту субъектінің сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу процесінде ақпараттың белсенді өзгеруі ретінде қарастырылады [2,18]. Виртуалды ортаға ену белсенді іс-әрекеттің формасына айналады, онда білім алушы білімді игеріп қана қоймай, оны іс жүзінде нақты, бірақ қауіпсіз және басқарылатын жағдайларда сынайды. Сонымен қатар, конструктивистік парадигма тұрғысынан (Сорокина М.В., Петров А.Ю.), иммерсивті технологиялар тәжірибе, эксперимент және жеке оқыту траекториясын құру арқылы жеке білімді қалыптастыруға ықпал етеді [3,45-53]. Осылайша, VR / AR тек визуализация құралдарына айналмайды, бірақ толыққанды білім беру жағдайларын жасайды.

Шығармашылық индустриялар білім экономикасының ерекше сегменті ретінде мамандардан тек техникалық дағдыларды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықтың жоғары дәрежесін, пәнаралық ойлау қабілетін, эстетикалық сезімталдықты және инновациялық тәсілді талап етеді. Дәл осы жерде иммерсивті технологиялардың әлеуеті барынша толық ашылады: олар мәдени өнімдерді қабылдау мен жасау тәсілдерін кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар күрделі өнер орталарын модельдеуге, интерактивті көрмелерді жобалауға, өнер нысандарын цифрлық қалпына келтіруге немесе интерактивтілік элементтері бар арт-инсталляцияларды жобалауға мүмкіндік береді. Осылайша, иммерсивті технологиялар студенттердің заманауи цифрлық құзыреттіліктерін және жаңа форматтарда жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыра отырып, тек көмекші құралға ғана емес, шығармашылық процестің толыққанды бөлігіне айналады.

Алайда, осы бағытқа деген қызығушылықтың артуына қарамастан, әдістемелік және педагогикалық пысықтау мәселелері ашық күйінде қалып отыр. Бүгінгі таңда шығармашылық бағыттардың білім беру бағдарламаларына VR/AR интеграциясының педагогикалық тәсілдері мен әдістемелерінің қалыптасқан жүйесі жоқ. Көп жағдайда енгізу жеке курстар немесе бастамалар аясында жүзеге асырылады, бұл оқытудың тұрақты модельдерін қалыптастыруды қиындатады. Бұл ретте білім беру мекемелері арасындағы технологиялық теңсіздік, VR/AR-құралдарын меңгерген білікті педагогтардың

жетіспеушілігі, сондай-ақ оқытудың осы түрінің тиімділігін бағалау бойынша эмпирикалық базаның жеткіліксіздігі сияқты бірқатар тәуекелдер мен шектеулер бар.

Иммерсивті ортаны студенттердің өздері бейімдеу және қабылдау мәселесі маңызды болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, студенттердің бір бөлігі виртуалды платформалармен өзара әрекеттесуде қиындықтарға тап болады: кеңістіктегі бағдарсыздықтан цифрлық шаршауға дейін. Бұл тек шешімдерді техникалық нақтылауды ғана емес, сонымен қатар ойластырылған педагогикалық қолдауды, когнитивті және эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға бағытталған дидактикалық сценарийлерді әзірлеуді талап етеді. Сонымен қатар, басқа зерттеулер иммерсивті технологияның оқу мотивациясына, қатысу деңгейіне, сондай-ақ қораптан тыс ойлау қабілетіне және түпнұсқа шешімдерді табуға оң әсерін көрсетеді [4,72-78].

Осылайша, теориялық талдау иммерсивті технологиялардың болашақ шығармашылық сала мамандарын оқытуда айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетеді. Алайда, оларды толыққанды және мағыналы енгізу үшін әдістемелік негіздерді де, ұйымдастырушылық-технологиялық жағдайларды да жүйелі түрде пысықтау қажет. Педагогикалық дизайн, кадрларды даярлау, ресурстардың қол жетімділігі және мамандандырылған Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері осы салада VR/AR-ны одан әрі зерттеу мен практикалық қолданудың кілті болып табылады.

Методы исследования. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және теориялық әдістер қолданылды, соның ішінде білім берудегі иммерсивті технологиялар тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау және жалпылау, шығармашылық бағыттағы мамандарды даярлауға VR/AR енгізудің отандық және шетелдік тәжірибесін салыстырмалы талдау, сондай-ақ ашық көздерден алынған эмпирикалық деректерді жүйелеу. Сондай-ақ дизайн, сәулет және цифрлық өнер саласында иммерсивті технологияларды енгізу жағдайлары мен білім беру бағдарламаларының сипаттамаларына контент-талдау қолданылды. Алынған мәліметтер VR/AR қолданудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ олардың білім беру процесіне интеграциялануының негізгі мәселелері мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік бөлім

Шығармашылық индустрия мамандарын даярлауда иммерсивті технологияларды қолданудың теориялық ережелерін тексеру және практикалық әлеуетін бағалау үшін көркемдік-техникалық жоғары оқу орындарының бірінің дизайн және цифрлық медиа кафедрасының базасында пилоттық зерттеу жүргізілді. Зерттеуге «Графикалық дизайн», «Мультимедиялық өнер» және «Цифрлық анимация» бағыттары бойынша оқитын 2-4 курстың 48 студенті қатысты. Эксперименттің мақсаты VR/AR-технологиялардың қатысу деңгейіне, оқу материалын игеру сапасына және білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға әсерін бағалау болды.

Эксперимент аясында студенттерге дәстүрлі және иммерсивті оқыту элементтерін қамтитын модульдік курстан өту ұсынылды. Курстың тақырыптық блоктарына өнер объектісінің тұжырымдамасын әзірлеу, оның визуалды моделін құру және виртуалды ортада кейінгі презентация кірді. Бірінші кезеңде барлық қатысушылар стандартты бағдарламалық құралдарды (графикалық редакторлар, презентация форматтары) қолдана отырып тапсырмаларды орындады. Екінші кезеңде дәл осындай тапсырмалар виртуалды кеңістікте VR дулығалары мен 3D модельдеу бағдарламалары арқылы иммерсивті ортада орындалды. Бұл қабылдау, мотивация және жұмыс нәтижелеріндегі айырмашылықты бағалауға мүмкіндік берді.

Жұмыс барысында студенттердің белсенділігіне бақылау жүргізілді, қатысу параметрлері тіркелді (бастамашылық іс-қимылдар саны, командадағы өзара іс-қимылдар, оқытушыға сұрақтар), сондай-ақ кері байланыс жиналды. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау құралдары, соның ішінде студенттердің оқытудың жаңа форматына субъективті қатынасын

анықтауға бағытталған сауалнама қолданылды. Оқытушылар әр кезеңде орындалған жұмыстардың сапасына сараптамалық баға берді.

Нәтижелер иммерсивті технологияларды қолдану арқылы студенттердің қатысу деңгейі жоғарылағанын көрсетті, қатысушылардың 85% - ы виртуалды ортада жұмыс істеу дәстүрліге қарағанда әлдеқайда қызықты екенін атап өтті. Сондай-ақ, бастамашыл шығармашылық шешімдердің көбеюі байқалды: VR модельдерінде студенттер стандартты емес композициялық қозғалыстарды, көлемдік элементтерді, жарық пен кеңістіктік эффекттерді белсенді қолданды. Оқытушылардың сараптамалық бағалауы бойынша VR көмегімен орындалған жұмыстардың шығармашылық деңгейі дәстүрлі тәсілдің нәтижелерімен салыстырғанда орта есеппен 20-30% - ға жоғары болды.

